Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы

«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

# Циклограмма

## МАД топ: «Болашақ»

2024-2025 оқу жылы.

Scanned with CamScanner

**(02.09.-06.09.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай бақшасы**

**Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж** **Директор м.а ________ Жамишева Г**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі***

***«Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Алғашқы ән сабағына лайық көтеріңкі көңіл күймен, жарқын музыка үніне лайық қадаммен, музыка залына келеді.<br>Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін, алақандарының жылуын жеткізу.<br>–Міне, бүгін жазғы демалыс аяқталып, оқу іс-әрекетінің басталған күні.бір жасқа үлкейіп, өсіп, жаңа топқа келіп отырсыңдар. Қадамдарың құтты болсын, дендерің сау болып өсе беріңдер.<br>-Балалар, бүгін алғашқы білім күні. Осы кезден бастап дүниені жан-жақты тани, көре, сезіне білулерің керек. Біздің қазақ халқы кең далада жүріп, қазақтың киелі аспабы-домбырамен ұшқан құстың, табиғаттың, адамның бойындағы түрлі құбылыстарды ұғындыра білген. Күй-қазақтың ертеден келе жатқан аспаптық музыкасы.<br>**Музыка тыңдау: «Қосалқа» (Дәулеткерей).**<br>-Балалар, музыка қандай көңіл күйде жазылған?<br>-Күйді есте отырып, көз алдарыңа нені елестеттіңдер?<br>-Күй тыңдай отырып, белгілі бір оқиғаны елестетуге бола ма? Бұл күйде композитор әсем көріністі суреттеген. Сыңғырлаған қыздардың шашбауларын, сырғаларын, әсем жүрістерін суреттеген.<br>Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп, ән айту ережелерін естен шығармайық.<br>**Ән айту: «Білімің-бұлағым»** (сөзі мен муз. Т.Қоңыратбай).<br>–Білім деген сөздің өзі дүниені, әлемді, табиғатты тану, білу. Білімді адам жан-жақты адам. Сондай білімді болу қажет.<br>**Ойын: «Айгөлек»** | Балалар көңілді әуенмен залға келеді.<br><br>Балалар жазғы демалыстары жайлы әңгімелеп береді.<br>Балалар жазғы демалыстары туралы әңгімелеп алады.<br><br>Балалар музыканы тыңдап болғасын, өз жеткізуге тырысады.<br><br>Балалар білім туралы білгендерін жеткізуге тырысады.<br><br>Балалар екі топқа бөлініп, ойынның мәтінін әуенмен айта жүріп, ойынды жалғастырады.<br><br>Балалар әуенмен бірге қимылдар жасауға тырысады.<br><br>Ойынды қуана ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Білім не үшін керек екенін, білімді адам қандай болатынын. «Білім, бұлақ» деген түсініктерді.
**Игереді:** Әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.
**Меңгереді:** Халық әндерін орындай отырып, қимылды ойын ойнауды, жұптаса би қимылдарын жасау дағдыларын.

Scanned with CamScanner

09.09.-13.09.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Балдырған» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Көңілді әуенмен, музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп, аяқты жеңіл көтеріп жүгіру.<br>**Шаттық шеңберін жасау.**<br>**Әнде саламыз.**<br>**Үйренсек нотаны,**<br>**Барлығын оп-оңай,**<br>**Жаттап аламыз.** Балалар, біз сөзді оқығанда, әріптерді бір біріне қосып, байланыстырып оқимыз, ал, ән салғанда әнді нотамен айтамыз. Нота дегеніміз музыка дыбыстарын қағаз бетіне жазатын белгі. Ән нота арқылы жазылады.<br>**Музыка тыңдау: «Гүлдерайым» (қазақтың халық әні).**<br>Балалар, музыка қандай көңіл күйде жазылған?<br>**«Гүлдерайым» лирикалық ән.** Бұл арманына жете алмаған жігіттің әні. Халық өзінің жақсы көретін адамының атына, жер, суға арнап ән жазған. Бұл әндер ауызша айтылып, әнді шығарған адам ұмытылып, халық әні аталып кеткен.<br>**Дауыс жаттығуы: «До, ре, ми»**<br>**Ән айту: «Алтын күз»** әні мен сөзі: Б. Бейсенова.<br>Нота аттарын атау.<br>**До, ре, ми, фа, соль, ля, си.** Қазақ тілінде 42 әріп болса нотада 7 нота болады. Әннің мәтінін әуенге қосып үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ноталарды үйренейік» «Сольфеджио»** балаларға нота туралы мәлімет бере отырып, нотаның орналасуына қарай, нота дыбысын табуға дағдыландыру.<br>**Билер: «Жұптасу биі.** Өткен сабақтағы үйреткен қимылдарды қайталап, жаңадан келесі бөлігін жалғастырып, қорытындылау. Қиын қимылдарды көбірек жаттығу.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** Домбыра аспабымен таныстыру. Аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.<br>**Халық әні «Еркем-ай»** Сылдырмақтармен ойнау. | Балалар музыка әуенімен залға келіп шаттық шеңберін жасайды.<br><br>Балалар нота сауаты туралы мағлұмат алады. Балалар әннің не туралы айтылғанын түсініп, нота аттарын естеріне сақтауға талпынады.<br><br>Ойынды түсіне отырып, айтуға тырысады.<br><br>Балалар би қимылдарын ырғаққа сәйкес жасауға тырысады.<br>Жұптарымен бірге қимылдайды.<br><br>Аспаптарды көңілді ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Нота сауаты туралы мағлұмат
**Игереді:** Нота, нота сызықтары туралы түсініктерді..
**Меңгереді:** Нота туралы түсініктерді ұғына отырып, ойнау туралы дағдылары қалыптасады.

Scanned with CamScanner

(16.09.-20.09.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Бөбешок» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Көңілді әуенмен, музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп, аяқты жеңіл көтеріп жүгіру. Сәнді киім киіп, түрлі би билейтін адамдарды концерттен, теледидардан көріп жүрсіңдер. Оларды <u>биші</u> деп атайды. – би ұлттық би, түрлі халықтар билері болып бөлінеді.<br>**Музыка тыңдау: «Вальс, Полька, Қамажай»**<br>**Вальс**-жұптасып, үдемелі айналуда өтетін би.<br>**Полька** -жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі.<br>**Қамажай** -қазақ халқының ұлттық биі. Көбінесе аяқты шалыс баса жүріп, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, айнаға қарау секілді қимылдармен тұрмыстық қимылдар жасайды. Өткен сабақтағы әндерді еске түсіріп, қайталату. Ән айтар алдында,алдымен ережелерді еске түсірейік.<br>**Дауыс жаттығуы: «До, ре, ми»**<br>**Ән үйрену: «Көңілді балалар әні»** (Б.Дәлденбай. Е. Өтетілеуұлы), Әнде не туралы айтылған? Ән көңілді ме көңілсіз бе? Көңілді әндерді мажорлы, көңілсіз әндерді минорлы дейміз. Біздің айтқан әніміз қайсысына жатады?<br>**Ойын: «Ән салған кім?»** (А.Райымқұлова. А.Асылбек.) Балалар шеңбер құрып отырады. Бір бала шеттен, теріс қарап отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдап, кім екенін табу<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** топты үшке бөліп, біріншісіне вальс, екіншісіне полька, үшінші топқа Қамажай ырғағының қимылдарын жасату.<br>**Халық әні «Еркем-ай»** Сылдырмақтармен ойнау. асатаяқ. (Көрсету).<br>**Асатаяқ** -сілкіп ойналатын аспап. Оған әртүрлі сылдырмақты, қоңыраулы әшекейлер қадайды. | Балалар музыка әуенімен залға келеді.<br>Өткен іс-әрекет кезіндегі айтқан әндерді еске түсіру. Әндерді көңілді, көңілсіз әндерді ажыратады.<br>Дауыс тембріне сәйкес достарының дауыстарын дәл табуға тырысады.<br>Балалар әуенмен бірге би қимылдарын жасауға тырысады.<br>Ойынды түсіне отырып, айтуға тырысады. Балалар би қимылдарын ырғаққа сәйкес жасауға тырысады. Жұптарымен бірге қимылдайды. |

**Күтілетін нәтиже:**<br>
**Жаңғыртады:** Дауыс тембріне сәйкес балалардың дауыстарын ажырата біледі.<br>
**Игереді:** Вальс, Полька, Қамажай деген түсініктерді.<br>
**Меңгереді:** Түрлі би элементтеріне сай қимыл жасауды

Scanned with CamScanner

(23.09.-27.09.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Балдырған» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Көңілді әуенмен, музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп, аяқты жеңіл көтеріп жүгіру.<br>**Шаттық шеңберін жасау. Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық ау.**<br>**Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау.**<br>Балалар, жылдың қай мезгілі? Ауа-райы қандай? Табиғатта қандай құбылыстарды байқадыңдар? Күзді қалай атауға болады? Күзде жауын көп жауып, күн суытады. Күзді көбінесе **«Алтын күз»**, **«Жомарт күз»** деп атайды.<br>**Дауыс жаттығуы: Домбыра» жаттығуы. Домбыра, домбыра, Құлағын оң бұра!**<br>«Р» дыбысын анық, таза айтуға дағдыландырады.<br>**Ән айту: «Алтын күз»** (Б. Бисенова). Әнді музыка жетекшісі орындап беріп, үйретеді.<br>Енді, балалар, қазақтың киелі аспабы домбырамен танысасыңдар. Қазақтың ерте заманнан келе жатқан көне музыкалық аспабының бірі – домбыра.<br>**Музыка тыңдау «Балбырауын»** (Құрманғазы).<br>**Құрманғазы-** күй атасы дейміз.<br>Күй қалай орындалды? Көңілді ме, көңілсіз бе?<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>**Асатаяк** -сілкіп ойналатын аспап. Оған әртүрлі сылдырмақты, қоңыраулы әшекейлер қадайды.<br>**Музыкалық аспапта ойнау: «Еркемай»** | Балалар көңілді әуенмен залға келіп, шаттық шеңберін құрады.<br><br>Балалар күз туралы білгендерін әңгімелеп беруге тырысады.<br><br>Балалар әннің не туралы айтылғанын ұғып, соған орай жауап береді.<br><br>Балалар аспаппен танысып, қолдарына алып, қызықтайды.<br>Әуенге ілесіп, ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Күз құбылыстарын білуі.

**Игереді:** Алтын күз, жомарт күз, домбыра деген ұғымдарды.

**Меңгереді:** Музыкаға ілесіп, ырғақпен аспапта ойнау дағдыларын.

Scanned with CamScanner

(30.09.-04.10.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а [signature] Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Зал іші күз мезгілін бейнелейтін суреттермен безендіріледі.<br>**Ай жапырақ, сары алтын, Айналамның бәрі алтын.**<br>**Қуандырып біздерді, Сары алтын күз келді!**<br>Балалар, күз мезгілі сендерге ұнайды ма? Бәріміз күзгі баққа барайық.<br>**Марш** (Е. Брусиловский) ойналып, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Балалар, күзгі баққа да келдік! Бақ іші қандай тамаша! Сары түске боялыпты.<br>**Жұмбақ: Ағайынды бәрі, Шықса көк, Түссе сары.**<br>Бұл не? – **Жапырақ.**<br>**Музыка тыңдау** Балалар, күзгі баққа да келдік! Бақ іші қандай тамаша! Сары түске боялыпты.<br>Күзгі жапырақтарды жинап алып, көңілді әуенмен би билейік. «Күзгі ән» П.И.Чайковский) биін үйрету. Бақтағы ағаш жапырақтары желмен тербеліп, сыбырласып тұрғандай.<br>Суретін көрсету. Композитордың «Аққу көлі», «Гүлдер вальсі» және «Жыл мезгілдері» атты шығармалары бар. Ендеше «Күзгі ән» әуенінде не туралы айтатынын тыңдайық.<br>Шығарманың көңіл-күйі, сипаты қандай екен? Бұл әуеннен не сезіндіңдер?<br>**Дауыс жаттығуы: «До-Ре-Ми»** әніне жасалады. Терең тыныс алып, дауысты еркін шығаруға үйретеді.<br>**Ән айту: «Алтын күз»** (Б. Бисенова). Әнді музыка жетекшісі аспаппен сүйемелдеп үйретеді.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Әуендерді ажырата білу. Бірінші вальс, екінші полька, үшінші Қамажай әуендерін ажырата білуге дағдыландыру.<br>**Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай»** | Балалар залға келіп күзгі көріністерді тамашалайды.<br>Қуана келісіп, қатарласып, марш екпінімен жүреді.Күзгі көріністерді тамашалап, әңгімелейді.<br>Шешуі: Жапырақ.<br><br>Күзгі жапырақтармен әуен ырғағымен билейді.<br>Әуенді тыңдап,әсер алады. Мұңды, баяу, лирикалық әуен. Фраза арсында дұрыс тыныс алуды үйренеді.<br><br>Әнді хормен және жеке дауыста орындайды.<br>Әннен алған әсерлерін әңгімелейді.<br>Әуендерді ажырата біледі.<br>Әуенге ілесіп, ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Әнді бір қалыпты мәнерлеп айтуды, тыңдаған шығармасын сипаттауды.
**Игереді:** Музыканы есту арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін ажыратады.
**Меңгереді:** Әуендерді ажырата біледі.

Scanned with CamScanner

(07.10.-11.10.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | «Қазақ маршы» (А.Затаевич) ойналып, балаларға марш екпінін сезіне шеңбер бойымен жүру.<br>**Музыка тыңдау:** «Саржайлау» күйін тыңдату.<br>Балалар, күй-халық музыкасы. Күйді музыкалық аспаптарда ойнайды. Күй туралы түсінік беру.<br>**Жұмбақ: Ұзын мойын екі ішек, Қатар-қатар тепкішек.**<br>**Басып қалсаң бір-бірлеп, Күй шығады күмбірлеп.** Бұл не?<br>Күйші Тәттімбет туралы әңгімелеу. Суретімен таныстыру. Шертпе күйшінің «Былқылдақ», «Сылқылдақ», «Көш жинаған» деген күйлері бар. Үнтаспадан тыңдату. Күзгі жайлауды бейнелейтін суреттерді көрсетіп, әңгімелеу. Күйден алған әсерлерін сұрау.<br>**Дауыс жаттығуы.** «Саржайлау» күйінің әуеніне «ля» буынымен айту. Денелерін еркін, бос ұстап, дыбыстарды таза айтуға үйрету. **«Домбыра» жаттығуы.**<br>**Домбыра, домбыра, Құлағын оң бұра!**<br>**«Р»** дыбысын анық, таза айтуға дағдыландырады.<br>**Ән айту: «Күз жомарт»** (Муз. Д. Ботбаев. Сөзі: Қ. Жұмағалиев). Әннен алған әсерлерін сұрау. Неліктен күзді жомарт деген? Күзгі ауа-райы қалай суреттелген?<br>Әнді үйретіп, ля» буынымен әндете айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қазақ биі»** (Л.Мусин). Әуеніне би қимылдарын үйретеді. Ауыспалы адыммен жүргендерін, тұлғаларын түзу ұстауларын қадағалайды.<br>**Музыкалық аспапта ойнау: «Еркемай»** | Балалар шеңбер бойымен нық баса адымдап жүреді. Домбыра.<br>Күйші туралы мәлімет алады. Дауыс жаттығуларын таза, әндетіп айтады. Домбырада ойнау ишарасын жасайды. **«Р»** дыбысын анық айтуға машықтанады.<br>Сұрақтарға дұрыс жауап беруге тырысады.<br>Әнді тыңдап, мазмұнын айтуға тырысады.<br>Әннің әуеніне қосылып, «ля» буынын таза айтады. Үйренген би қимылдарын жасайды.<br>Әуенге ілесіп, ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Ұлттық музыкалық шығармаларды танып білу, ұлттық музыка аспаптардың дауысын ажыратуды, күйді тыңдап, сипатын айыруды.

**Игереді:** Әуенге сай ұлттық би қимылдарын үйреніп, еркін қозғалуы, биші, композиторлар туралы білуі.

**Меңгереді:** Әнді динамикалық белгілеріне сай айта алуы әннің мазмұнын елестете әңгімелеуі.

Scanned with CamScanner

21.10 - 27.10.2024ж. Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Жетекші балаларды «Менің елім» (Н.Назарбаев, Б.Тілеухан.) әнімен қарсы алады. Жалаушалармен жаттығу жасайтындарын айтып, орындарына тұрғызып үйретеді. «Туған жердің жырларын, Қызғалдақтай терейік. Кең өлкенің қырларын, Жүр, аралап көрейік!-деп, ақын М.Әлімбаев туған жерін осылай жырлапты. **Музыка тыңдау:** «Туған ел» Л. Хамиди әнін отырып тыңдайды. Әнді кім жазады? Ноталар қандай болады? Музыкалық дыбыс қанша нотадан тұрады? Осы ноталарды құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды сазгер дейміз. Қазақ ССР не еңбегі сіңген қайраткер, балалардың досы Латиф Хамидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л. Хамидидің жазған әндері өте көп. Оның ішінде Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар. Бала саны бойынша үлестірмелі текшелер таратылады. **Дидактикалық ойын:** «Ноталарды орналастыр». (Нота сызықтары мен ноталар) «Соль, фа, ми, ре, до, до, ре. Ән саламын өз-ге-ше»- деп әндетіп, күйсандықта тартады. Мен жаттығуды қалай орындадым,- деп сұрайды. Қолымен жоғарыдан төменге сермеп көрсетеді. Ең жоғары қай нотадан басталады? Соль нотасын мен айтамын, сендер әрі қарай жалғастырыңдар. Соль нотасын екінші сызыққа қоямыз, ал, қалғанын өздерің орналастырыңдар. **Дауыс жаттығуы:** «Жаттығамыз өзгеше» (И.Нүсіпбаев, Г.Абдрахманова). **Ән үйрену:** «Жомарт елім» (И.Нүсіпбаев, Т.Молдағалиев). **«Музыкалық аспапта ойнау: «Еркемай»** | Балалар екі қолына жалауша ұстап жүреді, сапты бұзбауға, үш қатарға бөлінуге тырысады. Балалар өлеңді тыңдайды. «Туған жер» өлеңін еске түсіріп, айтуға тырысады. Сазгер. Балалар ноталарды еске түсіреді. Қысқа. Ұзақ. Жеті нотадан тұрады. Балалар үлестірмелі текшелерді алып, жаттығуды тыңдайды. Жоғарыдан төменге. Сольдан кейін, фа, ми, ре, до. Фа, ми, ре, до. Дауыс жаттығуын бірте-бірте жоғары, біртебірте төмен айтуға үйренеді. Сызықтарға дұрыс орналастыруға талпынады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** Ноталарды сызықтарға дұрыс орналастыруды.

**Меңгереді:** Ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді.

Scanned with CamScanner

(28.10.-01.11.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а _______ Жамишева Г

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі***

***«Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Жетекші балаларды «Елім менің» әнімен кіргізеді, амандасады.<br>«Жалаумен жаттығу» - 3 қатарға тұрғызып, үлкен шеңбер жасап үйренеді.<br>Герб пен ту туралы әңгімелеп береді. Гимнді айтуды ұсынады.<br>**Музыка тыңдау: «Қазақстан жалауы»** (Д.Омаров. С. Қалиев). Балаларды отырғызып, әнді айтып береді. «Қазақстан жалауы» әнінің ырғағы қандай?<br>-Бұл әнде жоғары дыбыс бар ма, қай жерінде?<br>-Қысқа және ұзақ дыбыстар бар ма?<br>- «Паравоз ұзақ гуілдейді және қысқа дыбыс береді. Әнде де дәл солай, қысқа, ұзақ дыбыстар бар» - деп түсіндіреді.<br>**Музыкалық аспапта ойнау:** Қолдарына кішкентай таяқшалар, алдына жастықшалар береді. «Қазақстан жалауы» әнін айтады. Балаларға таяқшаны ұрғызып, ырғақты сезінуін ұсынады.<br>«Көк ас-пан-да көкпеңбек». -Қай жерінде ұзақ дыбыс бар?<br>2-3 мәрте негізгі буын, бас буын, соңғы буынды айтады.<br>-Енді ән айтып, дауысымызды жаттықтырайық.<br>**Ән үйрену:** «Елтаңбасы елімнің» (Д.Омаров. С. Қалиев): Би билейік, қозғалайық, қуанайық. Шабу, тізелерін көтеріп жүру, т.б. Жетекшінің таңдауымен қыран құстың дыбысын пайдалану. Батырлар биін үйретеді.<br>**Ойын:** «Қандай ырғақ?» | Балалар жалаушамен, жүруді, қатарға тұруды меңгереді, шеңбермен жүріп, жаттығу жасайды.<br>Өздері білетін ел, жер туралы, Отан туралы мақал-мәтелдерін айтады. Герб пен Ту туралы тақпақтар айтып береді. Әннің ырғағы орташа, салмақты.<br>Жоғары дыбыстан басталады.<br>Балалар дыбысты салады.<br>Гу-у-у-у-у- ұзақ,<br>Гу-у қысқа.<br>Балалар таяқшамен жастықшаларды ұрвп, ырғақты сезінеді.<br>Соңғы буында.<br>Дауыс жаттығуын жасап, ән айтуға тырысады.<br>Әнді бірге айтып үйреніп, оған қоса қимылдарды да жасауға тырысады. Балалар ұрмалы аспаптарда қызыға ойнайды. Балалар ойынға белсене қатысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы тыңдап, ұзақ, қысқа, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырату.

**Игереді:** Жалаушамен жаттығуды музыкамен жүріп жасау, музыканы тыңдап, жалаушаны көтеру. Таяқшамен ырғақты сезініп, қағуды үйрену.

**Меңгереді:** Музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасауды.

Scanned with CamScanner

(04.11.-08.11.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Жетекші балаларды «Елім менің» әнімен кіргізеді, амандасады.<br>**Музыка тыңдау:** «Туған ел» әнін Л. Хамиди отырып тыңдайды.<br>Әнді кім жазады?<br>**Дидактикалық ойын:** «Ноталарды орналастыр». Ноталар қандай болады? Музыкалық дыбыс қанша нотадан тұрады? Осы ноталарды құрастырып, ән, шығармаларды жазатын адамды сазгер дейміз. Қазақ ССР не еңбегі сіңген қайраткер, балалардың досы Латиф Хамидидің суретін көрсетіп, таныстырады. Л. Хамидидің жазған әндері өте көп. Оның ішінде Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған, тағы да көптеген әндері бар.<br>(Нота сызықтары мен ноталар)<br>«Соль, фа, ми, ре, до, до. Ән саламын оз-ге-ше»- деп әндетіп, күйсандықта тартады.<br>Мен жаттығуды қалай орындадым,- деп сұрайды. Қолымен жоғарыдан төменге сермеп көрсетеді. Ең жоғары қай нота?<br>- Соль нотасын мен айтамын, сендер әрі қарай жалғастырасыңдар.<br>-Соль нотасын екінші сызыққа қоямыз, ал, қалғанын өздерің орналастырыңдар.<br>**Дауыс жаттығуы:** «Жаттығамыз өзгеше» (И.Нүсіпбаев, Г.Абдрахманова).<br>**Музыкалық аспапта ойнау: «Еркемай»** | Балалар жалаушамен, жүруді, қатарға тұруды меңгереді, шеңбермен жүріп, жаттығу жасайды.<br>«Туған жер» өлеңін еске түсіріп, айтуға тырысады.<br>Сазгер.<br>Балалар ойынға белсене қатысады.<br>Балалар ноталарды еске түсіреді.<br>Қысқа. Ұзақ.<br><br>Жеті нотадан тұрады. Жоғарыдан төменге.<br>Сольдан кейін, фа, ми, ре, до.<br>Фа, ми, ре, до.<br>Дауыс жаттығуын бірте-бірте жоғары, бірте-бірте төмен айтуға үйренеді.<br>Сызықтарға дұрыс орналастыруға талпынады.<br>Әуенге ілесіп, ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды.
**Игереді:** Ноталарды сызықтарға дұрыс орналастыруды.
**Меңгереді:** Ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді.

Scanned with CamScanner

(11.11.-15.11.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Балалар педагогпен бірге келеді, Әртүрлі ырғақты қимылдарды жасатып, жаттықтыру. Жетекші: Сә-ле-мет-сіз-дер ме ба-ла-лар!-деп, амандасады. Балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманның жіңішке, жуан, сабырлы да, ақырын, көңілді, көңілсіз жолдары болады екен. Олай болса, қысқы орманға аттанайық. Оған баруымызға бізге музыка көмектеседі. **Музыка тыңдау:** 1. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасы. 2. Қ.Шілдебаевтың «Жаңа жыл» әні. 3. Қ.Қуатбаевтың «Балдырғандар» маршын тыңдатады. Шығармалардың сипаты ауысқанда, әртүрлі қимылдар жасап жүру керегін үйретеді. П.И.Чайковскийдің «Желтоқсан» шығармасында, біз қандай жолмен жүрдік? Жарайсыңдар, балалар, орманда ешкім қалып қойған жоқ па? -Балалар, қысқы орманның жаңғырған дыбысы өте таза, - деп, балаларды шеңберге тұрғызып, «Музыка жаңғырығы» жаттығуын жасауды ұсынады. (М.Андреева.) Балалардың орман құбылысына көңіл бөлуін сұрайды, (кішкентай шыршаны алдын-ала дайындап қояды.) «Шырша» әнін айтады. Әннің жылдам, көңілді әуенін үйрене отырып, ырғақтың суреттеріне мән бере, таза айтуға дағдыландырып, дыбыс биіктігін ажырата білуін ұсынады. **Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Еркемай»** | Балалар залға еркін кіріп жеңіл би ырғақтарына жаттығып, үйренеді. Сә-ле-мет-сіз бе! Балалар музыканың сипатын, тембрін есіне түсіруге тырысады. «Желтоқсан» шығармасында «вальс» ырғағымен жүруге тырысады. «Жаңа жыл» әнінде орындыққа отырып, қолдарын, оңға-солға бұлғайды. «Балдырғандар» маршын тыңдап, ырғағын қағады. «Вальс»-сабырлы, «Балдырғандар» маршы-көңілді. «Жаңа жыл»-әсерлі. Балалар шеңберге тұрып, дауыс жаттығуын айтады. Әннің көңілді, жылдам, ырғақтарына мән беріп таза айтуға тырысады. Дыбыс биіктігін ажыратуға талпынады. Әуенге ілесіп, ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы тыңдап, ұзақ, қысқа, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырату.

**Игереді:** Жаттығуды музыкамен жүріп жасау, музыканы тыңдау.

**Меңгереді:** Музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасауды.

Scanned with CamScanner

(18.11.-22.11.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж    Директоры м.а Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балалар педагогпен бірге келеді, Әртүрлі ырғақты қимылдарды жасатып, жаттықтыру.<br>**Жетекші:** Сә-ле-мет-сіз-дер ме ба-ла-лар!-деп, амандасады.<br>Балалар, айтыңдаршы, ненің дыбысы шығып жатыр? (Аязата мұздармен ойнайды, ұлпалар ұшады, қыраулар қатады). Балаларды тұрғызып, тыныс жаттығуына шақырады. Әуеде ұшқан ұшқындарды қағып алып, тыныс шығарамыз.<br>**Музыка тыңдау**: «Жаңа жыл» (Қ.Шілдебаев, Е.Елубай).<br>–Әнді тыңдағанда қандай көңіл-күйде отырдыңдар?<br>-П.И.Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасын тыңдап, салыстырып көрейік. Қандай ерекшеліктері бар? Қандай дыбыстарды естисіңдер?<br>-«Жаңа жыл» әнінен қандай айырмашылығы бар?<br>-Қыста суық, боран болғанда қандай дыбыстар шығады?<br>-Енді «у» деген дыбысқа глиссандо жасап үйренейік. Глиссандо жоғары дыбыстан төменгі регистрге дейін «у» дыбысына түседі. Екі рет «о» дыбысына түседі.<br>Енді дыбыстарды үзіп-үзіп айтуға тырысайық.<br>**Дауыс жаттығуы**: «Қыс».<br>**Ән үйрену:** «Акша қар» (Е.Өміров, Қ. Жәленова) әнін айтып үйренуді ұсынады. әнді орындап береді, қандай сипатта екенін сұрайды.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Полька» (А.Филиппенко). | Балалар залға еркін кіріп жеңіл би ырғақтарына жаттығып, үйренеді.<br>Сә-ле-мет-сіз бе! Балалар музыканың сипатын, тембрін есіне түсіруге тырысады.<br>Көз алдарына қыс құбылыстарын елестетуге тырысады. тыныс жаттығуын дұрыс жасауға тырысады..<br>Балалар «Қыс» жаттығуын,<br>«Жаңа жыл» әнін айтуға талпынады.<br>Көңілді отырдық. «Қаңтар» шығармасын тыңдайды.<br>«Жаңа жыл» әнін дауыстап айтады.<br>Балалар әнді тыңдап, сипатын ажыратуға тырысады.<br>У-у-у-у-у, «О» дыбыстарына глиссандо жасауға тырысады.<br>О-о-о-оо, «У» дыбыстарын үзіп айтуға тырысады. талпынады.<br>Әуенге ілесіп, ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін ажырату, әннің ырғағын сақтау.

**Игереді:** Музыка мен дауыс жаттығуларын айтуды, глиссандо жасауды, үзіп айтуды. Шығарманы дұрыс табуды.

**Меңгереді:** Вальс ырғағымен жүруді, сезіне билеуді.

Scanned with CamScanner

«»(25.11.-29.11.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жаминева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балалар педагогпен бірге келеді, Әртүрлі ырғақты қимылдарды жасатып, жаттықтыру.<br>**Жетекші:** Сә-ле-мет-сіз-дер ме ба-ла-лар!-деп, амандасады.<br>Жетекші балаларды қарсы алып, «Сәлемдесу жаттығуын» жасайды.<br>**Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл» (Қ.Шілдебаев, Е.Елубай).<br>–Әнді тыңдағанда қандай көңіл-күйде отырдыңдар?<br>-«Марш» пен «Полька» ырғақтарын есімізге түсірейік,-деп, шығармаларды тыңдатып, ауыстырады. Балалардың өз еркімен музыканы тыңдап, ажыратуына, билеуіне ерік береді. А.Вивальдидің «Қыс» концертін үнтаспада тыңдатып, шығарманы сипаттап беруді ұсынады.<br>**Дауыс жаттығуы:** «Қыс».<br>**Ән үйрену:** «Қыс қызығы» әнін орындап беріп, 2-3 рет қайталатып, үйретеді. **Ойын: «Ән салған кім?»** (А.Райымқұлова. А.Асылбек.) Балалар шеңбер құрып отырады. Бір бала шеттен, теріс қарап отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдап, кім екенін табу.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Полька» (А.Филиппенко).**<br>**Ойын: «Жылдам құрастыр».**<br>Балалардан, дайын қиылған «Аязата», «аққала», «шырша» ойыншықтар араласып жатқан сандықшаны ашуды сұрайды. Әуен аяқталғанша бітіріңдер» деген тапсырма береді. | Балалар залға еркін кіріп жеңіл би ырғақтарына жаттығып, үйренеді.<br>Сә-ле-мет-сіз бе<br><br>«Марш» пен «Полька» ырғақтарын ажыратуға тырысады. балалар жайғасып отырып, , тыңдайды, естеріне түсіреді. Сипаттап айтуға тырысады. (жігерлі, ашулы, аязды.)<br><br>Әуенге ілесіп, ойнайды.<br><br>Балалар сандықшаны ашып, қиындыларды еденге жайып тастап, музыканы тыңдай отыра, құрастыруға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы қызығып тыңдауды, сипатын ажыратуды.

**Игереді:** Музыкамен дауыс жаттығуын айтуды. «Қандай толқын» дидактикалық ойынын ойнауды.

**Меңгереді:** Музыканы тыңдап, «марш», «полька», «вальс» ырғақтарына еркін қимылдауды.

Scanned with CamScanner

(09.12 - 13.12.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а. Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Жетекші балаларды қарсы алып, «Сәлемдесу жаттығуын» жасайды. -«Марш» пен «Полька» ырғақтарын есімізге түсірейік,-деп, шығармаларды тыңдатып, ауыстырады. Балалардың өз еркімен музыканы тыңдап, ажыратуына, билеуіне ерік береді. А.Вивальдидің «Қыс» концертін үнтаспада тыңдатып, шығарманы сипаттап беруді ұсынады.<br>**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады?» «Қыс» (Б.Ерзакович). Бұл жұмбақ өлең қыс көрінісін суреттейді.<br>**Дауыс жаттығуы:** «Қыс».<br>**Ән үйрену:** «Қыс қызығы» әнін орындап беріп, 2-3 рет қайталатып, үйретеді.<br>**Әуенді-ырғақты қимылдар:** «Теңіз» 2-3 рет қайталату.<br>**Ойын:** «Жылдам құрастыр». Балалардан, дайын қиылған «аққала», «Аязата», «шырша» ойыншықтар араласып жатқан сандықшаны ашуды сұрайды. Әуен аяқталғанша бітіріңдер» деген тапсырма береді.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Полька» (А.Филиппенко).** | Сәлемдесу жаттығуына» қосылады.<br>«Марш» пен «Полька» ырғақтарын ажыратуға тырысады. балалар жайғасып отырып, , тыңдайды, естеріне түсіреді.<br>Сипаттап айтуға тырысады. (жігерлі, ашулы, аязды.)<br>Балалар шеңберге тұрып, дауыс жаттығуын айтады.<br>Әнге қосылып айтуға тырысады.<br>Шығарманы тыңдап, бірнеше толқынды текшелерден таңдап көрсетуге талпынады. Балалар толқынды жақсы меңгеруге, әнді мәнерлеп айтуға тырысады.<br>Балалар сандықшаны ашып, қиындыларды еденге жайып тастап, музыканы тыңдай отыра, құрастыруға тырысады.<br>Әуенге ілесіп, ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы қызығын тыңдауды, сипатын ажыратуды.

**Игереді:** Музыкамен дауыс жаттығуын айтуды. «Қандай толқын» дидактикалық ойынын ойнауды.

**Меңгереді:** Музыканы тыңдап, «марш», «полька», «вальс» ырғақтарына еркін қимылдауды.

Scanned with CamScanner

(02.12 - 06.12.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балалар педагогпен бірге келеді, Әртүрлі ырғақты қимылдарды жасатып, жаттықтыру.<br>**Жетекші:** Сә-ле-мет-сіз-дер ме ба-ла-лар!-деп, амандасады.<br>Балаларды музыка залына көңілді қарсы алады.<br>-Балалар айналаға көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар?<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс сендерге несімен ұнайды?<br>**Аяз қысып, Қарға омбығып,**<br>**Өрнек сызып, Бет домбығып,**<br>**Терезені торлайды. Балдырғандар ойнайды.**<br>**–Балалар бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр?**<br>**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады?» «Қыс» (Б.Ерзакович). Бұл жұмбақ өлең қыс көрінісін суретейді.<br>**Дауыс жаттығуы:** «Қыс».<br>**Ән үйрену:** «Айнала аппақ қар» (И.Мамақов, Қ.Ыдырысов).<br>**Әуенді-ырғақты қимылдар:** «Көңілді балалар» (Литва халқының әуені.) Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау.<br>Би: «Қояндар биі» (Билеп үйренейік»).<br>Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау. Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Полька» (А.Филиппенко).** | Балалар залға еркін кіріп жеңіл би ырғақтарына жаттығып, үйренеді.<br>Сә-ле-мет-сіз бе<br>Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді.<br>Балалар жұмбақ өлеңге жауап айтады.<br>Қыс көріністер туралы түсініктерін жеткізеді. Қыс<br>Ән туралы, қыс көріністері туралы әңгімелеуге тырысады.<br>Балалар көңілді әуенге ілесіп ырғақпен қимылдар жасауға тырысады.<br>Қояндардың қимылдарын естеріне түсіре отырып би үйренеді.<br>Әуенге ілесіп, ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады: :** Қыс көріністерін суреттеп айта білулері керек.

**Игереді:** Зырлаймыз, тыңдаймыз, төтеп беру сөздерін түсінеді.

**Меңгереді:** Би қимылдарын, әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

Scanned with CamScanner

(23.12 - 27.12.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы
Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а: Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

***«Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Балаларды музыка залына көңілді қарсы алады.<br>Айналамда ұшып жүр, Ақ мамық қар себелеп.<br>Қалт-құлт еткен бейне бір, Ақ қанатты көбелек.(З.Шүкіров). Балалар айналаға көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар?<br>Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс сендерге несімен ұнайды?<br>Аяз қысып, Өрнек сызып,Терезеңді торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Балдырғандар ойнайды. Балалар бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр?<br>**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады?» «Қыс» (Б.Ерзакович).<br>Бұл жұмбақ өлең қыс көрінісін суретейді. Сазгер жылдың төрт мезгіліне арнап жұмбақ өлең жазған әр мезгілді өлеңге қосып жұмбақтаған. Ән айту өткен әндерді қайталау.Әнді айтқанда айқайламай, бірін-бірі тыңдап, дем алғанда иықты көтермей айту.<br>**Дауыс жаттығуы:** «Қыс» (Н.Аманжолов).<br>**Ән айту**: «Айнала ақша қар» (И.Мамақов, Қ.Ыдырысов).<br>**Қимылды ойын:** «Көңілді балалар» (Литва халқының әуені.) Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Біз өмірдің гүлміз» (Б. Ғизатов.) әнінің әуеніне аспаптарда ойнап үйрету. | Балалар көңілді әуенмен залға келеді.<br>Өлеңді тыңдап, не айтылғанын түсінеді.<br>Балалар жұмбақ өлеңге жауап айтады.<br>Қыс көріністер туралы түсініктерін жеткізеді.<br>Қыс.<br>Балалар өткен әндерді еске түсіріп айтады.<br>Ән туралы, қыс көріністері туралы әңгімелеуге тырысады.Балалар көңілді әуенге ілесіп ырғақпен қимылдар жасауға тырысады.<br><br>Әуенге ілесіп, ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әуенге сай аңдардың музыкасын ажырата біледі..

**Игереді:** Музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын бейнелей білуді

**Меңгереді:** Әр анға тән музыка бойынша қимыл-қозғалыс дағдыларын.

Scanned with CamScanner

(16.12 - 20.12.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а ______ Жамилева Г

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі***

***«Балапан» Ортаңғы топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды жылы шыраймен қарсы алу, амандасу. Ортаға кішкентай шырша қойылады. «Шыршы жыры» әнімен балаларды сергіте жүруге, секіруге, қол ұстасып шеңбермен жүруге шақырады. Ән ырғағы мен мәтінді тыңдап, қимылдар жасауды сұрайды. Балаларға әуенмен жұмбақ жасыру тәсілін түсіндіреді. Баспалдақ арқылы дыбыстар жоғары көтеріледі және төмен түседі, қайталанады. Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ» Жоғары, төмен дыбыстарға арналған. Тыныс алу жаттығуын ойын арқылы көрсету Жұмбақ-жаттығуы: «Аққала»<br>Ойлаңдар да ойнаңдар, Сәбіз мұрын кімде бар?<br>Шелек киген басына, Айтыңдаршы балалар!<br>–Сонымен ол кім болды екен? Аққала: Балалар мен еріп бара жатырмын, маған көмектесіңдерші! «Аязата» әнін айту. «Аққала» әуені ойналып, балаларға әуені мен қимылы үйретіледі, көрсетіледі. Кез-келген баланы ортаға шығарып, Аққала кейпінде ойнауға шақыру. Әннің соңы жылдам музыкаға айналады.<br>Жылдам музыкамен көңілді жүгіреміз, қашамыз, тоқтағанда қозғалмай қатып қалу керек . Балаларға келесі ойын шартын түсіндіру. «Аққаланы кім жылдам киіндіреді?» | Балалар залға көңілдене келеді Балалар әнді тыңдай жүріп, жетекшіге қарап қайталайды. би қимылдарын жасауға талпынады. Баспалдаққа қарап, дыбыстардың төменнен жоғарыға қарай айтатынын түсінуге тырысады.<br><br>Аққала.<br><br>Жаттығуды қайталап айтуға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы тыңдауды, дыбыстарды таза айтуды.

**Игереді:** Дыбыс жаттығуын, баспалдақпен дыбыстарды жоғары-төмен айтуды.

**Меңгереді:** Мәтініне қарай қимылдарды тыңдап жасауды.

Scanned with CamScanner

[illegible]

Музыка жетекшісі: Тлеукулова [illegible] Ж        Директор м.а ________ Жамишева Г

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы***

| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген. Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден, қисық жолдардан өтіп, орындықтарға орналасады.<br>**«Сәлемдесу жаттығуын»** жасайды.<br>Міне ескі жыл да келді Өздерің білесіңдер Жаңа жыл ғажайыптарға толы. Бізге ертеңгілікке қандай аңдар келеді? Соған орай, әрі қарай өзіміз аңдар болып айтысамыз, ойын ойнаймыз.<br>**Музыка тыңдау:** «Күлдіргіштер». П.И.Чайковский орыстың ұлы композиторы, балаларға арнап көптеген шығармалар жазған. Адам өмірінде күлкінің де алар орны ерекше. Міне айналасын күлдіріп жүретін күлдіргіштерге (клоунға) арнап, осы музыканы жазған.<br>–Музыканы тыңдағанда күлдіргіштердің іс-әрекетін елестете алдыңдар ма? Осы көңілді күймен балаларды топқа бөліп, аңдардың айтысын бейнелеу.<br>**Дауыс жаттығуы:** «Қаз» (И.Аманжолов).<br>**Ән айту**: «Аңдардың айтысы» (Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова.) Түлкінің әнін үйретіп, қимылын көрсету. Келесі топ Аю әнін айтып, әнмен қорбаңдап жүру. Тез, шапшаң қимылмен кірпінің жүрісін көрсетіп, әнін айтқызу. Аңдар хорын барлығы айтады.<br>**Қимылды ойын:** «Аю мен қояндар». Жеңіл, көңілді қояндар, ұйқыдан оянған аюдың музыкасын естігенде қаша жөнеледі.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Біз өмірдің гүлміз» (Б. Ғизатов.) әнінің әуеніне аспаптарда ойнап үйрету. | Балалар орман ішіндегі түрлі кедергілерден аттап, музыка әуенімен жүреді.<br><br>Балалар күлдіргіштер музыкасын тыңдай отырып, күлдіргіштердің іс-әрекетін елестетеді.<br><br>Әуенге ілесіп, ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әуенге сай аңдардың музыкасын ажырата біледі.

**Игереді:** Музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын бейнелей білуді

**Меңгереді:** Әр аңға тән музыка бойынша қимыл-қозғалыс дағдыларын.

Scanned with CamScanner

(23.12 - 27.12.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а ______ Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды музыка залына көңілді қарсы алады.<br>Айналамда ұшып жүр, Ақ мамық қар себелеп.<br>Қалт-құлт еткен бейне бір, Ақ қанатты көбелек.(З.Шүкіров). Балалар айналаға көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар?<br>Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс сендерге несімен ұнайды?<br>Аяз қысып, Өрнек сызып,Терезеңді торлайды. Қарга омбығып, Бет домбығып, Балдыргандар ойнайды. Балалар бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр?<br>**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады?» «Қыс» (Б.Ерзакович).<br>Бұл жұмбақ өлең қыс көрінісін суретейді. Сазгер жылдың төрт мезгіліне арнап жұмбақ өлең жазған әр мезгілді өлеңге қосып жұмбақтаған. Ән айту өткен әндерді қайталау.Әнді айтқанда айқайламай, бірін-бірі тыңдап, дем алғанда иықты көтермей айту.<br>**Дауыс жаттығуы:** «Қыс» (Н.Аманжолов).<br>**Ән айту:** «Айнала ақша қар» (И.Мамақов, Қ.Ыдырысов).<br>**Қимылды ойын:** «Көңілді балалар» (Литва халқының әуені.) Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Біз өмірдің гүліміз» (Б. Ғизатов.) әнінің әуеніне аспаптарда ойнап үйрету. | Балалар көңілді әуенмен залға келеді.<br>Өлеңді тыңдап, не айтылғанын түсінеді.<br>Балалар жұмбақ өлеңге жауап айтады.<br>Қыс көріністер туралы түсініктерін жеткізеді.<br>Қыс.<br>Балалар өткен әндерді еске түсіріп айтады.<br>Ән туралы, қыс көріністері туралы әңгімелеуге тырысады.Балалар көңілді әуенге ілесіп ырғақпен қимылдар жасауға тырысады.<br><br>Әуенге ілесіп, ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әуенге сай аңдардың музыкасын ажырата біледі..

**Игереді:** Музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын бейнелей білуді

**Меңгереді:** Әр аңға тән музыка бойынша қимыл-қозғалыс дағдыларын.

Scanned with CamScanner

(05.01 - 10.01.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж директор м.а: Паурызбаева Т.Қ

Тәрбиелеу - білім беру процесінің

***Сейсенбі – Бейсенбі***

***«Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды музыка әуенімен қарсы алады. Шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.<br>Жан әжемнің жанында, Тіпті рахат секілді. Айтады ұйықтар алдында, Ертегіні не түрлі. Сендер қандай ертегі білесіңдер? Оның ішінде қандай ертегіні жақсы көресіңдер? Ал енді сол ертегіні еске түсірейікші. Қандай кейіпкерлер бар? Балаларға әр кейіпкерді суреттейтін музыка тыңдатып, сол музыкаға сай қимылдар жасату. «Бауырсақ» ертегісін сахналауды ұсынады. Балалардың қалауы бойынша рөлдерге бөлу. Баяғыда кемпір мен шал болыпты. Бірде, шал кемпірінен бауырсақ пісіріп беруін сұрапты. Күй ойналып, ата мен әже әрі-бері жүріп, әженің қамыр илегенін көрсетіп, бауырсақты терезенің алдына суытып қояды. Жата-жата шаршаған бауырсақ, терезеден домалап түсіп қашады. Музыка әуенімен секіреді, жүгіреді, қашады. Қоян: Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін. Бауырсақ: Мен атамнан қаштым, Әжемнен де қаштым. Қоян сенен құтылу, Қиын емес бұл маған. Бауырсақ қашып кетеді. Ққасқыр шығып әндете: Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін. Бауырсақ: Сен мені жеме, мен ән айтып берейін. Қасқыр аңтарылып қалады.<br>Музыка жетекшісі: Қасқыр сен ренжіме, балалар сенімен ойын ойнап көңіліңді көтермек.<br>Ойын: «Қасқыр қақпан» Қасқыр түсті қақпанға, Ақырын деп шыңғырды,<br>Жортып келе жатқанда, Аяғымды сындырды.<br>Осы кезде қорбаңдап Аю келеді, алдынан бауырсақ кездеседі.<br>Аю әндете: Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін,-деп Бауырсақ қашып кетеді. Аю аузын ашып қалады.<br>Музыка жетекшісі: Аю сен ренжіме, балалармен ойын ойнаймыз. Бұлаңдап түлкі келеді.<br>Түлкі әндете: Мен сұлу түлкімін. Жәй өтпейді бір күнім, Ішінде жүремін, Айқай-шу күлкінің. Алдынан Бауырсақ кездеседі. Түлкі: Амансың ба, Қандай әдемі болып кеткенсің! Бауырсақ әндетеді.<br>Түлкі: Құлағым естімейді, қайта айтшы. Музыка жетекшісі: Балалар бауырсақты түлкі жеп қоймақшы, кәне бәріміз құтқарайық. Қалай құтқарамыз? Түлкі сен бауырсақты жеме, біз саған көңілді музыка ойнап береміз. Ән: «Жаңа жыл» әні.<br>**Қимылды ойын:** «Аю мен қояндар». Жеңіл, көңілді қояндар, ұйқыдан оянған аюдың музыкасын естігенде қаша жөнеледі<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Біз өмірдің гүліміз» (Б. Ғизатов.) әнінің әуенінс аспаптарда ойнап үйрету. | Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді. Ертегі туралы білгендерін айтады. Музыканы тыңдап, әр аңға тән музыканы атайды, жүрісін салады. Балалар өз қалаулары бойынша рөлдерді бөліп алады. Әже рөлін сомдаған бала қамыр илеп нан пісіріп, терезенің алдына қояды. Бауырсақ жеңіл музыкамен домалайды. Қоян бауырсаққа қарсы жүріп, жейтінін байқатады. Бауырсақ, әнін айтып, қасқырдан қашып кетеді. Балалар шеңберде жүріп, өлеңді айтып, қасқыр ортада аяғын ұстап, қимыл жасайды. Аю қорбаңдап жүріп бауырсақты кездестіреді. Аю балалармен ойын ойнайды. Түлкі құтыңдап келеді. Бауырсақ әнін айтады. Балалар бауырсақты түлкіден құтқарады.<br>Әуенге ілесіп, ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Балалардың ертегіні сомдай, сахналай білуі.

**Игереді:** Рөлде ойнау дағдыларын.

**Меңгереді:** Ертегіні сахналау дағдыларын.

Scanned with CamScanner

(30.12 - 31.12.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік бала[illegible]шасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а [illegible] Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды музыка залына көңілді қарсы алады.<br>Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген. Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден, қисық жолдардан өтіп, орындықтарға орналасады.<br>1.Халық «қу» деп, Қылған күлкі. Айласы көп, Бұл не? Өз құйрығын жамылып.<br>2. Жаңғақ жауған орманда, Күндіз корек айырып, Жатады кеш болғанда,<br>3. Үстің толған ине, Бірін берсең шіркін, Қадар едім түйме<br>Балалар, біз жақында ғана Жаңа жыл мерекесін тойладық. Бізге ертеңгілікке қандай аңдар келді? Сол мерекені еске түсіріп, әрі қарай өзіміз аңдар болып айтысамыз, ойын ойнаймыз.<br>**Музыка тыңдау:** «Күлдіргіштер». П.И.Чайковский орыстың ұлы композиторы, балаларға арнап көптеген шығармалар жазған. Адам өмірінде күлкінің де алар орны ерекше. Міне айналасын күлдіріп жүретін күлдіргіштерге (клоунға) арнап, осы музыканы жазған.<br>–Музыканы тыңдағанда күлдіргіштердің іс-әрекетін елестете алдыңдар ма? Осы көңілді күймен балаларды топқа бөліп, аңдардың айтысын бейнелеу.<br>**Ән айту:** «Аңдардың айтысы» (Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова.) Түлкінің әнін үйретіп, қимылын көрсету. Келесі топ Аю әнін айтып, әнмен қорбаңдап жүру. Тез, шапшаң қимылмен кірпінің жүрісін көрсетіп, әнін айтқызу. Аңдар хорын барлығы айтады.<br>**Қимылды ойын:** «Аю мен қояндар». Жеңіл, көңілді қояндар, ұйқыдан оянған аюдың музыкасын естігенде қаша жөнеледі<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Біз өмірдің гүліміз» (Б. Гизатов.) әнінің әуеніне аспаптарда ойнап үйрету. | Балалар көңілді әуенмен залға келеді Балалар орман ішіндегі түрлі кедергілерден аттап, музыка әуенімен жүреді.<br>Түлкі.Тиін.Кірпі.<br>Балалар күлдіргіштер музыкасын тыңдай отырып, күлдіргіштердің іс-әрекетін елестетеді.<br>Әуенге ілесіп, ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады: :** Әуен динамикасын, тембрін ажыратуды, лирикалық сипаттағы әндерді нақышпен орындауды.

**Игереді:** Ырғақты сезіне музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауды, лирикалық әуенді тыңдап сезінуді.

**Меңгереді:** Дауысқа көп күш түсірмей әндетуді, динамикалық белгілерді ажыратуды.

Scanned with CamScanner

(13.01 - 17.01.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

**Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж** **Директор м.а:______________Наурызбаева Т. К.**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы***

| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Балаларды музыка залына көңілді қарсы алады.<br>Айналамда ұшып жүр, Қалт-құлт еткен бейне бір,<br>Ақ мамық қар себелеп. Ақ қанатты көбелек. (З.Шүкіров).<br>-Балалар айналаға көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар?<br>–Қазір жылдың қай мезгілі?<br>–Қыс сендерге несімен ұнайды?<br>**Музыка тыңдау: «Бұл қай кезде болады?»** «Қыс» (Б.Ерзакович).<br>Аяз қысып, Қарға омбығып,<br>Өрнек сызып, Бет домбығып,<br>Терезенді торлайды. Балдырғандар ойнайды.<br>–Балалар бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр?<br>Бұл жұмбақ өлең қыс көрінісін суретейді.<br>Сазгер жылдың төрт мезгіліне арнап жұмбақ өлең жазған әр мезгілді өлеңге қосып жұмбақтаған.<br>Ән айту өткен әндерді қайталау.<br>Әнді айтқанда айқайламай, бірін-бірі тыңдап, дем алғанда иықты көтермей айту.<br>**Жаңа ән: «Айнала ақша қар» (И.Мамақов, Қ.Ыдырысов).**<br>Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әннің не туралы екенін, әннің көңіл-күйін, қандай жылдамдықта орындалғанын сұрайды. Кейбір сөздерге түсінік беру.<br>**Әуенді-ырғақты қимылдар:** «Көңілді балалар» (Литва х.әуені.) Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.<br>**Дауыс жаттығуы: «До-Ре-Ми»**<br>**Ән үйрену: «Әдепті бала»**<br>**Ойындар, хороводтар** «Сақина салу», ұлттық ойынын ұсынады. ойын шарттарының сақталуын, балалардың белсене қатысуын ескереді.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Көңілді сылдырмақтар әні»** | Балалар көңілді әуенмен музыка залына келеді.<br>Сұрақтарға ынтамен жауап береді.<br>Балалар көңілді әуенмен залға келеді.<br>Өлеңді тыңдап, не айтылғанын түсінеді.<br>Балалар жұмбақ өлеңге жауап айтады.<br>Қыс көріністері туралы түсініктерін жеткізеді.<br>Қыс.<br>Балалар өткен әндерді еске түсіріп айтады.<br>Ән туралы, қыс көріністері туралы әңгімелеуге тырысады.<br>Балалар көңілді әуенге ілесіп ырғақпен қимылдар жасауға тырысады.<br>Ойынды қызыға ойнайды.<br>Аспаптарды көңілді ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Қыс көріністерін суреттеп айта білулері керек.

**Игереді:** Зырлаймыз, тыңдаймыз, тәтеп беру сөздерін түсінеді.

**Меңгереді:** Би қимылдарын, әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын

Scanned with CamScanner

(20.01 - 24.01.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж                                    директор м.а: Наурызбаева.Т.Қ

Тәрбиелеу - білім беру процесінің

*Сейсенбі-Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды музыка залына көңілді қарсы алады.<br>П.И.Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасымен таныстырады, тыңдатады.<br>–Балалар, айтыңдаршы, ненің дыбысы шығып жатыр? (Аязата мұздармен ойнайды, ұлпалар ұшады, қыраулар қатады). Балаларды тұрғызып, тыныс жаттығуына шақырады. Әуеде ұшқан ұшқындарды қағып алып, тыныс шығарамыз.<br>**Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл» (Қ.Шілдебаев, Е.Елубай).<br>–Әнді тыңдағанда қандай көңіл-күйде отырдыңдар?<br>-П.И.Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасын тыңдап, салыстырып көрейік. Қандай ерекшеліктері бар? Қандай дыбыстарды естисіңдер?<br>-«Жаңа жыл» әнінен қандай айырмашылығы бар?<br>-Қыста суық, боран болғанда қандай дыбыстар шығады?<br>-Енді «у» деген дыбысқа глиссандо жасап үйренейік. Глиссандо жоғары дыбыстан төменгі регистрге дейін «у» дыбысына түседі. Екі рет «о» дыбысына түседі.<br>–Енді дыбыстарды үзіп-үзіп айтуға тырысайық.<br>**Дауыс жаттығуы «Қыс».**<br>**Ән үйрену «Ақша қар» (Е.Өміров, Қ. Жәленова)** әнін айтып үйренуді ұсынады. әнді орындап береді, қандай сипатта екенін сұрайды.<br>**Ойындар, хороводтар** «Көңілді балалар» (Литва х.әуені.) Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Көңілді сылдырмақтар әні»** | Балалар көңілді әуенмен залға келеді.<br>Балалар, П.И.Чайковскийдің «Қаңтар» шығармасын тыңдайды. Көз алдарына қыс құбылыстарын елестетуге тырысады. тыныс жаттығуын дұрыс жасауға тырысады.<br>Балалар «Қыс» дауыс жаттығуын, «Жаңа жыл» әнін айтуға талпынады. Көңілді отырдық. «Қаңтар» шығармасын тыңдайды.<br>«Жаңа жыл» әнін дауыстап айтады.<br>Балалар әнді тыңдап, сипатын ажыратуға тырысады.<br>У-у-у-у-у, «О» дыбыстарына глиссандо жасауға тырысады.<br>О-о-о-оо, «У» дыбыстарын үзіп айтуға тырысады.<br>Ойынды қызыға ойнайды.<br>Аспаптарды көңілді ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін ажырату, әннің ырғағын сақтау.

**Игереді:** Музыка мен дауыс жаттығуларын айтуды, глиссандо жасауды, үзіп айтуды.

**Меңгереді:** Қыс көріністерін суреттеп айтуды.

Scanned with CamScanner

(17.02 - 21.02.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай - балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директор м.а:________ Наурызбаева Т. К.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі-Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | «Балаларға «Марш» екпінімен кіріп, шеңбер бойымен жүру ұсынылады. Әуен аяқталысымен зал ішінде шашырап жүгіруді, «Марш» ойналғанда қайтадан өз орнын тауып, әуен ырғағымен жүруді ұсынады. «Вальс» (С.П.Чайковский) орындалып, балаларға жұптасып тұрып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасауды сұрайды. Әуен аяқталысымен отырып жайғасуды ұйымдастырады. Әжелеріне арналған өлең-тақпақтардан сайыс ұйымдастырылады.<br>**Музыка тыңдау: «Ақ әжем» (К.Қуатбаев, О. Әубәкіров)** әнін орындап, балалардан ән сипатын, мазмұнын әңгімелеуді сұрайды.<br>**Дауыс жаттығуы: «Әлди-әлди»** Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды.<br>Ән үйрену: «Әжетайым» (Т.Қоңыратбай, Х.Талгаров).<br>–Әже деген кім? Сенің әжең кімнің анасы? Сен әжеңді қалай қуантасың? «Әжетайым» әнінде не туралы айтылады? Сипаты, көңіл-күйі қандай?<br>**Ойындар, хороводтар** «Кешікпе» (Орыс халық әуені.) Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарын шапалақтайды. Соңғы аккорд берілгенде тұрған жерінде отыра қалады. Кім соңында қалса, сол бала айыбын өтейді.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** Ұлттық ішекті және үрмелі аспаптарды қолдану. Дауысын тыңдап, ажыратуын, көрсетулерін сұрайды. Ұнаған аспаптарын таңдап алып, оркестрмен «Сәулем-ай» халық әніне ойнату. | Балалар музыка тыңдап, екпінін сезіне нық жүреді. Әуен тоқтағанда шашырап, жан-жаққа жүгіреді. «Марш» ойналғанда өз орындарын тауып, бастапқы қимылдарды қайталап, шеңбер бойымен жәй үреді. Жұптасу биінің қимылдарын қайталайды. Сайысқа түсіп өз өнерлерін көрсетеді. Әуенді тыңдап,, нәзік, қоңыр әуенді сезініп, мазмұнын лайықты сипаттайды. Сұрақтарға жауап беріп, өз әжелері туралы әңгімелейді.<br>Дауыс жаттығуында дикцияның тазалығына,<br>а-ә, р-л, ұ-ү, дыбыстарының анық айтады.<br>Ойынды қызыға ойнайды.<br>Аспаптар дауысын естіп түрлерін ажыратып айтады. Аспаптарды көңілді ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Шығармалардың айырмашылықтарын ажыратуды , әнді динамикасын сақтап орындауды.

**Игереді:** Әнді әсерлене орындауды, ырғақтық динамикалық белгілерді қолдануды, ойын шарттарын сақтауды.

**Меңгереді:** Ән мазмұнын тыңдап әңгімелеуді, әуенге сәйкес мәнерлеп қозғалуды.

Scanned with CamScanner

(24.02 - 28.02.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директор м.а: ______ Наурызбаева Т. К.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі-Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Балаларға әртүрлі көңіл-күйдегі аналардың бейнелерін атап айтуды сұрайды) қуанышты, салмақты, сабырлы, т.б.)<br>Ал сендердің аналарың көңіл-күйде жүреді?<br>–Қуанғанда қандай болады?<br>Сендерге ренжігенде не істейді?<br>Сендерді еркелеткенде, жақсы көріп иіскегенде түрі қандай болады? Балаларға мимика арқылы көретуді ұсынады.<br>Еркелетіп баласын,<br>Аман болшы анашым.<br>**Музыка тыңдау:** «Аман болшы анашым!»<br>Бұл ән бәрімiздiң аналарымызға арналған.<br>Әннің көңіл-күйі қандай?<br>Сендерге ұнады ма?<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән үйрену:** «Анашым» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). Балаларға ән мәтіні және әуені үйретіледі.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Алтын қақпа». Ойын шартын қатаң сақтап, шапшаң қимылдауға, жұптасып, қақпа жасап тұруға дағдыландыру.<br>Өтпесін әр кеш құр, Ойнаймыз оркестр.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Айгөлек» әуеніне қоңырау, үшбұрыш, бірнеше металлофон аспаптарында ойнауды жалғастырады. Әуеннің ырғағын сезіне, өз реттіліктерін сақтауын қадағалау. | Балалар музыка тыңдап, екпінін сезіне нық жүреді.<br><br>Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.<br>Мимикамен бет-әлпетті өзгертіп, көңіл-күй түрлерін көрсетеді. Әнді зейін қойып тыңдап, әсер алады.<br>Нәзік әуенді сезініп, ойға батады.<br>Алған әсерлерін жеткізе айтып, әңгімелейді.<br><br>Ойынға ұйымшылдықпен белсене қатысады.<br>Ойынды қызыға ойнайды.<br>Аспаптар дауысын естіп түрлерін ажыратып айтады.<br>Оркестрде ойнауға қызығушылықтары артып, көңілденеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Шығармалардың айырмашылықтарын ажыратуды , әнді динамикасын сақтап орындауды.

**Игереді:** Әнді әсерлене орындауды, ырғақтық динамикалық белгілерді қолдануды , ойын шарттарын сақтауды.

**Меңгереді:** Ән мазмұнын тыңдап әңгімелеуді, әуенге сәйкес мәнерлеп қозғалуды.

Scanned with CamScanner

(03.03 - 07.03.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Жетекші балаларды көңілді қарсы алып, амандасу жаттығуын айтуды ұсынады. Дыбыстарды таза айтуды үйрету. Балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді. Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек. Қимылдарды шатаспай еске сақтау үшін, сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.<br>Б Дәлденбай өңдеген Хайләйлім балаларды жайлауға баруға шақырады. Балалармен жайлауға келдік енді демалайық деп музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады. Боталардың желісі. Е. Хасанғалиев шығармасының сипатын түсіндіреді. Еркетайым әнін жылдам көңілді сипатта орындалады Ана әлдиі асықпай сабырлы сипатта орындалады. Балалар қосыла оындауы үшін үлестірмелі төлдер картошкалары беріледі балалар музыканы тыңдап әуенді ажырата білуге дағдыландыру үйрету. Екі үш мәрте қайталау Шығарманың үзінділерін тыңдау. Төлдерді қатарласып тұрып арнайы ойнатылған музыкамен шауып барып белгіні айналып келіп орнына тұрады.<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән үйрену:** «Анашым» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). Балаларға ән мәтіні және әуені үйретіледі.<br>**Ойындар, хороводтар:** Кімге кай төл ұнайды?<br>Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп сол төлдердің дыбысталуын қимылын әр бала жеке жеке көрсетеді. Бұл ойынды жылдам ұйымдастыру керек. Өтпесін әр кеш құр, Ойнаймыз оркестр.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Айгөлек» әуеніне қоңырау, үшбұрыш, бірнеше металлофон аспаптарында ойнауды жалғастырады. Әуеннің ырғағын сезіне, өз реттіліктерін сақтауын қадағалау. | Балалар кіреді. Амандасу жаттығуын айтады. Балалар залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға тырысады.<br>Шығармаларды отырып тыңдайды.<br>Бірінші шығарманың сипаты жігерлі<br>Екінші шығарманың сипаты көңілді<br>Үшінші шығарманың сипаты сабырлы.<br>Балалар төлдер атрибутын таңдап киіп дауысын қимылын салуға тырысады.<br>Балалар ойынды жалғастырады, төлдер болып жарысады.<br><br>Ойынға ұйымшылдықпен белсене қатысады.<br>Ойынды қызыға ойнайды.<br>Аспаптар дауысын естіп түрлерін ажыратып айтады.<br>Оркестрде ойнауға қызығушылықтары артып, көңілденеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы тыңдап сипатын ажыратуды. Әнің мәтінін мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** Музыканы тыңдап, ойын арқылы төлдерді табуды.

**Меңгереді:** Музыка музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды.

Scanned with CamScanner

(11.03 - 14.03.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры: Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Төрде Наурыз дастарханы жайылған. Дастархан басында ата мен әже отырады. Мерекелік музыка қойылып, көтеріңкі көңіл-күймен келген балаларды ата мен әже екеуі қарсы алады. Ата мен әже балаларды жылы ықыласпен дастархан басына жайғастырады. Міне, бүгін Наурыз мерекесі тойланып жатыр. Мерекеде халқымыз бір-біріне деген өкпе-назын ұмытып, құшақтасып қауышады, төс қағыстырады. Бір-бірінің үйлеріне кіріп, адал астан ауыз тиеді. Қыстан аман-есен шыққан халық бүгінгі күн мен түн теңелген күні дастархан жасап тойлайды. Дастарханға құрт, ірімшік, жент, бауырсақ, неше түрлі ұлттық тағамдар қойылады. Жеті түрлі тағамнан наурызкөже жасалады. Келер жылға аман жетейік деген тілек тілейді.<br>**Музыка тыңдау: Дәулеткерейдің күйі «Қосалқа».** Бұл күйде әсем киінген ару қыз бейнеленген. Мұқият тыңдасаңдар, сырғалары сыңғырлап, шашбаулары сылдырлап, әдемі дыбыс беріп тұр. Балалар қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?<br>**Ойындар, хороводтар: «Тақия тастамақ»**<br>Ойым бар бір ойын бастамақ, Аты оның «Тақия тастамақ».<br>Мұқият болыңдар бәрің де, Ым қағып жүрмесін қас-қабақ.<br>Ақырын аспаймын, саспаймын, Шеңберді айнала бастаймын,<br>Біріңнің тұсына жеткенде, Білдірмей тақия тастаймын.<br>(Ойын екі үш рет ойналады).<br>**Ән үйрену:** Балалар өткен сабақта үйренген ана туралы, көктем туралы әндерді қайталайды. Наурыз туралы ән үйрену.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Балалар көтеріңкі көңіл күймен ата мен әже отырған жерге келеді.<br>Атамен, әжемен амандасады.<br>Наурыз туралы әңгімелерді мұқият тыңдайды.<br>Балалар ұлттық тағам туралы әңгімелерді мұқият тыңдайды.<br>Балалар наурыз туралы тақпақтарын, әндерін айтады.<br>**Дәулеткерейдің «Қосалқа».** күйін тыңдайды.<br><br>Балалар ұлттық ойын «Тақия тастамақты» ойнайды.<br><br>Балалар өткен сабақтағы үйренген әндерін орындап береді.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Наурыз мерекесі туралы, ұлттық салт-дәстүр туралы білуді.

**Игереді:** Наурыз, наурыз көже туралы түсініктерді.

**Меңгереді:** Қазақтың әндерін жеке және хормен орындауды.

Scanned with CamScanner

(17.03 - 20.03.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры: Ежанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Балаларды үнтаспада орындалған "Сарыарқа" күйімен залда қарсы алады. Балаларды әже күтіп алады. Әже арнайы ауылдан келгенін, Наурыз туралы әңгімелеп бергісі келетінін айтады.<br>-Балалар, Наурыз жаңа күн деген мағнаны білдіреді. Наурыз мерекесіне жеті түрлі дәм қосылып, наурызкөже дайындалады. Жұрт бір бірін мерекемен құттықтайды. Жастар алтыбақан құрып, ән салады, би билейді. Сендер Наурыз туралы не білесіңдер? Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Жетекші музыка тыңдауды ұсынады.<br>**Музыка тыңдау: "Қамажай" (Қазақтың халық әні).**<br>Әже: Қамажай-халық әні, біз жас кезімізде алтыбақан теуіп, осы әнді айтушы едік. Бұл әнге билеуге де болады. Айтыңдаршы балалар, ән көңілді ме көңілсіз бе? Жетекші әжеге балалардың әндерін тыңдауды ұсынады.<br>**Дауыс жаттығуы: «Көктем».**<br>**Ән үйрену: "Наурыз" (А.Досмағанбет, Ж.Мұхамеджанов).** Музыка жетекшісі әжеге арнап, осы әнді үйренетіндерін айтады. Ән көңілді, ойнақы. Наурыз тойында бір бірінің үйіне қонақтап баратыны айтылады. Балалар әжемен қосылып, бірге ән айтып үйренеді. Әнді айтып болған соң, әже балаларды ойынға шақырады. Дорбасынан ала келген сылдырмақтарды шығарады.<br>**Ойындар, хороводтар:** "Сылдырмақтар". (С. Майкапар). Балалар музыкаға ілесіп, залда еркін, ойыншықты сылдырлатып жүгіреді. Ортада әже тұрады. Әуен қайталанғанда орындарынан тұрып, ырғаққа қосылып сылдырмақты сылдырлатады. Әуен өзгергенде сылдырмақты жасырып әжеге жақындайды. Музыка соңында әже балаларды қуады, балалар қашады.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдыр-Сылдыр, Сылдырмақ»** | Балалар кіреді, амандасады.<br>Балалар залға келеді. Әжемен амандасады. Әженің әңгімесін тыңдайды.<br>Балалар әжеге наурыз туралы өздерінің білгендерін айтып беруге тырысады.<br>Балалар музыка тыңдайды.<br>Әженің сұрақтарына жауап беруге тырысады. балалар әже, ана туралы әндерін айтады. Балалар алдымен мәтінін үйреніп, содан соң әнімен айтады.<br><br>Әжемен ойын ойнайды.<br><br>Сылдырмақтарды ырғаққа ілесіп сылдырлатуға тырысады. Ойын соңында әжеден қашады.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Наурыз мерекесі туралы, ұлттық салт-дәстүр туралы

**Игереді:** Наурыз, наурыз көже туралы түсініктерді.

**Меңгереді:** Қазақтың би элементтерін, әнді жеке және хормен орындауды.

Scanned with CamScanner

(24.03 - 28.03.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ______ Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен бастайды.<br>Балаларға би қимылдарын үйретеді. Шеңбер бойымен жұптасып жүруді, өз орындарына келіп тұруды көрсетеді. Ал балалар, балалар, Саяхатқа шығайық. Ормандағы аңдарға, Көлікке мініп барайық! Балаларды отырғызып, «Вальс» Қ.Шілдебаев. шығармасын демала отырып тыңдауды ұсынады. Балаларға орман ішіндегі аялдамада кездескен ағаштарда тапсырма болатынын айтады. Бірінші кездескен аялдамадағы ағаш бұтағынан тапсырманы алады. Аюлардың вальс билеген суреті.Жетекші тапсырманы алып, үйге келгеннен кейін ашатынын айтады.Келесі аялдамадағы ағашта қояндардың билеп тұрған суреті.<br>Жетекші Балалар қояндар қалай билейді? «Көңілді би» Ө.Байділдаев шығармасын тыңдауды ұсынады. Үшінші аялдамада ағаштағы тапсырма қасқырлардың марш ырғағымен жүріп бара жатқан суреті. «Мерекелік марш» И.Леви шығармасын тыңдатады. Балалар қасқырлар қалай жүріп бара жатыр? Осымен саяхатымыз аяқталды. Ал енді балалар, суреттегі шығармалардың түрлерін айтып беріңдерші. Бірінші кездескен аялдамада аюлар қорбаңдап жүретінін, баяу вальс ырғағымен созыңқы, сабырлы сипатта билегенін түсіндіреді. Келесі аялдамада қояндар шапшаң, жеңіл секіріп, көңілді билегенін түсіндіреді. Үшінші аялдамада қасқырлар марш ырғағымен, жігерлі жүріп бара жатқанын түсіндіреді.<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән үйрену: «Бақшаға келемін» Ө. Байділда, К. Сүлейменов.**<br>**Ойындар, хороводтар:** «Бұл не?» Аңдар бейнеленген суреттерде төлдерін енелерінің қасына апарып қою, табу. Мысалы: Қонжықтың суретін алып, ана аюдың қасына қояды. Өз анасын тауып береді. (Ойын екі үш рет ойналады).<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Балалар кіреді, амандасады.<br>Балалар шеңбер бойымен жүріп, өз орындарын табуға, қимылдарды қайталап үйренуге талпынады.<br>Балалар музыканы тыңдап, шеңбермен көлікке мініп жүргендей кейіп танытуға тырысады. Балалар жайғасып отырады, музыканы тыңдайды. Балалар шеңбермен жүріп айналып келеді.<br>Қояндар көңілді билеп жатыр.<br>Шығарманы мұқият тыңдайды. Марш ырғағын тыңдайды. Қасқырлар марш ырғағымен жүріп бара жатыр.<br>«Вальс» ырғағы баяу, созыңқы, сабырлы.<br>Қояндар көңілді жеңіл биледі.<br>Балалар дауыс ырғағын маршпен жоғары төмен көтере түсіре орындайды.<br>Әнді көңілдене айтуға тырысады.<br>Балалар ойынға көңілдене қатысады.<br>Төлдерін аналарына тауып береді.<br>**Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады.** |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыкалық шығармаларды сезінуді, сипатын ажыратуды, әнді сезіне айтуды.

**Игереді:** Музыкалық шығармаға, мазмұнына бейнеленген суреттердің сипатын ажыратуды, музыкалық дидактикалық ойынды, музыканы тыңдап, төлдердің анасын табуды.

**Меңгереді:** Музыкалық шығармаларды тыңдап, ырғақтарды сезіне би қимылдарын жасауды.

Scanned with CamScanner

(31.03 - 04.04.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: <u>Тлеукулова А.Ж</u> Директоры ______ Есжанова А. Б.

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

***Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| [illegible] | Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен бастайды.<br>Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады.<br>Үнтаспада «Жануарлар әлемі» әуені ойналып, құстардың қанат қағуын көрсете жеңіл жүгіруді ұсынады. Көктем мезгілі келіп, құстар да орала бастады.<br>Ендеше, құстар туралы жұмбақ шешейік.<br>Көктемде ұшып келеді, Жаздай концерт береді.<br>Өз атын өзі шақырады, Сөйтіп күнді батырады.<br>Көктемгі тоғайға серуенге шақырады. «Полька» әуені ырғағымн балаларға «тастан секіру», «шалшық судан аттау», «бөрене үстімен жүру» қимылдарын көрсетуді ұсынады. Үнтаспадан құстардың дауысы естіледі. Құстардың даусын ажыратуларын сұрайды. Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл» (Қ.Шілдебаев, А.Асылбек) үйретіп, дұрыс тыныс алуларына, дауыс ырғақтарына көңіл бөледі.<br>Ән үйрену: «Көктем» (А.Жайымов, Қ.Сыдықов) әнін орындап, мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді. Орындау барысында, ырғақтық ерекшеліктеріне тоқталу. Дыбыс ұзақтығын алақандарымен шапалақтау арқылы көрсету.<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ойындар, хороводтар:** «Не қалай шақырады?» (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек)<br>Балаларға қарға, көкек, шымшық атрибуттары кигізіледі.<br>Ән мазмұнына сәйкес құстар әндетіп ұшады, дауысын салады.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Балалар кіреді, амандасады.<br>Балалар шеңбер бойымен жүріп, өз орындарын табуға, қимылдарды қайталап үйренуге талпынады.<br>Құстардың қанатын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, аяқ ұшымен жүгіреді.<br>Бір орында айналады.<br>Балалар тақпақты бірге қайталап, еске сақтауға тырысады.<br>Жұмбақтардың жауабын ойлана, қызыға шешіп табады.<br>Бұлбұл.<br>Көкек.<br>Тоқылдақ.<br>Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау, қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды.<br>Отырып демалуға жайғасады.<br>Құстар үнін естіп елеңдейді, қызығушылықтары артып, сүйсіне тыңдайды. Дауыстарын ажыратып, аттарын атап айтуға тырысады.<br>Әнді тыңдап, көкектің дауысына бірге қосыла әндетеді.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әннің сипатын қабылдау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әуенге сай түрлі қимылдарды орындауды.

**Игереді:** Музыка сипатына сай, әртүрлі әуендерді ажыратуды, салыстыруды, жаңа әннің мәтіндік және музыкалық мағынасын түсінуді,

**Меңгереді:** Өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды.

Scanned with CamScanner

(07.04 - 11.04.2025ж) «Ай-шах» жек[illegible]

Музыка жетекшісі . Тлеукулова А.Ж Директоры ________ Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балалар көңілді әуенмен музыка залына кіреді.<br>Санамақ айтып, көңілденуге шақырады.<br>Кел санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап,<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз.<br>Бас бармағым- атам,<br>Балаң үйрек –әжем.<br>Ортан терек- әкем,<br>Шылдыр шүмек-анам,<br>Титтей бөбек мен.<br>**Музыка тыңдау: «Жан анам»**<br>Отбасы туралы әңгімелесу. Туыстарына өлең-тақпақтар арнау. Атам маған әманда, Әдепті жан бол деген.<br>Ата сөзі санамда, Жасы үлкенге жол берем. (А.Асылбек).<br>Мейірімді апалар, Балалар одан бата алар. Қалтасына кәмпит сап, Немереге апарар.<br>Жүзімізге қараңыз, Бал күлкілі баламыз. Бізге қымбат күншуақ, Бізге қымбат анамыз. (Ф.Оңғарсынова).<br>Ең сүйікті де, бізге ең жақын адам кім?<br>Неліктен анамызды күнге теңейміз?<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән үйрену: «Екеуміз әйбат баламыз» (И.Нүсіпбаев, О.Әубәкіров).** Әнді орындап, сипаты мен көңіл-күйін, мағынасы мен мазмұны туралы сұрайды. Ән қалай орындалады? Сендер аналарыңа қалай көмектесесіңдер? Әннің мәтінін үйретіп, әуенін есте сақтау үшін ырғақты шапалақпен көрсетулерун сұрайды.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Менің туыстарым» Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, бастаушы ортада тұрып, допты кез-келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала отбасы немесе туыстары туралы өлең-тақпақ айтып, ән орындауына болады. Ойынға белсене қатысқан балаларды мадақтау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»**<br>Музыкалық аспаптар дауыстарының анық шығуын, ұстау тәсілін бақылау. | Балалар көтеріңкі көңіл-күймен би қимылдарын еркін орындап, ырғақты сезіне билейді. Шеңбер бойына тұрып, санамақты сауақтарымен көрсете, сөздерін анықтап айтады.<br><br>Ана.<br><br>Ойын барысында өздері білетін, үйренген тақпақтарын, әндерін орындайды. Доптыептілікпен қағып алуға тырысады.Өз туыстары туралы білетін өлең-тақпақ айтып, әндерін айтып, ойынды қызықты етіп өткізуге тырысады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Шығармалардың айырмашылықтарын ажыратуды , әнді динамикасын сақтап орындауды.

**Игереді:** Әнді әсерлене орындауды, ырғақтық динамикалық белгілерді қолдануды, ойын шарттарын сақтауды.

**Меңгереді:** Ән мазмұнын тыңдап әңгімелеуді, әуенге сәйкес мәнерлеп қозғалуды.

Scanned with CamScanner

(14.04 - 18.04.2025ж«Ай-Шах» жеке...шік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ________ Ежанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | «Біздің балабақша» (Б.Қыдырбаева, М.Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алады. Қанша бала, қанша қыз, Бір шоқ гүлміз, баршамыз. Ойын-күлкі ордасы, Біздің балабақшамыз. Балабақша туралы қандай тақпақ-өлең білесіңдер?<br>Балабақшада не үйренесіңдер?-деген сұрақтар қою арқылы балабақша туралы әңгімелесу. Аяғы бар жүрмейді, Ауызы бар күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. Бұл не?<br>**«Ойыншықтармен би»** Қуыршақтарды бірге қозғап, қимылдарын бірқалыпта жасауға дағдыландырады.<br>**Музыка тыңдау: «Қуыршақ мұңы» (Б.Жүсібәлиев)** әуенін тыңдауды ұсынады. әуенді тыңдатып, сипаты туралы сұрайды. Қуыршақтары туралы әңгімелеп берулерін өтінеді. «Қуыршақтар әуенін» (М.Қалғанова) тыңдатып, екі әннің ерекшеліктерін сұрайды.<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән үйрену: «Жас дәуірдің түлегіміз»** (Т. Жұмалиева, Е.Өтетілеуов) әнін орындап, мұқият тыңдауды ескертеді. Әннің мазмұнымен қысқаша таныстыру, көңілді, ойнақы әуеніне көңіл бөлу. Әнді үйреткенде сөздерді анық айтуына, бірге бастап, бірге аяқталуына назар аудару.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Алтын қақпа» Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының орындалуын қадағалайды. Ойынға белсене қатысқан балаларды мақтайды.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды.<br>Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.<br>Балабақша туралы тақпақ-өлең айтады.<br>Өз балаақшасы, достары туралы әңгімелейді.<br>Шешуі: Қуыршақ.<br>Қуыршақтарды ұстап, би қимылдарын бірге мәнерлеп орындайды.<br>«Қуыршақ мұңы» - мұңды,, жабырқау. Әуенді тыңдап, сезінеді, мағынасын түсініп, әңгімелейді.<br>Ойнақы, жеңіл музыкаға қуыршақтарын қозғап, билетеді.<br>Дауыс жаттығуына қуыршақтарын ұйықтатып, әлдилейді. Дауыстарын қатты және жәй шығаруға дағдыланады. Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді. Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды.<br>Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен белсене араласады. Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әннің сипатын қабылдау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әуенге сай түрлі қимылдарды орындауды.

**Игереді:** Музыка сипатына сай, әртүрлі әуендерді ажыратуды, салыстыруды, жаңа әннің мәтіндік және музыкалық мағынасын түсінуді,

**Меңгереді:** Өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстырды, тыңдап сезінуді, әңгімелеуді.

Scanned with CamScanner

(21.04 - 25.04.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ________ Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады. Қолымызды жайық, Құстай қанат қағайық. Үнтаспада «Жануарлар әлемі» әуені ойналып, құстардың қанат қағуын көрсете жеңіл жүгіруді ұсынады. Көктем мезгілі келіп, құстар да орала бастады. Ендеше, құстар туралы жұмбақ шешейік. Көктемде ұшып келеді, Жаздай концерт береді. Өз атын өзі шақырады, Сөйтіп күнді батырады. Тұмсығымен ояды, Ағаш құртын жояды. Көктемгі тоғайға серуенге шақырады. «Полька» әуені ырғағымен балаларға «тастан секіру», «шалшық судан аттау», «бөрене үстімен жүру» қимылдарын көрсетуді ұсынады.Үнтаспадан құстардың дауысы естіледі. Құстардың даусын ажыратуларын сұрайды.<br>**Музыка тыңдау: «Көкек» (Х.Мұхамедова, А.Рахмат, аударған М.Әлімбаев)** әнін орындап, «көкек» әнін қайталауды сұрайды. Әннің сипатын, мағынасын әңгімелейді. Балалардан сұрайды.<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән үйрену: «Көктем» (А.Жайымов, Қ.Сыдықов)** әнін орындап, мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді. Орындау барысында, ырғақтық ерекшеліктеріне тоқталу. Дыбыс ұзақтығын алақандарымен шапалақтау арқылы көрсету.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Не қалай шақырады?» (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) Балаларға қарға, көкек, шымшық атрибуттары кигізіледі.<br>Ән мазмұнына сәйкес құстар әндетіп ұшады, дауысын салады.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Маршпен шеңбер бойымен жүреді. Аяқтарын нық басады.<br>Құстардың қанатын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, аяқ ұшымен жүгіреді.<br>Бір орында айналады.<br>Балалар тақпақты бірге қайталап, еске сақтауға тырысады.<br>Жұмбақтардың жауабын ойлана, қызыға шешіп табады.<br>Бұлбұл.<br>Көкек.<br>Тоқылдақ.<br>Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау, қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды.<br>Отырып демалуға жайғасады.<br>Құстар үнін естіп елеңдейді, қызығушылықтары артып, сүйсіне тыңдайды. Дауыстарын ажыратып, аттарын атап айтуға тырысады.<br>Әнді тыңдап, көкектің дауысына бірге қосыла әндетеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әннің сипатын қабылдау, әуенге сай түрлі қимылдарды орындауды.

**Игереді:** Құстардың дауыстарын ажыратуды,

**Меңгереді:** Өз беттерінше құстардың дыбыстарын салуды.

Scanned with CamScanner

(28.04 - 02.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры Ескинова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен бастайды.<br>Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады.<br>-Бүгін біз балалардың арасынан ұйымдастырылған «Ән-би» жарысына «саяхатқа барамыз»,-деп, «Бақытты балалық шақ» әнімен («Мен бақытты баламын» ) әнімен қарсы алады. Балалардың залға келіп тұрып, орындарына жайғасуын ұсынады.<br><br>-Балалар, музыка әлеміне саяхатқа «метро» көлігімен барамыз. Ең алдымен Абай атындағы Опера және балет театрына барып көрейік, -деп, балаларды шақырады. М.Жәутіковтың «Тәтті-тәтті» әнімен билеп барамыз<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>Балалар, Абай атындағы Опера және Балет театрына қош келдіңіздер!- деп, интерактивті тақтаны қосады.<br>-Қойылымды мұқият тыңдап, көру үшін, ұялы телефондарыңызды өшірулеріңізді сұраймын. Қойылым басталғанда, ән айтқанда, спектакль жүргізілгенде шулауға, жүруге болмайды. Сіздер бүгін театрмен танысасыздар және балет «бишілері» мен опера «әншілерін тыңдайсыздар.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Не қалай шақырады?» (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) Балаларға қарға, көкек, шымшық атрибуттары кигізіледі. Ән мазмұнына сәйкес құстар әндетіп ұшады, дауысын салады. Ән тыңдау: «Елім-ай» әнін (Н.Меңдігалиев) жеке дауыстағы әншінің орындауында үнтаспадан тыңдайды.<br>Келесі тыңдайтындарыңыз-«Біржан мен Сара» операсынан үзінді.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Балалар кіреді, амандасады.<br>Балалар шеңбер бойымен жүріп, өз орындарын табуға, қимылдарды қайталап үйренуге талпынады.<br>Балалар залдың бойымен шеңбермен жүріп, әннің ырғағымен билей бастайды.<br>Әнші нақышына келтіріп, айтуға тырысады.<br>Балалар көңілді би ырғақтарын зал төрінде тұрып билейді. Әр әнші жеке айтуға талпынады.<br>Балалар театрға келіп, отыруға талпынады.<br>Театр тәртібін сақтауға тырысады.<br>Балалар интерактивті тақтадан барлық элементтерін көріп, зейін қойып тыңдайды.<br><br>Балалар «Елім-ай» атты халық әнін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлан Кенжебековтың орындауында мұқият тыңдайды. Балалар би ырғағын көріп, тыңдауға тырысады.<br><br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу керек. Әнді мәнерлеп,айтып, сезіне біледі.

**Игереді:** Музыка әуенін театрда тыңдай білуді, әртістердің әртүрлі жанрдағы ойындарын.

**Меңгереді:** Музыка ырғағымен би түрлерін жасауды.

Scanned with CamScanner

(05.05 - 07.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ______ Ежанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды залда «Балдырғандар маршы» (К.Қуатбаев) шығармасымен қарсы алады.<br>Орындарында тұрып жеңіл ырғақ түрлерімен билейді. Жетекші балаларды Панфилов атындағы демалыс паркіне шақырады.<br>«9 Мамыр- жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне мініп баруды ұсынады.<br>Аялдамадан түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді.<br>Бірнеше қатарға тұрып, әскерилердің қимылын көрсетеді.<br>Жетекші слайд көрсету арқылы Панфилов паркіндегі «Мәңгілік алау» басында жиналған соғыс ардагерлерін, әскерилерді көрсетеді.<br>**Музыка тыңдау: «Жеңіс күні» әнін (Д.Тухманов, В.Харитонов)** үнтаспада тыңдайды. Балаларды елін қорғаған батырлармен таныстырады.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Катюша»** әніне көңілдене билеуді ұсынады.<br>«Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қоюды көрсетеді.<br>**Бір минут үнсіз тұрып, соғыста қаза тапқандарды еске алады.**<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән айту: «Ел қорғауға әзірміз» (К.Қуатбаев, М.Әлімбаев)** әнін бірге орындайық.<br>Ардагерлерге арнап, «Сарбаздар» әніне (М.Жәутіков) билеп беруді ұсынады.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Жанрларды ажырат»<br>Балаларға текшелер таратып береді.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Балалар музыка ырғағымен жұптасып билеуге талпынады.<br>Балалар бірінің артынан бірі жүріп ырғақпен орындарына келеді.<br>Балалар қатарласа жүріп мерекеге аттанады.<br>Балалар әнді мәнерлеп айтуға талпынады.<br>Балалар қайырмасына қосылып, әскери қимылдар жасауға талпынады.<br>Балалар «Мәңгілік алау» басына ардагерлердің не үшін жиналатынын түсінуге тырысады.<br>«Жеңіс күні» әнін тыңдайды.<br>Бауыржан Момышұлы атындағы ұландардың марш ырғағымен жүріп көрсеткен шеберліктеріне, «Катюша» биіне қызыға қарайды.<br>«Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қояды.<br>Әнді бірге айтуға тырысады.<br>«Сарбаздар» әніне билеуге тырысады.<br>Балалар текше арқылы жанрларды ажырата білуге тырысады.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы тыңдап, ырғақтарды сезінуді.

**Игереді:** Әскери музыкаларды тыңдап, жанрларды ажыратуды.

**Меңгереді:** Әскери музыканы тыңдап, қосыла ырғақпен билеуді.

Scanned with CamScanner

(12.05 – 16.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ______ Бежанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларға «Қазақ маршы» (Е.Затаевич) әуеніне шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Шеңберден шықпай, тізбектеле жүріп, тұлғаларын түзу ұстап, бастарын көтеріп жүрулерін қадағалайды. Балаларға оркестрдің суретін көрсетіп, әртүрлі аспаптар туралы түсінік береді. Балалардан таныс аспаптарды атап көрсетулерін сұрайды. Барлық аспаптардың қосылып, үндесіп, әсем әуен шығаратынын жеткізеді.<br>**Музыка тыңдау: «Сарыарқа»** күйін үнтаспадан тыңдатады. Күйді сезіне тыңдап, әңгімелесуін сұрайды.<br>**Дауыс жаттығуы: «Керней» (Д.Ботбаев, А.Асылбек)** айтылып, «та-ра» буындарын анық айту үшін бірнеше рет қайталады.<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән үйрену: «Біздің оркестр»** әнін балаларға орындап береді.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Сырнай мен дабыра». Ойын шартын түсіндіреді. Балалардың имитация түрінде аспаптарда ойнау қимылын бірге көрсетулерін сұрайды, әнді ырғағымен, әндете айтуларын қадағалап, ескертеді.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** Еркем-ай" әнін оркестрде ойнауды ұсынып, балаларға өздері қалаған аспаптарын таңдауға рұқсат береді. | Балалар тізбектеле, шеңбер бойымен, әуен екпінімен жүреді.<br>Суретке қарап, дирижер, оркестр туралы түсінік алады. Таныс аспаптарды атап, суреттен көрсетеді. Әнді бірге айтуға тырысады.<br><br>Күйді тыңдап, әсерленіп көңіл күйлері көтеріледі. Дауыс жаттығуын әндете дауыстап айтуға талпынады. "р" әрпін анық айтуға, дұрыс тыныс алуға тырысады.<br>Көңілді әнге еліктеп, аспаптар атын бірге әндетеді. Әннің мазмұнын түсініп, жеткізе білуге әрекеттенеді. Балалар ойынға белсене араласады. Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнаудыимитация арқылы көрсетеді.<br>Сұрақтарға толық жауап береді.<br>Концерт, теледидардан көргендерін, тыңдаған оркестрлері туралы әңгімелейді. Балалар аспаптарды таңдап алып, әннің ырғағымен өз партияларын орындайды.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** ұрмалы ұлттық аспаптардың үндестігін тыңдап, бірігіп океcтде ойнауы.

**Меңгереді:** ауспалы әуенге сай би қимылдарын көрсетуді, әнді сипатына, көңіл күйіне сәйкес орындауы.

Scanned with CamScanner

(19.05 – 23.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры Ескацова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды көңілді қарсы алып.<br>***Серуендейміз демаламыз***. (М.Красев) Әуеніне қыдыруға шақыру. Қол ұстап, зал ішінде еркін жүргізу. Әуен соңында тоқтап шеңбер бойымен тұруларын сұрайды.<br>**Музыка тыңдау: «Достық»** (музыкасын жазған И.Нүсіпбаев, сөзін жазған Е.Елубаев).<br>–Барлығымыз бір аспанның астында өмір сүрудеміз, біз бір–бірімізбен дос болуымыз керек.<br>**–Ән үйрену: «Тату доспыз бәріміз»** (музыкасын жазған Е.Меңдешев, сөзін жазған Ф.Оңғарсынова).<br>–Ән айтар алдында,алдымен ережелерді еске түсірейік. Денені тік ұстап,қолды тізенің үстіне қойып, дауысты қатты шығармай, бір–бірін тыңдап айту. Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталату. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады.<br>**Ойындар, хороводтар: *«Ырғағын ажырат» «Итальяндық полька»*** *(*С. Рахманинов *)* **«Бесік жыры»** халық әні. ***«Жалаушамен жаттығу»*** музыкалары ойналып,балаларға ырғағын ажыратуға тапсырма беріледі.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Еркем-ай» | Балалар қол ұстасып , зал ішінде еркін жүріп қыдырады.<br>Шеңберге құрып тұрады.<br>Әртүрлі сипаттағы жанырлады тыңдап, ажыратады.<br>Таныс әуендердің атын атап, суреттерін көрсетеді.<br>Жаттығуды көңілдене айтады, жауыстары ашылып, ән айтуға дайындалады.<br>Көңілді әнді тыңдап, мәтінін түсінуге тырысады. Ән туралы әнгімелеп, өз ойларын білдіреді.<br>Әнге қосылуға әрекеттеніп, ырғақты шапалақпен көрсетеді.<br>Аспаптарды меңгеріп, таза ойнауға үйренеді.<br>Әуен ырғағына қосыла, үндестігін бере көңілді ойнайды.<br>Қимылды әуенді ойынға қызығушылықпен қатысады.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Түрлі сипаттағы әндерді орындауды, фраза арасында тыныс алуды, би жанырларын ажыратуды.

**Игереді:** Сылдырмақ, бубен, қоңырау аспаптарына әуенге ілесе ойнауды, ойыншықтармен қимыл қозғалыс жасауды.

**Меңгереді:** Әнді хормен айтуды, әннің сипатын беруді, ән ырғағын шапалақпен көрсетуді.

Scanned with CamScanner

(26.05 – 30.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Музыка жеткшісі балаларды «Гүлдер вальсі» (П.Чайковский) ырғағымен қарсы алады. Би ырғақтарын сезініп билеуді үйретеді. Шеңбермен жүріп, өз орындарына тұруды, жұптарымен ілесе жүруді үйретеді.<br><br>**Музыка тыңдау: Б.Бейсенованың «Тәрбиеші апай»** әнін тыңдауды ұсынады.<br><br>**Ән айту: «Қош бол, балабақша» (Р.Төлендиева, С.Қалиев).** әнін айтып береді. Балаларға қайталап айтуды ұсынады. Жетекші балаларға жыл бойы үйренген білімдерін барлық сала бойынша музыка арқылы көрсетулерін ұсынады. Кейіпкерлендіру, жүргізушілік қабілеттерін арттырады. Балаларды өздерін еркін ұстауға, әнді сезініп айтуға, биді бірдей билеуге үйретеді.<br>Ұлдарды «рэп» қимылын жасап, ырғақпен әуендетіп, «Тіл туралы» жырлауды үйретеді және вальс ырғағын қайталауды ұсынады. Алдын-ала дайындалған бірнеше билерін қайталайды. Балалардың рөлдерде ойнауларын ұсынады.<br>**Ойындар, хороводтар: «Алтын қақпа».**<br><br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Еркем-ай»<br>Музыка жетекшісі балаларды белсенді қатысқандары үшін мақтап, мектепке дайындықтарының жоғары екендігін айтып мақтайды, қоштасады. | Балалар жұптасып, музыка ырғағымен жүруді, орындарына тұруды орындайды.<br><br>Әнді тыңдап, сөздерін еске сақтауға тырысады.<br>Балалар ойынды көңілді ойнап, әуенді жылдам еске түсіру арқылы жарысуға тырысады.<br>Балалар әнді айтуға, еске сақтауға тырысады.<br><br>Алған білімдерін саз әуені арқылы жеткізуге тырысады.<br>Музыканы тыңдау, әнді айту, жүргізушіліктерін дамытуа тырысады.<br>Ұлдар би қимылдарын үйренеді.<br>Бұрыңғы билеген билерін еске түсіреді.<br>Ойынға белсене қатысып, алған әсерлерін бір-бірімен бөліседі.<br><br>Аспаптарды көңілді ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Музыканы тыңдап, сипаттарын ажыратуды, жанрларды білуі керек.

**Игереді:** Музыканы тыңдап, аспаптармен ырғақты сезіне ойнауды.

**Меңгереді:** Музыкамен ырғақты сезіне би қимылдарын жасауды.

Scanned with CamScanner

Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы

«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

# Циклограмма

## Ортаңғы топ: «Балапан»

2024-2025 оқу жылы.

Scanned with CamScanner

(02.09.-06.09.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директор м.а ____________ Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Балдырған» Ересек топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді. Үстел үстінде қуыршақ отырады. Музыка жетекшісі балаларға ойыншықтар туралы естеріне салады Қуыршақтың үсті-басы лас. Балалармен тазалық туралы әңгіме өткізу.<br><br>-Балалар, қараңдаршы, қуыршақ қандай күйде? Кәне, киімін ауыстырайық. Шашын жөндейік. Қуыршақ шаршады, енді ұйықтатайық. Бесікке салып тербетеді<br>«Әлди-әлди бөпем-ай», " қай кезде айтылады?<br>-Оны орындағанда қалай отыру керек? Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі көмектеседі.<br>Баланы ұйықтатар алдында баяу дауыспен ән салып, бесікті жәй тербетеді.<br>Бала ұйықтады, енді біз ән айтайық.<br>Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп алу.<br>Дауыс жаттығуы: «До-Ре-Ми»<br>*Ән үйрену: «Анашым» Е.Хасанғалиев.*<br>Әнді айта отырып, балаларға адамгершілік тәрбиесін беру. Тазалыққа, әдептілікке шақыру. Әрқашан жуынып, таза жүру керек, айтқанды тыңдап, үлкендердің мазасын алмау керек<br>*Музыкалық ырғақты қимыл: «Билейміз»*<br><br>Музыка жетекшісі балаларға билеуді ұсынады.<br>*Ойын:* «Қатты, ақырын»<br>Ал енді «Қатты, ақырын» ойынын ойнап жіберейік. Мен әуенді қатты ойнағанда аспапты қатты соғамыз, ал, жәй ойнағанда, ақырын соғамыз.<br><br>Ойын қайталанады. | Балалар музыка әуенімен залға келеді. Қуыршақты қызықтайды. Балалар өлеңді тыңдап, не туралы екенін айтуға тырысады. Балаларды тазалыққа шақырып, өздерінен көбірек жауап алу.<br>Балалар жауап беруге тырысады.<br>Балалар музыканы тыңдай отырып, тыныштық сақтауға тырысады.<br><br>Балалар ән айтады.<br>Балалар " Әлди-әлди бөпем-ай " әуеніне еліктеп, ықыласпен қайталайды. Жаңа әнді тыңдап, сөздеріне мән береді. Әннің авторы туралы естіп, біледі.<br>Дауысқа жаттығу жасау, сұрақтарға жауап беру.<br>Әнді әуенімен дұрыс орындауға тырысады.<br>Балалар шеңбер бойымен тізелерін бүгіп, көздерін жұмады.<br>Балалар музыка жетекшісінің көрсетуі бойынша қарапайым қимылдарды орындайды.<br>Ойынға белсене араласады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әнді барынша таза айтуды.

**Игереді:** Бала уату, кір қуыршақ, бесік жыры деген түсініктерді.

**Меңгереді:** Әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын

Scanned with CamScanner

(09.09.-13.09.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Балдырған» Ересек топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды музыка залында көңілді қарсы алу.<br>**Амандасу.**<br>Балалар, бүгін жаңа оқу жылы басталды. Жастарың бір жасқа үлкейді. Енді сендер кішкене сәби емессіңдер, ересек болдыңдар.<br>–Біз бір–бірімізбен тату доспыз. Әрқашан бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, күні бойы біргеміз. Қазір ойналатын музыка не туралы, соны мұқият тыңдаңдар.<br>**Музыка тыңдау: «Достық»** (музыкасын жазған И.Нүсіпбаев, сөзін жазған Е.Елубаев).<br>–Барлығымыз бір аспанның астында өмір сүрудеміз, біз бір–бірімізбен дос болуымыз керек.<br>**Ән айту:** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>**Дауыс жаттығуы: «До, ре, ми»** Ән айтар алдында,алдымен ережелерді еске түсірейік. Денені тік ұстап,қолды тізенің үстіне қойып, дауысты қатты шығармай, бір–бірін тыңдап айту.<br>**«Тату доспыз бәріміз»** (музыкасын жазған Е.Меңдешев, сөзін жазған Ф.Оңғарсынова). Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталату. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады.<br>**Билер:** Жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау.<br>**Ойындар, хороводтар: «Серуендейміз, билейміз»** (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев) Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.<br><br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы:** Халық әні: «Еркем-ай» Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. | Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді.<br>Амандасады.<br>Шеңбер бойымен жүгіреді, жүреді.<br><br>Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.<br>Достық туралы түсініктерін жеткізеді.<br>Балалар ережелерді сақтайды.<br>Қол ұстасып әуенге ілесіп, еркін жүріп айналады, әр түрлі қимылдар жасайды. Аяқтарын ырғақпен топылдатады.<br><br>Аспаптарды көңілді ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әнді дұрыс түсіне білу, әуенге ілесе айта білуді.

**Игереді:** Татулық, достық түсініктерін.

**Меңгереді:** Әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

Scanned with CamScanner

(3. №4

(16.09.-20.09.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі***

***«Балдырған» Ересек топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Музыка жетекшісі көңілді әуенмен балаларды есік алдынан күтіп алып, «Әжеміге қонаққа барамыз», -деп, түсіндіреді. Құлыншаққа «мініп», тез жетейік,-деп, «Құлыншақ» әнінің ырғағымен жолға шығады.<br>Ән аяқталғанда «Әженің үйіне» келгендерін айтады.<br>Әже-тәрбиеші балаларды қарсы алады.<br>Әженің «үй жануарлары» - ойыншықтарды (Мысық, күшік, лақ, қозы) көрсетіп, атын атап, дыбыстарын салуды сұрайды.<br>-Әже: Балаларым, менің күшігім туралы ән білесіңдер ме?<br>Ән айтыңдаршы, мен тыңдайын.<br>**«Күшігім» әні (М.Ерімбетов, Т.Исалиев).**<br>-Рахмет, балаларым! Ал, менің мысығым туралы не білесіңдер?<br>-Музыка жетекшісі: «Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады - деп өлеңді айтып, қимылмен көрсетуді сұрайды.<br>Музыка жетекшісі балалардың лақ, қозы туралы ән де білетіндерін айтып,<br>**«Лағым» (Д.Ботпаев, А. Асылбек.)** әнін айтуға шақырады.<br>**Ойындар, хороводтар: «Анасын тап»** Суреттегі жануарлардың төлін тауып беруін сұрайды.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы:** Халық әні: «Еркем-ай» Сылдырмақ аспаптарында ойнауға үйрету. | Балалар залға кіріп, көңілді әуенмен «құлыншаққа» шауып, шеңбер бойымен жүгіреді. Ән аяқталғанда тоқтайды.Әженің үйіне кіріп, амандады.<br>Балалар жануарларды атап, дыбыстарын салады.<br><br>Балалар әнді қосылып айтуға тырысады. мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді.<br>Шеңбер бойымен тұрып мысықтың қимылын көңілдене көрсетеді, (құлағын қасығанын, керілгенін, жуынғанын). Балалар әнді нақышына келтіріп айтуға тырысады.<br>Әуенге ілесе мәтінге сәйкес лақтың қимылын көрсетеді. балалар қуанып, төлдерді енесіне тауып беруге тырысады.<br>Аспаптармен қызыға ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Қол ұстасып жүру, әуенге ілесе жүру, көрсетілген қимылдарды қайталау, әннің жеке сөздерін қайталау.
**Игереді:** Әже туралы біліп, төлдерді еске түсіреді.
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды үнтаспада орындалған "Сарыарқа" күйімен залда қарсы алады. Балаларды әже күтіп алады. Әже арнайы ауылдан келгенін, Наурыз туралы әңгімелеп бергісі келетінін айтады. Балалар, Наурыз жаңа күн деген мағнаны білдіреді. Наурыз мерекесіне жеті түрлі дәм қосылып, наурызкөже дайындалады. Жұрт бір бірін мерекемен құттықтайды. Жастар алтыбақан құрып, ән салады, би билейді.<br>Сендер Наурыз туралы не білесіңдер? Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?<br>**Музыка тыңдау. "Қамажай" (Қазақтың халық әні).**<br>Әже: Қамажай-халық әні, біз жас кезімізде алтыбақан теуіп, осы әнді айтушы едік. Бұл әнге билеуге де болады. Айтыңдаршы балалар, ән көңілді ме көңілсіз бе?<br>Жетекші әжеге балалардың әндерін тыңдауды ұсынады. Өткен әндерді қайталау: "Анашым", "Ақ әжем" әндерін естеріне түсіріп айтады.<br>**Ән үйрену: "Наурыз" (А.Досмағанбет, Ж. Мұхамеджанов).** Музыка жетекшісі әжеге арнап, осы әнді үйренетіндерін айтады. Ән көңілді, ойнақы. Наурыз тойында бір-бірінің үйіне қонаққа баратыны айтылады. Балалар әжемен қосылып, бірге ән айтып үйренеді. Әнді айтып болған соң, әже балаларды ойынға шақырады. Дорбасынан ала келген сылдырмақтарды шығарады.<br>**Ойындар, хороводтар: «Кімнің дауысы?»** Ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін есту қабілетін, есте сақтау қабілетін дамытады.<br>Әже балаларға риза болып, рахмет айтып, мақтайды.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Балалар көтеріңкі көңіл күймен ата мен әже отырған жерге келеді. Атамен, әжемен амандасады. Наурыз туралы әңгімелерді мұқият тыңдайды.<br>Балалар ұлттық тағам туралы әңгімелерді мұқият тыңдайды.<br>Балалар наурыз туралы тақпақтарын, әндерін айтады.<br>**Дәулеткерейдің «Қосалқа».** күйін тыңдайды.<br>Балалар **«Кімнің дауысы?»** ойынын ойнайды. Бір-бірінің дауысынан кім екенін бірден тауып, атын атап айтып мәз болады.<br>Балалар өткен сабақтағы үйренген әндерін орындап береді.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Наурыз мерекесі туралы, ұлттық салт-дәстүр туралы.

**Игереді:** Наурыз, наурыз көже туралы түсініктерді.

**Меңгереді:** Қазақтың әндерін жеке және хормен орындауды

Scanned with CamScanner

(17.0_ 20.03.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ________ Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Балдырған» Ересек топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балаларға әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, -деп ынталандырады. «Кімнің жүгіргісі келеді?» (Л.Вишкарева) әуені ойналып, балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды.<br>Әуен соңында, «Міне, баққа да жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық,-деп, балаларды көктемгі бақ бейнеленген көрініске жақындатады. Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл алуан гүлдер жайнап тұр екен!- деп, балалардың назарын аударуға тырысады.<br>Үнтаспадан құстардың даусы естіледі. Балалар, ненің даусын естіп тұрсыңдар? Бұл құстардың дауысы. Құстар қалай дыбыстайды екен? Құстар қалай ұшады? Қолымызды жаяйық, Құстай қанат қағайық!-деп, балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрайды.<br>**Дауыс жаттығуы: «До-Ре-Ми»**<br>**Ән үйрену:** «Көктем» әнінің (К.Қуатбаев,А.Асылбек.) 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға мәтінге сай қимылдарды көрсетіп қайталатады.<br>**Ойындар, хороводтар: «Гүл тереміз»**<br>Балалар өткен сабақта үйренген ана туралы, көктем туралы әндерді қайталайды.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Балалар қол ұстасып көтеріңкі көңіл-күймен зал ішінде еркін жүреді. Ырғаққа ілесе нық басуға талпынады. Бір-бірінің артынан жеңіл жүгіреді. Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады.Өз беттерінше еркін жүріп, жан-жағына қарайды. Суреттерді қызықтап көреді. Кілемге жайғасып отырады. Балалар құстар үнін зейін қойып, қызыға тыңдайды. Қызығушылық сезімдері оянып, қолдарын созып, «ұшуға» әрекеттенеді. Балалар әнді ынта қойып тыңдайды. Көрсеткен қимылдарды қайталап, көрсетуге тырысады.<br>Қолдарын көкке созып, күнді, өсіп тұрған гүлді көрсетеді. Балалар қуана жүгіріп, гүлдерді «теріп» алады. Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіне көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету, жеке сөздерді әндете айту.

**Игереді:** Әнді әуенімен және табиғи дауыспен айтуды, баяу, сазды әуенді сезінуді.

**Меңгереді:** Гүлдермен бір орында тұрып тербелуді, айналуды, кіші, үлкен шеңберлер жасауды, ән мәтініне сай бірге қимылдауды.

Scanned with CamScanner

(25.03 - 28.03.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ________ Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Балдырған» Ересек топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған і с-әрекеттер | Жетекші балаларды көңілді қарсы алып, амандасу жаттығуын айтуды ұсынады. Дыбыстарды таза айтуды үйрету. Балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді. Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек. Қимылдарды шатаспай еске сақтау үшін, сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.<br>**Б. Далденбай өңдеген Хайлэйлім** балаларды жайлауға баруға шақырады.<br>Құлындарым кісінеп,<br>Боталарым боздады.<br>Қойым ерте қоздады.<br>Балалармен жайлауға келдік енді демалайық деп музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады.<br>**Боталардың желісі. Е. Хасанғалиев** шығармасының сипатын түсіндіреді.<br>Еркетайым әнін жылдам көңілді сипатта орындалады Ана әлдиі асықпай сабырлы сипатта орындалады. Балалар қосыла ойындауы үшін үлестірмелі төлдер картошкалары беріледі балалар музыканы тыңдап әуенді ажырата білуге дағдыландыру. Екі үш мәрте қайталау. Шығарманың үзінділерін тыңдау.<br>**Дидактикалық ойын. «Анасын тап» Дауыс жаттығуы: «До-Ре-Ми»**<br>**Ән үйрету: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев.Н.Әлімқұлов.**<br>**Ойындар, хороводтар: «Кімге қай төл ұнайды?»** Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады. Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп сол төлдердің дыбысталуын қимылын әр бала жеке жеке көрсетеді. Бұл ойынды жылдам ұйымдастыру керек. Төлдерді қатарласып тұрып арнайы ойнатылған музыкамен шауып барып белгіні айналып келіп орнына тұрады. | Балалар кіреді. Амандасу жаттығуын айтады. Балалар залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға тырысады.<br><br>Жайлауда ұлдармен қыздар қол ұстасып ауыспалы адымен жүріп билеп барады.<br><br>Шығармаларды отырып тыңдайды.<br>Бірінші шығарманың сипаты жігерлі<br>Екінші шығарманың сипаты көңілді<br>Үшінші шығарманың сипаты сабырлы.<br><br>Дидактикалық ойында үлестірмелі карточка арқылышығарманы тыңдап төлдерді ажырата білуге тырысады.<br>Ойыншықтар әніе үйренеді.<br>Балалар төлдер атрибутын таңдап киіп дауысын қимылын салуға тырысады.<br>Балалар ойынды жалғастырады, төлдер болып жарысады.<br><br>Шығарманы тыңдайды, шауып жүруге талпынады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Музыканы тыңдап сипатын ажыратуды. Әнің мәтінін мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** Музыканы тыңдап, ойын арқылы төлдерді табуды.

**Меңгереді:** Музыка музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды

Scanned with CamScanner

(31.03 - 04.04.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ______ Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Балдырған» Ересек топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен бастайды.<br>Балаларды көңілді күймен қарсы алады. Бүгін барлығы сиқырлы орманға баратынын айтады. Музыка тыңдау: «Вальс» (П.Чайковский), үнтаспадан тыңдау. Балаларды жұптасып, жай ырғақпен жүруге үйретеді, музыканы тыңдай жүріп, ырғақты дұрыс жасауды қалыптастырады. «Табиғат құбылысы» үнтаспадан тыңдау. Балаларға жауып тұрған жаңбыр тамшыларын көз алдарына елестетіп, аяқ ұшымен жүгіруді, қолдарымен жаңбыр тамшыларын ұстауды сұрайды. Музыка әуенімен педагог жүгіре басып, жаңбыр тамшыларын алақанына салып, алып келеді.<br>–Балалар, жаңбыр тамшыларының сендерге айтатын бір хабары бар екен. Құртақандар көмекке шақырады, Орманға барамыз, Құртақандарды табамыз. Жылдам жүгіреміз, Адымдап жүреміз,-деп, балаларға дауыс жаттығуын жасатады.<br>**Дауыс жаттығуы: «Көктем».** Жаттығуды айтқызып, үйретеді. Балаларды отырғызып, демалуын сұрайды.<br>**Ән үйрену: «Бақшаға келемін» Ө. Байділда, К. Сүлейменов**<br>Жетекші қуыршақ құртақанды көрсетеді. құртақандардың балаларға қоңырау, металлафон, үшбұрыш, маракас, бубен аспаптарын беріп жібергенін айтады.<br>Аспапта ойнау: «Сылдырмақ» (Орыстың х. әні) Жетекші балаларға музыкалық аспаптармен қосылып ойнауды үйретеді.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Әуенді сағат» ойналады. Өткен оқу іс-әрекет кезіндегі әндер орындалып, тыңдалып, ән мәтініне сәйкес бейнеленген, суретті сағат тілімен көрсету. «Әуенді сағат» үлестірмелі карточкасын барлық балаға тарату.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Балалар кіреді, амандасады.<br>Балалар вальс ырғағымен жүреді, қимылдарды қайталайды, айтуға тырысады.<br>Балалар музыка әуенімен, көз алдына жауып тұрған қарды елестетіп жүгіруге, отырып тыңдауға және алақанымен қағып алуға тырысады.<br>Балалар шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді, адымдайды.<br>Балалар дауыс жаттығуын тыңдай жүріп айтуға талпынады.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. Аспаптарды ауыстырып ойнауға үйренеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Музыканы сезіне тыңдауды, ән айтуды.

**Игереді:** Музыкалық аспаптарда ойнауды.

**Меңгереді:** Музыка ырғағымен билеуді, ырғақпен шапалақ қағуды, аяқ топылдатуды.

Scanned with CamScanner

(07.0[illegible] 11.04.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік [illegible]екжай балабақшасы

**Музыка жетекшісі:** Тлеукулова А.Ж **Директоры** ____________ Ежанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Балдырған» Ересек топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Жетекші балаларды көңілді қарсы алып, амандасу жаттығуын айтуды ұсынады. Дыбыстарды таза айтуды үйрету. Балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді. Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек. Қимылдарды шатаспай еске сақтау үшін, сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді. Б Дәлденбай өңдеген Хайләйлім балаларды жайлауға баруға шақырады.<br>Құлындарым кісінеп, Боталарым боздады. Қойым ерте қоздады. Балалармен жайлауға келдік енді демалайық деп музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады.<br>**Боталардың желісі. Е. Хасанғалиев шығармасының сипатын түсіндіреді.**<br>Еркетайым әнін жылдам көңілді сипатта орындалады Ана әлдиі асықпай сабырлы сипатта орындалады. Балалар қосыла оындауы үшін үлестірмелі төлдер картошкалары беріледі балалар музыканы тыңдап әуенді ажырата білуге дағдыландыру үйрету. Екі үш мәрте қайталау. Шығарманың үзінділерін тыңдау.<br>**Дидактикалық ойын. «Анасын тап.»**<br>**Ән үйрету: «Ойыншықтар.» И.Нүсіпбаев. Н.Әлімқұлов**<br>**Қимылды ойын: «Кімге қай төл ұнайды?»**<br>Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады. Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп сол төлдердің дыбысталуын қимылын әр бала жеке жеке көрсетеді. Бұл ойынды жылдам ұйымдастырк керек. Күннің екінші жартысына ойынды қайталап үйретіп төлдер жарысын өткізуге болады Төлдерді қатарласып тұрып арнайы ойнатылған музыкамен шауып барып белгіні айналып келіп орнына тұрады. | Балалар кіреді, амандасады.<br>Балалар шеңбер бойымен жүріп, өз орындарын табуға, қимылдарды қайталап үйренуге талпынады.<br>Жайлауда ұлдармен қыздар қол ұстасып ауыспалы адымен жүріп билеп барады.<br>Шығармаларды отырып тыңдайды.<br>Бірінші шығарманың сипаты жігерлі<br>Екінші шығарманың сипаты көңілді<br>Үшінші шығарманың сипаты сабырлы.<br>Дидактикалық ойында үлестірмелі карточка арқылы шығарманы тыңдап төлдерді ажырата білуге тырысады.<br>Ойыншықтар әнін үйренеді.<br>Қыздар шөшелерім биінің ырғақтарын жасай білуге талпынады бас қолдарын қимылдатады. Балалардың ойын арқылы көңіл күйлері көтеріледі.<br>Балалар төлдер атрибутын таңдап киіп дауысын қимылын салуға тырысады.<br>Балалар ойынды жалғастырады, төлдер болып жарысады.<br>Шығарманы тыңдайды, шауып жүруге талпынады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Музыканы тыңдап сипатын ажыратуды. Әннің мәтінін мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** Музыканы тыңдап, ойын арқылы төлдерді табуды.

**Меңгереді:** Музыка музыка әуенімен ауыспалы адам жасауды.

Scanned with CamScanner

«14.04 - 18.04.2025ж«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы
Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Балдырған» Ересек топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Жетекші балаларды Амандасу жаттығуын айтып қарсы алады.<br>Көңілді әуен ырғағымен жұптасып жүруді үйретеді. Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді. Құстар шоқиды әуенін тыңдап, құс сияқты ұшып жүруді көрсетеді. Балаларға зал бойымен ұшып жүріп ырғақты қимылдар, жасауды отырып тұмсықпен шоқуды, айналуды, аяқ ұшымен алға, артқа, оңға, солға қимылдар жасауды үйретеді.<br>**Музыка тыңдау.** Балаларды музыка тыңдауға шақырады. Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардың дауысын, сайрауын тыңдатады. Ересек құстардың дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатынын түсіндіреді. Құспен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді.<br>Құстар әуенін келтіріп кезек кезек ойнайды, балалардың карточканы дұрыс суреттеуін сұрайды.<br>**Ән үйрету. Кім қалай дыбыстайды?** Бұлбұл, Бөбене әні. Бosторғай, Көкек.<br>Әр құстың әнін шумағын орындап үйретеді. Әуен дыбыстарын таза айтуға үйретеді. Әндердің әр мәтінімен танысып болған соң топ балаларын үшке бөліп берілген үлгіге қарап ән айтуға үйретеді,<br>**Дидактикалық ойын. Қандай дауыс?** Ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін есту қабілетін, есте сақтау қабилетін дамытады.Текшеде мысықпен мысықайдың суреті болады, мысықпен мысықайды тыңдап жіңішке, жуан дыбыстарын тауып ажырата білулері керек. | Балалар залға кіреді амандасу жаттығуын еркін айтуға тырысады.<br>Әуезді әуенмен қалықтап ұшуды, қанаттарын жоғары төмен майыстыра құс қимылдарын жасауға тырысады.<br>Балалар құстардың сайраған дауысын сезінуге тырысады.<br>Балалар жуан жіңішке дыбыстарды түсінуге тырысады. Текше арқылы жуан жіңішке дыбыстарды табуға тырысады Балалар әндерді тыңдауға айтуға жаттығуға тырысады.<br>Балалар үш топқа бөлініп әр құс өз әндерін айтуға талпынады.<br>Ойынға қызыға қатысады музыканы тыңдап жуан жіңішке дыбыстарды айтады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдап жуан, жіңішке дыбыстарын ажыратуды.

**Игереді:** дидактикалық ойындарды текше арқылы ажыратуды.

**Меңгереді:** музыканы тыңдап би қимылдарын жасауды.

Scanned with CamScanner

(21.04 - 25.04.2025ж) «Ай-Шах» жекеменш балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Балдырған» Ересек топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды көңілді қарсы алып .*Серуендейміз, демаламыз.* (М.Красев) Әуеніне қыдыруға шақыру. Қол ұстап, зал ішінде еркін жүргізу. Әуен соңында тоқтап шеңбер бойымен тұруларын сұрайды.<br>Деп ***«Барабаншы»*** (М.Красев) әуеніне аспапта ойнауға уйрету. Жарайсыңдар балалар. Енді аспаптарды жинайық, отырып демалайық, жайғасып отырыңдар. Әуенді сандықшаны ашып көрейік. Сандықша ашылып, әсем әуен естіледі. Педагог сандықшаға құлағын тосып тыңдағандай болады. Балалар, ғажайып сандықша «Әуенді тыңдап ажырат» деген тапсырма ұсынады. Әуенді мұқият тыңдап, сипатын анықтайық.<br>***Әуенді-дидактикалық ойын. «Ырғағын ажырат» «Итальяндық полька»*** *(*С. Рахманинов *)* «Бесік жыры» халық әні. ***«Жалаушамен жаттығу»*** музыкалары ойналып,балаларға ырғағын ажыратуға тапсырма беріледі.<br>Дауыс жаттығуы. Сағат пен елек. Айтылып балалардың дауыс ырғақтарын бақылайды. Сандықшаны қолына алып, келесі тапсырманы ұсынады.<br>Музыка үйрену. Жан сырым. Әнді орындап мұқият тыңдауларын сұрайды. Ән мазмұнын әңгімелеп, сипатын анықтауға ықпал етеді. Әнді екінші рет орындап, ән әуеніне қосылуды және шапалақпен ырғақты көрсетуді сұрайды . Тағыда ғажайып сандықшаны ашып, әуенді тыңдайды. Балалар, ғажайып сандықша бізді көңілді ойынға шақырады.<br>Ойын. Бәсең және көтеріңкі. Ойын шартын түсіндеріп, қуыршақтарды жай ақырын, және ашық жарқын дауыспен әндете тербетулерін сұрайды. | Балалар қол ұстасып , зал ішінде еркін жүріп қыдырады.<br>Шеңберге құрып тұрады.<br>Сандықшаны көріп, қызығушылықтары артады.<br>Қалаған аспаптарын алып, оркестрге ойнауға дайындалады.<br>Әуенді ырғақты сезіне отырып, аспаптарда ойнады. Балалар аспаптарды жинайды.<br>Жайғасып отырады.<br>Сандықшаның әуенін тыңдап, елеңдейді.<br>Әртүрлі сипаттағы жанырладытыңдап, ажыратады.<br>Таныс әуендердің атын атап, суреттерін көрсетеді.<br>Жаттығуды көңілдене айтады, жауыстары ашылып, ән айтуға дайындалады.<br>Көңілді әнді тыңдап, мәтінін түсінуге тырысады.<br>Ән туралы әңгімелеп, өз ойларын білдіреді.<br>Әнге қосылуға әрекеттеніп, ырғақты шапалақпен көрсетеді.<br>Балалар ойын шартын ұғынады. Қуыршақтарды алып жайғасып отырады. Әнді жай және қатты айтып, ойын шарттарын дұрыс орындайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** түрлі сипаттағы әндерді орындауды, фраза арасында тыныс алуды,

**Игереді:** сылдырмақ, бубен, қоңырау аспаптарына әуенге ілесе ойнауды, ойыншықтармен қимыл қозғалыс жасауды.

**Меңгереді:** әнді хормен айтуды, әннің сипатын беруді, ән ырғағын шапалақпен көрсетуді.

Scanned with CamScanner

(28.04 - 02.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ______ Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Балдырған» Ересек топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Балаларды көңілді қарсы алып ***.Серуендейміз, демаламыз.*** (М.Красев) Әуеніне қыдыруға шақыру. Қол ұстап, зал ішінде еркін жүргізу. Әуен соңында тоқтап шеңбер бойымен тұруларын сұрайды.<br>Балалар, біз бүгін тойда айтылатын әндерді тыңдаймыз. Ендеше, тойымызға беретін әндер мен күйлерді тыңдауға шақырамын.<br>***Музыка тыңдау: «Айжан қыз»***(Құрманғазы***) «Қамажай», «Хайләйлім»*** әуендері үнтаспада орындалады. Балаларға әуендердің түрлі сипаттарын ажыратуды ұсынады.<br>***Дауыс жаттығуы: «Домбыра үні»*** айтылып жаттығу барысында фразалар дұрыс тыныс алуларын қадағалайды. Дауыс ырғақтарын тыңдап бақылайды.<br>***Ән айту: «Домбыра»*** (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) әнін қайталау. Жетекші ән мазмұнын түсіндіріп, көңілді ырғақты сезінулеріне ықпал етеді. Әннің мәтіні туралы сұрап, балаларды әңгімеге тартады. Тойымызды қызықты ойындармен қыздыра түсейік, деп ойынға шақырады.<br>***Ойын: «Тақия тастамақ», «Киіз үй»*** ойындары ұйымдастырылады.<br>Балаларға өздері ұнататын билерін таңдап, өз беттерінше билеуге ерік береді.<br>Балаларға ұнататын аспаптарын таңдап алуға мүмкіндік беріп, ұлттық ұрмалы аспаптардан өз окестрін құрайды. Балалар оркестрде «Еркем-ай» әнінің әуенін ойнайды. Әуен ырғағымен аспаптардың өз ретімен ойналуын қадағалайды. Балаларға аспаптарды ұстау тәсілін, әдемі әуен шығара білулерін қадағалайды. | Балалар қол ұстасып , зал ішінде еркін жүріп қыдырады.<br>Шеңберге құрып тұрады.<br>Бірнеше рет қайталап, дауыстарын ашады, еркін әндетеді. Көңілді әнді шарықта айтып, шаттанады. Жақса әсер алады, көңіл күйлері көтеріледі. Ән мазмұнын әңгімелайді. Ойынды қызыға ойнап, белсене қатысады. Ойын шарттын сақтап, ептіліктерін көрсетуге тырысады. Үйренген билерін қайталап, көңілденеді. Би ырғақтарын жеңіл жасап, бірге қимылдайды. Балалар өздері аспаптарды тыңдап, ойнауға талпынады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** ұрмалы ұлттық аспаптардың үндестігін тыңдап, бірігіп окестде ойнауы.

**Меңгереді:** ауыспалы әуенге сай, әнді сипатына, көңіл күйіне сәйкес орындауы.

Scanned with CamScanner

(05.05 - 07.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы
Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Балдырған» Ересек топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Балаларға **музыка** әуеніне шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Шеңберден шықпай, тізбектеле жүріп, тұлғаларын түзу ұстап, бастарын көтеріп жүрулерін қадағалайды.<br>Балаларға оркестрдің суретін көрсетіп, әртүрлі аспаптар туралы түсінік береді. Балалардан таныс аспаптарды атап көрсетулерін сұрайды. Барлық аспаптардың қосылып, үндесіп, әсем әуен шығаратынын жеткізеді.<br>**Музыка тыңдау: «Сарыарқа»** күйін үнтаспадан тыңдатады. Күйді сезіне тыңдап, әңгімелесуін сұрайды.<br>**Дауыс жаттығуы: «Керней» (Д.Ботбаев, А.Асылбек)** айтылып, «та-ра» буындарын анық айту үшін бірнеше рет қайталады.<br>**Ән айту: «Біздің оркестр»** әнін балаларға орындап береді.<br>**Ойындар, хороводтар: «Сырнай мен даңғыра».**<br>Ойын шартын түсіндіреді. Балалардың имитация түрінде аспаптарда ойнау қимылын бірге көрсетулерін сұрайды, әнді ырғағымен, әндете айтуларын қадағалап, ескертеді.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Еркем-ай» | Балалар тізбектеле, шеңбер бойымен, әуен екпінімен жүреді.<br>Бастарын көтеріп, аяқтарын нық басады. Балалар шеңбер құрып тұрады. Жаттығу көрсеткендер - ішкі шеңберге, шапалақтап тұратындар сыртқы шеңберге тұрады.<br>Суретке қарап, дирижер, оркестр туралы түсінік алады. Таныс аспаптарды атап, суреттен көрсетеді.<br>Күйді тыңдап, әсерленіп көңіл күйлері көтеріледі.<br>Дауыс жаттығуын әндете дауыстап айтуға талпынады. "р" әрпін анық айтуға, дұрыс тыныс алуға тырысады.<br>Көңілді әнге еліктеп, аспаптар атын бірге әндетеді.<br>Әннің мазмұнын түсініп, жеткізе білуге әрекеттенеді.<br>Балалар ойынға белсене араласады.<br>Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнауды имитация арқылы көрсетеді.<br><br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** ұрмалы ұлттық аспаптардың үндестігін тыңдап, бірігіп окестрде ойнауы.

**Меңгереді:** Ойын ойнауды, аспаптарда ойнау қимылын бірге көрсетіп орындауды.

Scanned with CamScanner

(12.05 – 16.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Балдырған» Ересек топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Жетекші балаларды көңілді қарсы алып, амандасу жаттығуын айтуды ұсынады. Дыбыстарды таза айтуды үйрету. Балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді. Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек. Қимылдарды шатаспай еске сақтау үшін, сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.<br>Балаларды жайлауға баруға шақырады.<br>Балалармен жайлауға келдік енді демалайық деп музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады.<br>**Музыка тыңдау: «Боталардың желісі.» Е. Хасанғалиев** шығармасының сипатын түсіндіреді. **«Еркетайым»** әні жылдам көңілді сипатта орындалады. **«Ана әлдиі»** асықпай сабырлы сипатта орындалады. Балалар қосыла оындауы үшін үлестірмелі төлдер картошкалары беріледі балаларға музыканы тыңдап әуенді ажырата білуге дағдыландыру үйрету. Екі үш мәрте қайталау. Шығарманың үзінділерін тыңдау.<br>**Ән айту: «Ойыншықтар.» И.Нүсіпбаев. Н.Әлімқұлып**<br>**Ойындар, хороводтар: «Кімге қай төл ұнайды?»** Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады. Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп сол төлдердің дыбысталуын қимылын әр бала жеке жеке көрсетеді. Бұл ойынды жылдам ұйымдастыру керек. Төлдерді қатарласып тұрып арнайы ойнатылған музыкамен шауып барып белгіні айналып келіп орнына тұрады.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Еркем-ай» | Балалар кіреді. Амандасу жаттығуын айтады.<br>Балалар залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға тырысады. Жайлауда ұлдармен қыздар қол ұстасып ауыспалы адымен жүріп билеп барады.<br>Шығармаларды отырып тыңдайды.<br>Бірінші шығарманың сипаты жігерлі<br>Екінші шығарманың сипаты көңілді<br>Үшінші шығарманың сипаты сабырлы.<br>Дидактикалық ойында үлестірмелі карточка арқылы шығарманы тыңдап төлдерді ажырата білуге тырысады.<br>Ойыншықтар әнін үйренеді.<br>Балалардың ойын арқылы көңіл күйлері көтеріледі.<br>Балалар төлдер атрибутын таңдап киіп дауысын қимылын салуға тырысады.<br>Балалар ойынды жалғастырады, төлдер болып жарысады.<br>Шығарманы тыңдайды, шауып жүруге талпынады.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Музыканы тыңдап сипатын ажыратуды. Әнің мәтінін мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** Музыканы тыңдап, ойын арқылы төлдерді табуды.

**Меңгереді:** Музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды

Scanned with CamScanner

(.9.05 – 23.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Балдырған» Ересек топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Жетекші балаларды Амандасу жаттығуын айтып қарсы алады.<br>ШБалалар, біз бүгін ойыншықтар дүкеніне барамыз. Дүкенге автобусқа отырып, тез жетіп алайық. Автобус макетіне тізіле орналасқан орындықтарға балалардың жайғасып отыруын қадағалайды. «Машина» әні (К.Қуатбаев, Т.Тұяқбаев), орындалып «жолға шығады». Балалардың көңілді әуенге қосылуларын сұрайды. «Бип-бип» сөздерін анық, таза айтуға үйретіп, дағдыландырады. Ән аяқталысымен автобустан түсіп, дүкен аралауға шығады. Алдын-ала қойылған түрлі ойыншықтарды көріп, атын атап, көрсетулерін сұрайды.<br>Үнтаспадан жаңбыр даусы естіліп, күн күркірейді.<br>Балалар, жаңбыр жауды, дүкеннен қолшатыр сатып алайық.<br>Біз көңілді балдырған,<br>Сескенбейміз жаңбырдан!-деп, аяқтарын топылдатып жүруін талап етеді.<br>**Музыка тыңдау:** «Жау жаңбыр» (Т. Сарыбаева) әні орындалып, мазмұнға сай қимылдар көрсетіледі. Балалардың епті, жеңіл қозғалуларына мән берілуі керек.<br>**Дауыс жаттығуы: «До-Ре-Ми»**<br>**Ән айту:** «Жаңбыр» әні<br>**Ойындар, хороводтар:** «Балалармен жаңбыр» ойыны. «Жаңбыр» әуені (Т. Ломова) ойналып, педагог жаңбыр «таяқшаларын» ұстап, зал ішінде жүгіреді. Әуен соңында балалар қолшатырлардың астына тығылып үлгеруі тиіс. «Балалар полькасы» (М.Глинка) ойналып, балаларға жүгіріп, секіруге еркіндік беріледі. Ойын екі рет қайталанады.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Еркем-ай» | Балалар залға кіреді амандасу жаттығуын еркін айтуға тырысады.<br>Балалар автобусқа жайғасады.<br>Балалар әнге қосылып, өз дауыстарымен, таза айтуға талпынады. Автобустан түскен балалар «дүкен аралай» бастайды.<br>Балалар зал ішінде еркін жүреді.<br>Ойыншық қоян, аю, мысық, доп, т.б. алып көріп, аттарын айтуға тырысады.<br>Балалар жаңбыр дыбысын естіп, көңіл аударады. Әртүрлі қолшатырларды таңдап алып қуанады. Сөзді қайталап, аяқтарын топылдата жүреді.<br>Ән мәтініне сай жеңіл қимылдар көрсетеді.<br>Көтеріңкі көңіл-күймен шаттана жүгіріп, қолшатырдың астына тығылуға тырысады. жаңбырды шақырып, бірге қосыла əндетуге әрекет етеді.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ырғақты сезіне қимылдау-жүгіру, секіру, әуен аяқталғанда тоқтау, ән мазмұнын түсіну.

**Игереді:** Әдемі әуен, жаңбыр қатты жауады, күн жарқырайды деген ұғымдарды түсінеді.

**Меңгереді:** Қолшатырды ұстап, би қимылдарын өз беттерінше орындайды, әннің сөзін анық, таза айтады.

Scanned with CamScanner

(26.05 – 30.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Балдырған» Ересек топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | «Марш» (Е.Брусиловский) ойналып, балалардың шеңбер бойымен жүріп келіп, бірнеше қатарға тұрып, түзу сызық бойымен жүруді үйретеді.<br>**«Тату достар» (И.Штраус)** полькасына билеуге шақырады. Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарын қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.<br>-Кімнің қандай өнері бар?<br>-Кім билегенді ұнатады?<br>-Ал, кім бізге қалаған әнін орындап береді?-деген сұрақтар қойып, өнерлерін көрсетуді ұсынады.<br>**«Біз өнерпаз баламыз»** атты шағын концерт ұйымдастырылады.<br>**Дауыс жаттығулары: «До-Ре-Ми»** Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.<br>**Ән тыңдау: «Балалығым балғын шағым» (Т.Қажыбаев)** атты әнді орындап, мұқият тыңдауларын сұрайды. Әннің мазмұнына ерекше тоқталу. Әннің орындалуына мән беріп, көңіл күйін сезіне әңгімелесуді ұсынады.<br>Ұлттық музыкалық аспап «Шертермен» таныстыру. Аспаптың суретін көрсетіп, дыбысталуын үнтаспада тыңдату. Дауыс ерекшелігін есте сақтауға, ажыратуға үйрету.<br>**Ойындар, хороводтар: «Етек-етек».** Ойын шартын қатаң сақтауларын қадағалау.<br>**Аспапта ойнау: «Полька»** Әртүрлі аспаптарда оркестрде ойнату. Әуенді мұқият тыңдап, ырғақты сезініп, анық таза ойнауын қадағалау. | Марш екпінін сезіне, бірнеше қатарға бөлініп тұруды үйренеді.<br>Сап түзеп, қатарласа жүреді.<br>Көңілді полька биінің әуенін сезіне жеңіл қозғалады.<br>Өз ойларынан би құрастырып, мәнерлеп орындайды.<br>Өз өнерлерін ұсынған балалар ән салып, би билеп, өлең-тақпақтарын айтады.<br>Концерт көрермендері қошемет көрсетіп, өнерпаздарға қол шапалақтайды.<br>Әнді ынталана тыңдап, мағынасына мән береді. Әннің сипатын ажыратады.<br>Шертер аспабымен танысып, дыбысталуын есте сақтайды.<br>Дауыс жаттығуларын анық, таза орындайды.<br>Дыбыс ұзақтығын шапалақтап көрсетеді.<br>Әуен ырғағына қосыла, үндестігін бере көңілді ойнайды.<br>Қимылды әуенді ойынға қызығушылықпен қатысады.<br>Аспаптарды меңгеріп, таза ойнауға үйренеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Дыбыс биіктігін, ұзақтығын ажыратуды. Әнді сүйемелсіз және сүйемелдеумен орындауды.

**Игереді:** Әндердің әуенін таза айтуды, шертер аспабымен танысып, дыбысталуын ажыратуды.

**Меңгереді:** Музыкалық шығармалар сипатын өз беттерінше ажыратуды, әнді, дауыс жаттығуларын мәнерлеп орындауды, ксилафон аспабында еркін ойнауды.

Scanned with CamScanner

Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы

«Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

# Циклограмма

## Ересек топ: «Балдырған»

2024-2025 оқу жылы.

Scanned with CamScanner

(02.09.-06.09.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директор м.а ____________ Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы.

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Музыка жетекшісі балаларды көңілді әуенмен қарсы алады.<br>–Балалар, бүгін сендерді қуыршақ күтіп отыр. Кәне, бәріміз қуыршақ Айгүлге жүруді, жүгіруді көрсетейік.<br>Балаларға бірінің соңынан бірі жүруді үйретеді.<br>-Аяқтарыңды нық басып, тізіліп жүріңдер. Музыка тоқтағанда жүрістеріңді тоқтатасыңдар. Әуен ойнағанда жүгіресіңдер,-деп ескертеді. Ал, балалар, бізге қазір Айгүл ән орындап береді, соны тыңдайық.<br>Музыка жетекшісі қуыршақты алдына алып отырып, әнді орындайды.<br>«Жүгіреміз, жүгіреміз» (сөзі мен музыкасын жазған Г.Абдрахманова).<br>–Балалар, Айгүл өзімен бірге қимыл жасауды өтініп отыр. Айгүл: «бір, екі, алақай» дегенде алақан соғасыңдар.<br>–Ал, келіңдер, келіңдер,<br>Мені қуып, жетіңдер, деп ойынға шақырады.<br>Ал, кәнекей, қашыңдар,<br>Тез-тез, аяқ басыңдар,-деп балаларды Айгүл қуа жөнеледі. Музыка жетекшісі балалардың көңіл күйіне қарай ойынды қайталайды. | Балалар әуенді ести отырып, қимылдар жасайды.<br><br>Әуенге ілесіп жүреді, әуен тоқтағанда, тоқтайды. Жеңіл әуенмен жүгіреді.<br><br>Музыканы тыңдайды.<br>Балалар қуыршақ Айгүлмен бірге жүреді, жүгіреді, аяқтарын көтеріп жүруге талпынады. Қол шапалақтайды.<br><br>Балалар қуана жүгіріп, музыка әуенімен Айгүлден қашуға тырысады. Балалар қуана ілесіп, ойынды қайталайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әуенге сай қимыл жасауды.

**Игереді:** Музыканы тыңдап, қуыршақ Айгүлмен билеуді, ойнауды игереді.

**Меңгереді:** Әуенмен ілесе жүгіруді, жүруді, қашуға дағдыланады.

Scanned with CamScanner

(09.09.-13.09.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а ________ Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды музыка залында көңілді қарсы алу. **Амандасу.**<br>–Амансыңдар ма, достарым! Сендерді көргеніме қуаныштымын!<br>**Қуан, шаттан, алақай!**<br>**Қуанатын кез келді.**<br>**Күліп шықты күн бүгін.**<br>**Қайырлы таң, балақай!**<br>Балалар, бүгін жаңа оқу жылы басталды. Жастарың бір жасқа үлкейді. Енді сендер кішкене сәби емессіңдер, ересек болдыңдар.<br>–Біз бір–бірімізбен тату доспыз. Әрқашан бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішеміз, күні бойы біргеміз. Қазір ойналатын музыка не туралы, соны мұқият тыңдаңдар.<br>**Ән тыңдау: «Достық»** (музыкасын жазған И.Нүсіпбаев, сөзін жазған Е.Елубаев).<br>–Барлығымыз бір аспанның астында өмір сүрудеміз, біз бір–бірімізбен дос болуымыз керек.<br>**–Ән үйрену: «Тату доспыз бәріміз»** (музыкасын жазған Е.Меңдешев, сөзін жазған Ф.Оңғарсынова).<br>Ән айтар алдында,алдымен ережелерді еске түсірейік. Денені тік ұстап,қолды тізенің үстіне қойып, дауысты қатты шығармай, бір–бірін тыңдап айту. Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталату. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады.<br>**Әуенді–ырғақты қимыл: «Серуендейміз,билейміз»** (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев) | Балалар музыка залына көңілді мерекелік маршпен келеді.<br>Амандасады.<br>Шеңбер бойымен жүгіреді, жүреді.<br><br>Балалар әнде не туралы айтылғанын әңгімелейді.<br>Достық туралы түсініктерін жеткізеді.<br><br>Балалар ережелерді сақтайды.<br><br>Қол ұстасып әуенге ілесіп, еркін жүріп айналады, әр түрлі қимылдар жасайды.<br>Аяқтарын ырғақпен топылдатады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Әнді дұрыс түсіне білу, әуенге ілесе айта білуді.
**Игереді:** Татулық, достық түсініктерін.
**Меңгереді:** Әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын.

Scanned with CamScanner

(16.09.-20.09.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а: Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Көңілді музыка әуенімен балаларды музыка залында қарсы алады.<br><br>Балалар санына сай түсті шарлар дайындау.<br><br>Балалардан шар туралы сұрау:<br>-Түсі қандай? Қалай ұшады?<br>Ал енді осы шар туралы ән тыңдаймыз. .<br>**Ән тыңдау: "Шар" (Б.Далденбай, Ж. Әбдірашев).**Қызыл, сары көк шар,<br>Қолымызда көп шар. Балалар қолдарындағы шарларын кезек-кезек көтереді. "Әуеде қалқиды" деген жерде шарларын қалықтата бұлғауы керек. Әннің сөзін қайталап, әуенге қосылып айтулары керек. Алдымен әуенді бірнеше рет қайталайды. Одан кейін түгел шумақты айтуы тиіс. Екінші шумағы да осы әдіспен үйретіледі.<br>**Ән айту.** Ән айту кезінде дауысты дұрыс шығаруы, бірін-бірі тыңдап айту керек Өз түсіңді тап" ойыны (Г.Омаров). Балалар 4 топқа бөлініп, 4 түрлі шарлар ұстайды. Ортаға төрт түске боялған төрт шығыршық қойылады. Музыка аяқталғанда әрқайсысы өз түстеріне сәйкес шығыршыққа жиналуы тиіс. Қай топ тез жиналса, сол топ жеңіске жетеді. | Балалар музыка әуенімен залға келеді. шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді. Орындарында тұрып айналады.Тізені бүгіп серіппелі қимылдар жасайды.<br><br>Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады. Әнді тыңдай отырып, қолдарын көтереді. Шарларын қалықтатады. Әннің әуенін дұрыс тыңдап, таза айтуға тырысады. Сөздің екі жолын үйренеді, әуен есте қалған кезде келесі екі жолын үйренеді. Әнді айқайламай айтуға, бірге айтуға тырысады. Балалар залда еркін қимылдар жасап, өз түстеріне лайық шығыршықты табуға тырысады. Музыканы тыңдай жүріп, музыка аяқталғанда тез жиналуға әрекеттенеді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Әннің сөзін анық, әуенін нақышына келтіріп айтуды.
**Игереді:** Түстерді ажырата білуді.
**Меңгереді:** Музыка әуенімен еркін жүгіріп, музыка тоқтағанда өз түстерін таба білу дағдыларын дамытуды.

Scanned with CamScanner

(23.09.-27.09.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Көңілді музыка әуенімен балаларды музыка залында қарсы алады.. Амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, Музыка әуеніне ілесе қимылдар жасайды. Шаршамайсың, шалдықпайсың доп қалай? Секіресің, секеңдейсің тоқтамай. Асыққанда арықтан да аттайсың, Бірақ суға түссен-дағы батпайсың. (Р.Тышқанбаев). Балалар, сендер доппен ойнап көрдіңдер ме? Допты жерге ұрсаң, өзіңе қайтып келеді. Допты теуіп ойнауға болады, бір-біріне лақтырып, қағып алып ойнауға болады. **Музыка тыңдау: "Доп" (Т.Ломова).** Музыка қалай ойналады? Тез, көңілді, жеңіл. Балаларға доптың секіргенін музыка тілінде түсіндіру, ұғындыру. **Дауыс жаттығуы:** «Баспалдақ» жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды. **Жаңа ән: "Доп" (Б.Қыдырбек, А.Асылбек).** Әннің мәтінін үйретіп әуенге қосады. Жай, қатты деген жерінде дауысты бәсеңдетіп, қаттырақ шығара айтуға дағдыландыру. Әнді үйретіп болған соң, доппен ойнау, доппен қимылдар жасап жалғастыру. "Допқа кім тез жетеді?" ойыны. Музыка ойналғанда музыка жетекшісі допты лақтырады, балалар доптың соңынан қуады. Кім допқа тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын бірнеше рет қайталанады. | Балалар саппен музыка залына келеді. Әуенге сай қимылдар жасайды. Доп туралы өлеңді тыңдайды. Балалар жауап береді. Балалар музыка жетекшісінің айтқанын қайталайды. Балалар өткен әндердің мәтінін еске түсіріп, әнді орындайды. Әнді көңіл қоя үйренеді, "жәй" деген жерінде дыбысты жәй шығарып, "қатты" деген жерінде, дауысты көтеріп айтады. Доптың соңынан қуады. Кім допқа тез жетсе, сол бала жеңімпаз атанады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әуенге қосылып, қимыл жасауды.

**Игереді:** Доп туралы түсініктерді.

**Меңгереді:** Топпен бірге ойнауды.

Scanned with CamScanner

(30.09.-04.10.2024ж) «Ай-Шах» жек[illegible]меншік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж    Директоры м.а [signature] Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балалар көңілді әуен ырғағымен залға келіп кіреді.<br>Айналайын балалар, Маған қарап тұрыңдар.<br>Аяқтарды тік түзеп, Амандасып алыңдар. Сәлем, сәлем, балақай,<br>Айналаға қараңдар. Музыка залының бір бұрышы күзге лайық көрнекі құралдармен жабдықталған.<br>Бұл қай мезгіл балалар? Балалардың назарын көрнекі құралдарға аударып, қызықтырып, жайғасып отыруларын сұрайды.<br>Үнтаспадан күркіреген найзағай мен жаңбыр дыбысы естіледі. Ілінген үлкен бұлт пен Күнге балалардың назарын аударады.<br>**Музыка тыңдау: "Жаңбыр"** (Еденге бұлттың кішкентай пішіндері мен күннің шуақтарын араластырып, алдын-ала дайындап қою).<br>**Дауыс жаттығуы:** «Күз» жаттығуын айтып, дауыс ырғағын дайындайды.<br>**Ән айту: "Күн мен жаңбыр"** Әнді айтып беру, атрибуттарды қолдарына ұстатып, қозғалтып, қимылдарды үйретеді, қайталатады.<br>Балалар, балалар! Қараңдаршы, Күннің көзі күліп тұр! Шуағын шашып тұр!-деп, әуенге сай қимыл-қозғалыстарды көрсетіп, қайталатады.<br>"Жау жаңбыр" ойыны. Әр балаға барабан таратылады, екі таяқшасымен барабанды соғып, "қатты", "жәй" дыбыстарын тыңдатып, ажыратқызу.<br>"Күн мен жаңбыр" әуенін ойнатып, жаңбыр жайлы айтылғанда, таяқшамен жәй соғып, "бұлттар төніп тұрады" деген жерінде, барабанды таяқшамен қаттырақ ұрып көрсету. Күн жайлы айтылғанда таяқшаларды жоғары көтеріп, біріне-бірін ұрады. Ырғақты тыңдап, үлестірмелі құралдарды қалай пайдалану керектігін көрсетіп, ойынға қызықтырады. | Балалар залға көңілденe кіреді. Шеңбер бойымен жүріп келіп, бір қатарға тұрады, әнді тыңдайды. Балалар көңілді амандасады.<br>Жеміс-жидек пісетін, сары жапырақ түсетін "Алтын күз" мезгілі.<br>Балалар күркіреген дыбысты тыңдап, бұлтқа қарайды, көңілді әуенді тыңдайды.<br>Балалар әннің мәтінін, әуенін тыңдап, қимылдар жасауға тырысады. Балалар күн шуағын ұстап, "күн күледі ля-ля-ля"-деп айтуға тырысады.<br>Ойынға қызығып, көңілді ойнауға тырысады. Балалар барабанды көрсетілгендей соғуға, жақсы орындауға талпынады және ырғақты сезіне ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әуенді тыңдауды, айтуды.

**Игереді:** Таяқшаларды ұстауды, барабанды ырғақпен соғуды.

**Меңгереді:** Жүгіруді, ырғақпен шапалақтауды, қолдары мен саусақтарын қимылдатуды.

Scanned with CamScanner

(07.10.-11.10.2024ж«Ай-Шах» жеке сәбилер бақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж      Директоры м.а ______ Жамишева Г

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі*

*«Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Балалар көңілді әуен ырғағымен залға келіп кіреді.<br>Балаларды "Сәлем, сәлем, балақай әуенімен қарсы алу.<br>Шеңбер бойымен жүріп, қатарласып тұруды, әуенге қосыла қайталап айтуды үйрету. балаларға әуеннің сәлемдесу әні екенін айтып түсіндіру.<br>**Балаларға "Күн мен жаңбыр" (Г.Абдрахманова)** қайталату.<br>Зал іші күз мезгілі бейнеленген және күннің жарқырап күліп тұрған, жаңбырдың себелеп жауып тұрған суреттерімен безендіріледі.<br>Күн жайлы айтылғанда шапалақ ұруды сұрау.<br>Шуақтармен ырғақтарды қайталап көрсету.<br>Жаңбыр жайлы айтылғанда "тырс-тырс" деп, айта отырып, оң қол саусақтарын сол қол алақанына тырсылдатуды естеріне түсіреді, үйретеді, қайталатады.<br>Әнді еркін айтуларын сұрайды.<br>**"Күн мен жаңбыр" ойыны.** Үнтаспадан жаңбыр үні естілгенде қолшатыр астына тығылу. Әннің қайырмасында жеңіл секіріп, би қимылдарын жасау. Ойын екі-үш рет қайталанады. | Балалар залға көңілдене кіреді. Балалар әуенді тыңдай жүріп залға кіреді, жүреді,қатарласып тұрады. әуеннің, *сәлем, келеміз, алақай* сөздерін айтуға тырысады<br>Балалар әуенді естеріне түсіреді.<br>Күз, жаңбыр, Күн, су бейнеленген суреттерге қарап, дұрыс айтуға талпынады.<br>Ырғақтарды шапалақпен соғуды қайталайды.<br>"Тырс-тырс" сөздерін анық айтып, саусақтарын тырсылдатады. Күн күркірегенде, қолшатыр астына тығылады.<br>Әуенге ілесіп, өкшесін қоюға, секіруге, бір орында тұрып, айналуға машықтанады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы тыңдауды, есте сақтауды, әнді сүйемелдеумен ілесе айтуды.

**Игереді:** Әуеннің ырғағына қарай жасырынуды, таяқшаларды ұстауды, саусақтарын тықылдатып соғуды.

**Меңгереді:** Шапалақ соғуды шуақтарды ұстап, сермеуге дағдыланады.

Scanned with CamScanner

(21.10.-26.10.2024ж «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а __________ Жамишева Г

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі***

***«Балапан» Ортаңғы топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балалармен көңілді амандасу. Күз мезгілінде бау-бақшадағы піскен жеміс-жидектер жиналады. Слайдпен көрсете отыра әңгімелейді. Күздің соңында ағаштардың бәрі босайды, ал, мына ағаштың басында жалғыз алма қалып қойыпты. Қоян секіріп алмаға жете алмайды. Содан кейін ұшып бара жатқан қарғаға: "Маған алманы алып бер"-деп, бұйырыпты. Қарға алманы үзіп жатқанда, алманы жерге түсіріп алады. Алма жорғалап бара жатқан кірпінің үстіне түсіп, оны кірпі үйіне алып кетеді.<br>Ал, балалар жүріңдер, Әнді тыңдап көріңдер,-деп, Г.Абдрахманованың ертегіге арнап жазылған "Алма саған ризамыз, Дөңгелене қоршаймыз" әнін орындау. Балаларды шеңбермен алып жүру.<br>Қимыл-қозғалыспен әнді айтуға үйрету. Балалар алманы алуға не келді?<br>-Онда қоян болып секірейік. -Одан кейін не келді? -Кәне, кәне, ұшайық, Қанатымызды қағайық. -Тағы да, не келді? -Алманы қайсысы алып кетті?<br>**Музыка тыңдау: "Күз"( С. Кибирова).** Балалар ертегіні әрі қарай музыка әуенімен тыңдап, не болатынын білейік. Сөйтіп кірпі алманы алып бара жатса, Қоян мен қарға жібермей: "Менікі, менікі"-деп, таласыпты. Осы кезде алдарынан аю шыға келіпті де:<br>-Мені оятып жіберген кім, а-а-а-а?-деп ақырыпты. Балалар кәне бәріміз орнымыздан тұрып аюмен бірге, қорбаңдап жүріп ән айтайық.<br>**Музыка тыңдау: "Қоңыр аю, қорбаңбай" (Б.Далденбай).**<br>Аю сәл ойланып барып, алманы бәріне бірдей бөліп беріпті де, барлығын татуластырыпты.<br>Ойнаймыз, ойнаймыз, Ойынға біз тоймаймыз.<br>**Ойын:"Қандай жеміс жетіспейді? "** (Есте сақтау қабілетін шыңдауға арналған ойын).<br>Қоян бізге көп жемістер беріп жіберіпті. Балаларға жемістерді көрсетіп, аттарын атап айтқызу.<br>Бәрін көрсетіп барып бетін орамалмен жабады. Сездірмей бір жемісті алып қояды да, қайтадан сұрайды. | Балалар залға бірінің-- соңынан бірі кіріп қатарға тұрады. Амандасады.<br>Суреттерге мұқият қарап, ертегіні тыңдайды. Көргендерін айтады.<br>Қоян келді.<br>Қарға ұшып келе жатыр.<br>Кірпі алманы алып кетті.<br>Балалар шеңбермен жүріп, музыканы тыңдайды. Ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын қайталайды.<br>Қоян келді. қоян болып секіреді.<br>Қарға келді. Қарға болып қанат қағады.<br>Кірпі келді. Алма Кірпінің үстіне түсті.<br>"Алмаға таласып жатыр" деп айтуға тырысады.<br>Балалар аюдың келуі жаттығуын жасайды. Балалар аюға алманың оқиғасын айтып береді.<br>Ойнаймыз.<br>Алма, алмұрт.<br>Балалар көріп, келесі ойнағанда естеріне сақтап қалуға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы тыңдауды, әңгімелеп айтуды.

**Игереді:** Музыка әуенімен Аю,Кірпі, Қарға ,Қоян қимылдарын жасауды, жемістерді ұстауды.

**Меңгереді:** Музыка ырғағымен шеңбермен жүру, шеңберді кішірейту, үлкейту қимылдарын біледі.

Scanned with CamScanner

(28.10.-01.11.2024ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а Жамишева Г

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі***

***«Балапан» Ортаңғы топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Музыка залында балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда, сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау.<br>Бір шаңырақта табысқан,<br>Дос-бауыр көп, туысқан.<br>Отан ортақ үйіміз,<br>Көңілді ән мен күйіміз. Е.Өтетілеуұлы. Балалар достық дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Арамызда басқа ұлттың да балалары бар; қазақ, орыс, т. б. Бірақ біз бір-бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішіп, бірге ұйықтаймыз. Әрқашан осындай тату болуымыз керек.<br>Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықтық музыкасын құрметтеуіміз керек.<br>**Музыка тыңдау: «Жайдарман» (Қазақтың халық әні).**<br>–Ән көңілді ме, көңілсіз бе? Бұл әнге қосылуға, би билеуге болады.<br>-Ән сендерге ұнады ма? Әнді айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп алу. Өткен сабақтағы әндерді қайталап, не туралы екенін, қала айтылу керектігін еске түсіру.<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән үйрену: «Ағайынбыз бәріміз» (М. Әубәкіров, Ә.Дүйсенбиев).** әнін айтып үйренуді ұсынады. Әнді орындап береді, қандай сипатта екенін сұрайды.<br>**Ойындар, хороводтар** «Кешікпе» (Орыс халық әуені.) Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарын шапалақтайды. Соңғы аккорд берілгенде тұрған жерінде отыра қалады. Кім соңында қалса, сол бала айыбын өтейді.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Көңілді сылдырмақтар әні»** | Балалар музыка залына көңілді әуенмен кіреді. Бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.<br>Балалар жауап беруге тырысады. Достық туралы түсініктерін жеткізеді.<br>Балалар музыканы тыңдай отырып, жауап беруге талпынады.<br>Балалар дауысты қалыпқа келтіріп, жаттығулар жасайды.<br>Әнді мазмұнын түсіне отырып үйренеді. «Ортақ» деген сөздің мағынасын түсіндіруге тырысады.<br><br>Ойынды қызыға ойнайды.<br><br>Аспаптарды көңілді ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Қазақтың халық әнінен хабардар болуы, халықтық, ұлттық деген сөздерді білуі керек.

**Игереді:** Ортақ, ақпыз, қара, сарымыз, достық деген түсініктерді.

**Меңгереді:** Әуеннің өзгеруін біледі.

Scanned with CamScanner

(Қ-32 - 21.02.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры м.а ________ Наурызбаева Т. К.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі*

*«Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балалар залға «Марш» музыкасымен келеді. Музыка ырғағына ілесіп, аяқтың ұшын басуға, тізбектеліп шеңбер бойымен жүре айту. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.<br>Қуан, шаттан алақай! Қайырлы таң!<br>Қуанатын күн келді. Қайырлы күн, балақай, Күліп шықты күн бүгін! Балалар қолын шапалақтайды. Үстел үстінде қуыршақ Айгүл күтіп отырады. Жанында жататын төсегі.<br>Сөйлемейсің сен неге, Тілің жоқ па қуыршақ?<br>Біз күлгенде күлмейсің, Аңқаусың ба қуыршақ?<br>Бізбен бірге жүрмейсің, Жалқаусың ба қуыршақ? (Р.Тыныштыбаев).<br>Бүгін бізге қонаққа Айгүл қуыршақ келіп отыр. Айгүл жыламайды, күлмейді, жүгірмейді. Бірақ,сендер не істесеңдер де тамашалап қарайды. Өлеңдерді тыңдап, билерді қызықтайды. Айгүлдің жанында төсегі бар, шарщысы, дөңгелегі. Анасы бөпесін бесікке жатқызып, ұйықтатар алдында «Бесік жырын» айтқан.<br>**Музыка тыңдау: «Әлди, әлди бөпем-ай» (Б.Аманжол, Г.Аманжол).**<br>Қуыршақты бесігіне жатқызып «Бесік жырын» айтылады. Әрбір ана сәбиін осылай ұйықтатады. Айгүл ұйқыдан оянды.<br>**Ойын: «Кешікпе» (Орыс халық әуені.)** Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарын шапалақтайды. Соңғы аккорд берілгенде тұрған жерінде отыра қалады. Кім соңында қалса, сол бала айыбын өтеп, өнер көрсетеді. | Балалар көңілді әуенмен музыка залына келеді.<br>Шаттық шеңберінде бір-біріне жылы лебіздерін айтады. Балалар қуыршақ Айгүлмен амандасады, қызықтайды.<br>«Бесік жырын» тыңдайды. Бұл әннің қай кезде айтылатынын ұғынуға тырысады. Ана туралы әнді тыңдайды.<br>Әрқайсысы өз анасы туралы айтып беруге тырысады.<br>Балалар әуеннің ырғағына сай әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде алақандарын шапалақтайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Ананы қастерлей білу керектігін.

**Игереді:** Әнді тыңдай отырып, құндызым, жұлдызым деген сөздердің мағынасын, бесік жырының әуенін ажырата білуді.

**Меңгереді:** Музыканы тыңдай отырып, әуен ырғағына сай қимыл жасауды.

Scanned with CamScanner

**(24.02 - 28.02.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы**

**Музыка жетекшісі:** **Тлеукулова А.Ж** **Директоры м.а** ____________ **Наурызбаева Т. К.**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы** ***Сейсенбі***

***«Балапан» Ортаңғы топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Залға әже болып киінген музыка жетекшісі күтіп отырады. Ортаға дөңгелек үстел үстіне бауырсақ қояды. Әже балалармен амандасады. Балалардан үйлерінде кімдер тұратынын сұрайды. Әкешім, Анашым деген сөздерді айтқызып, ата, әже сөздерін айтуға жетелейді. Балалар мен бәріңнің әжелеріңмін. Қазір ән айтып беремін, сендер ол әннің кім туралы екенін айтасыңдар.<br>**Музыка тыңдау: «Бауырсақ» (Ә.Бейсеуов, Н.Арынова).**<br>Сендердің әжелерің бар ма? Әжелеріңді жақсы көресіңдер ме? Өткен сабақтағы үйреткен «Кәне қызық ойын бар» әнін қайталау.<br>Әже балаларға жаңа ән ала келген екен.<br>**Ән үйрену: «Топ-топ балақан» (М.Арынбаев, А.Асылбек).**<br>Ән кім туралы айтылған? Әже алдымен өзі орындап береді. Мәтінін қайталап, әуенге қосылып, мәтінге сай қимылдармен үйретеді.<br>Ойын: «Айна» Қазақтың халық әні «Қамажай» (К.Қуатбаев). балалар шеңбер жасап, әуенге қосылып жүреді. Әже ортада тұрады. Музыка тоқтағанда әже жүн сабау, киіз басқан, ұршық иірген, айнаға қараған қимылдарды көрсетеді. Балалар әжені қайталайды. | Балалар музыка залында күтіп отырған әжені айнала жайғасады. Отбасы мүшелері туралы айтуға тырысады. Балалар әнді тыңдап, кім туралы айтылғанын айтады. Әркім өз әжесі туралы айтады. Өткен сабақтағы әнді қимылмен жасайды. Балалар жаңа әннің кімдер туралы екенін айтуға тырысады.<br><br>Балалар әженің көрсеткен қимылдарын қайталайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Отбасы мүшелерінің әжесін, атасын, әке-шешесін.

**Игереді:** Отбасы деген түсінікті.

**Меңгереді:** Би қимылдарындағы тұрмыстық қимылдарды көрсету дағдыларын.

Scanned with CamScanner

(..02 - 28.02.2025ж) «Ай-Шах» жекеменш... бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директор м.а:________ Наурызбаева Т. К.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі «Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Залға әже болып киінген музыка жетекшісі күтіп отырады. Ортаға дөңгелек үстел үстіне бауырсақ қояды. Әже балалармен амандасады. Балалардан үйлерінде кімдер тұратынын сұрайды. Әкешім, Анашым деген сөздерді айтқызып, ата, әже сөздерін айтуға жетелейді. Балалар мен бәріңнің әжелеріңмін. Қазір ән айтып беремін, сендер ол әннің кім туралы екенін айтасыңдар.<br>**Музыка тыңдау: «Бауырсақ» (Ә.Бейсеуов, Н.Арынова).**<br>Сендердің әжелерің бар ма? Әжелеріңді жақсы көресіңдер ме? Өткен сабақтағы үйреткен «Кәне қызық ойын бар» әнін қайталау.<br>Әже балаларға жаңа ән ала келген екен.<br>**Ән үйрену: «Топ-топ балақан» (М.Арынбаев, А.Асылбек).**<br>Ән кім туралы айтылған? Әже алдымен өзі орындап береді. Мәтінін қайталап, әуенге қосылып, мәтінге сай қимылдармен үйретеді.<br>Ойын: «Айна» Қазақтың халық әні «Қамажай» (К.Қуатбаев). балалар шеңбер жасап, әуенге қосылып жүреді. Әже ортада тұрады. Музыка тоқтағанда әже жүн сабау, киіз басқан, ұршық иірген, айнаға қараған қимылдарды көрсетеді. Балалар әжені қайталайды. | Балалар музыка залында күтіп отырған әжені айнала жайғасады.<br>Отбасы мүшелері туралы айтуға тырысады. Балалар әнді тыңдап, кім туралы айтылғанын айтады.<br>Әркім өз әжесі туралы айтады. Өткен сабақтағы әнді қимылмен жасайды.<br>Балалар жаңа әннің кімдер туралы екенін айтуға тырысады.<br><br>Балалар әженің көрсеткен қимылдарын қайталайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Отбасы мүшелерінің әжесін, атасын, әке-шешесін.

**Игереді:** Отбасы деген түсінікті.

**Меңгереді:** Би қимылдарындағы тұрмыстық қимылдарды көрсету дағдыларын.

Scanned with CamScanner

(17.02 - 21.02.2025) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директор м.а: Наурызбаева Т. К.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі «Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Балалар залға «Марш» музыкасымен келеді. Музыка ырғағына ілесіп, аяқты нық басуға, тізбектеліп шеңбер бойымен жүре айту. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.<br>Қуан, шаттан алақай! Қайырлы таң!<br>Қуанатын күн келді. Қайырлы күн, балақай, Күліп шықты күн бүгін! Балалар қолын шапалақтайды. Үстел үстінде қуыршақ Айгүл күтіп отырады. Жанында жататын төсегі.<br>Сөйлемейсің сен неге, Тілің жоқ па қуыршақ?<br>Біз күлгенде күлмейсің, Аңқаусың ба қуыршақ?<br>Бізбен бірге жүрмейсің, Жалқаусың ба қуыршақ? (Р.Тышқанбаев).<br>Бүгін бізге қонаққа Айгүл қуыршақ келіп отыр. Айгүл жыламайды, күлмейді, жүгірмейді. Бірақ,сендер не істесеңдер де тамашалап қарайды. Әндеріңді тыңдап, билеріңді қызықтайды. Айгүлдің жанында төсегі бар, шаршаса, демалады. Анасы бөпесін бесікке жатқызып, ұйықтатар алдында «Бесік жырын» айтқан.<br>**Музыка тыңдау: «Әлди, әлди бөпем-ай» (Б.Аманжол, Г.Аманжол).**<br>Қуыршақты бесігіне жатқызып «Бесік жыры» айтылады. Әрбір ана сәбиін осылай ұйықтатады. Айгүл ұйқыдан оянды.<br>**Ойын: «Кешікпе» (Орыс халық әуені.)** Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарын шапалақтайды. Соңғы аккорд берілгенде тұрған жерінде отыра қалады. Кім соңында қалса, сол бала айыбын өтеп, өнер көрсетеді. | Балалар көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шаттық шеңберінде бір-біріне жылы лебіздерін айтады. Балалар қуыршақ Айгүлмен амандасады, қызықтайды.<br>«Бесік жырын» тыңдайды. Бұл әннің қай кезде айтылатынын ұғынуға тырысады. Ана туралы әнді тыңдайды.<br>Әрқайсысы өз анасы туралы айтып беруге тырысады.<br>Балалар әуеннің ырғағына сай әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде алақандарын шапалақтайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Ананы қастерлей білу керектігін.

**Игереді:** Әнді тыңдай отырып, құндызым, жұлдызым деген сөздердің мағынасын, бесік жырының әуенін ажырата білуді.

**Меңгереді:** Музыканы тыңдай отырып, әуен ырғағына сай қимыл жасауды.

Scanned with CamScanner

(03.03 - 07.03.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ________ Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Жетекші балаларды көңілді карсы алып, амандасу жаттығуын айтуды ұсынады. Дыбыстарды таза айтуды үйрету. Балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді. Би ырғақтарын шумақ қайырмасына нақты келтіру керек. Қимылдарды шатаспай еске сақтау үшін, сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.<br>Б Дәлденбай өңдеген Хайләйлім балаларды жайлауға баруға шақырады. Балалармен жайлауға келдік енді демалайық деп музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады. Боталардың желісі. Е. Хасанғалиев шығармасының сипатын түсіндіреді. Еркетайым әнін жылдам көңілді сипатта орындалады Ана әлдиі асықпай сабырлы сипатта орындалады. Балалар қосыла оындауы үшін үлестірмелі төлдер картошкалары беріледі балалар музыканы тыңдап әуенді ажырата білуге дағдыландыру үйрету. Екі үш мәрте қайталау Шығарманың үзінділерін тыңдау. Төлдерді қатарласып тұрып арнайы ойнатылған музыкамен шауып барып белгіні айналып келіп орнына тұрады.<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән үйрену:** «Анашым» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). Балаларға ән мәтіні және әуені үйретіледі.<br>**Ойындар, хороводтар:** Кімге қай төл ұнайды?<br>Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп сол төлдердің дыбысталуын қимылын әр бала жеке жеке көрсетеді. Бұл ойынды жылдам ұйымдастыру керек. Өтпесін әр кеш құр, Ойнаймыз оркестр.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы:** «Айгөлек» әуеніне қоңырау, үшбұрыш, бірнеше металлофон аспаптарында ойнауды жалғастырады. Әуеннің ырғағын сезіне, өз реттіліктерін сақтауын қадағалау. | Балалар кіреді. Амандасу жаттығуын айтады. Балалар залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға тырысады.<br>Шығармаларды отырып тыңдайды.<br>Бірінші шығарманың сипаты жігерлі<br>Екінші шығарманың сипаты көңілді<br>Үшінші шығарманың сипаты сабырлы.<br>Балалар төлдер атрибутын таңдап киіп дауысын қимылын салуға тырысады.<br>Балалар ойынды жалғастырады, төлдер болып жарысады.<br><br>Ойынға ұйымшылдықпен белсене қатысады.<br>Ойынды қызыға ойнайды.<br>Аспаптар дауысын естіп түрлерін ажыратып айтады.<br>Оркестрде ойнауға қызығушылықтары артып, көңілденеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыканы тыңдап сипатын ажыратуды. Әнің мәтінін мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** Музыканы тыңдап, ойын арқылы төлдерді табуды.

**Меңгереді:** Музыка музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды.

Scanned with CamScanner

(11.0³ 14.03.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік ба ақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры _______ Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Төрде Наурыз дастарханы жайылған. Дастархан басында ата мен әже отырады. Мерекелік музыка қойылып, көтеріңкі көңіл-күймен келген балаларды ата мен әже екеуі қарсы алады. Ата мен әже балаларды жылы ықыласпен дастархан басына жайғастырады. Міне, бүгін Наурыз мерекесі тойланып жатыр. Мерекеде халқымыз бір-біріне деген өкпе-назын ұмытып, құшақтасып қауышады, төс қағыстырады. Бір-бірінің үйлеріне кіріп, адал астан ауыз тиеді. Қыстан аман-есен шыққан халық бүгінгі күн мен түн теңелген күні дастархан жасап тойлайды. Дастарханға құрт, ірімшік, жент, бауырсақ, неше түрлі ұлттық тағамдар қойылады. Жеті түрлі тағамнан наурызкөже жасалады. Келер жылға аман жетейік деген тілек тілейді.<br>**Музыка тыңдау: Дәулеткерейдің күйі «Қосалқа».** Бұл күйде әсем киінген ару қыз бейнеленген. Мұқият тыңдасаңдар, сырғалары сыңғырлап, шашбаулары сылдырлап, әдемі дыбыс беріп тұр. Балалар қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?<br>**Ойындар, хороводтар: «Тақия тастамақ»**<br>Ойым бар бір ойын бастамақ,<br>Аты оның «Тақия тастамақ».<br>Мұқият болыңдар бәрің де,<br>Ым қағып жүрмесін қас-қабақ.<br>Ақырын аспаймын, саспаймын,<br>Шеңберді айнала бастаймын,<br>Біріннің тұсыңа жеткенде,<br>Білдірмей тақия тастаймын.<br>(Ойын екі үш рет ойналады).<br>**Ән үйрену:** Балалар өткен сабақта үйренген ана туралы, көктем туралы әндерді қайталайды. Наурыз туралы ән үйрену.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Балалар көтеріңкі көңіл күймен ата мен әже отырған жерге келеді.<br>Атамен, әжемен амандасады.<br>Наурыз туралы әңгімелерді мұқият тыңдайды.<br>Балалар ұлттық тағам туралы әңгімелерді мұқият тыңдайды.<br>Балалар наурыз туралы тақпақтарын, әндерін айтады.<br>**Дәулеткерейдің «Қосалқа».** күйін тыңдайды.<br><br>Балалар ұлттық ойын «Тақия тастамақты» ойнайды.<br><br>Балалар өткен сабақтағы үйренген әндерін орындап береді.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Наурыз мерекесі туралы, ұлттық салт-дәстүр туралы білуді.

**Игереді:** Наурыз, наурыз көже туралы түсініктерді.

**Меңгереді:** Қазақтың әндерін жеке және хормен орындауды.

Scanned with CamScanner

(17.03 - 20.03.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды үнтаспада орындалған "Сарыарқа" күйімен залда қарсы алады. Балаларды әже күтіп алады. Әже арнайы ауылдан келгенін, Наурыз туралы әңгімелеп бергісі келетінін айтады.<br>-Балалар, Наурыз жаңа күн деген мағнаны білдіреді. Наурыз мерекесіне жеті түрлі дәм қосылып, наурызкөже дайындалады. Жұрт бір бірін мерекемен құттықтайды. Жастар алтыбақан құрып, ән салады, би билейді. Сендер Наурыз туралы не білесіңдер? Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Жетекші музыка тыңдауды ұсынады.<br>**Музыка тыңдау: "Қамажай" (Қазақтың халық әні).**<br>Әже: Қамажай-халық әні, біз жас кезімізде алтыбақан теуіп, осы әнді айтушы едік. Бұл әнге билеуге де болады. Айтыңдаршы балалар, ән көңілді ме көңілсіз бе? Жетекші әжеге балалардың әндерін тыңдауды ұсынады.<br>**Дауыс жаттығуы: «Көктем».**<br>**Ән үйрену: "Наурыз" (А.Досмағанбет, Ж.Мұхамеджанов).** Музыка жетекшісі әжеге арнап, осы әнді үйренетіндерін айтады. Ән көңілді, ойнақы. Наурыз тойында бір бірінің үйіне қонақтап баратыны айтылады. Балалар әжемен қосылып, бірге ән айтып үйренеді. Әнді айтып болған соң, әже балаларды ойынға шақырады. Дорбасынан ала келген сылдырмақтарды шығарады.<br>**Ойындар, хороводтар:** "Сылдырмақтар". (С. Майкапар). Балалар музыкаға ілесіп, залда еркін, ойыншықты сылдырлатып жүгіреді. Ортада әже тұрады. Әуен қайталанғанда орындарынан тұрып, ырғаққа қосылып сылдырмақты сылдырлатады. Әуен өзгергенде сылдырмақты жасырып әжеге жақындайды. Музыка соңында әже балаларды қуады, балалар қашады.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдыр-Сылдыр, Сылдырмақ»** | Балалар кіреді, амандасады.<br>Балалар залға келеді. Әжемен амандасады. Әженің әңгімесін тыңдайды.<br>Балалар әжеге наурыз туралы өздерінің білгендерін айтып беруге тырысады.<br>Балалар музыка тыңдайды.<br>Әженің сұрақтарына жауап беруге тырысады. балалар әже, ана туралы әндерін айтады. Балалар алдымен мәтінін үйреніп, содан соң әнімен айтады.<br><br>Әжемен ойын ойнайды.<br><br>Сылдырмақтарды ырғаққа ілесіп сылдырлатуға тырысады. Ойын соңында әжеден қашады.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Наурыз мерекесі туралы, ұлттық салт-дәстүр туралы

**Игереді:** Наурыз, наурыз көже туралы түсініктерді.

**Меңгереді:** Қазақтың би элементтерін, әнді жеке және хормен орындауды.

Scanned with CamScanner

(24.0.- 28.03.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ________ Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен бастайды.<br>Балаларға би қимылдарын үйретеді. Шеңбер бойымен жұптасып жүруді, өз орындарына келіп тұруды көрсетеді. Ал балалар, балалар, Саяхатқа шығайық. Ормандағы аңдарға, Көлікке мініп барайық! Балаларды отырғызып, «Вальс» Қ.Шілдебаев. шығармасын демала отырып тыңдауды ұсынады. Балаларға орман ішіндегі аялдамада кездескен ағаштарда тапсырма болатынын айтады. Бірінші кездескен аялдамадағы ағаш бұтағынан тапсырманы алады. Аюлардың вальс билеген суреті.Жетекші тапсырманы алып, үйге келгеннен кейін ашатынын айтады.Келесі аялдамадағы ағашта қояндардың билеп тұрған суреті.<br>Жетекші Балалар қояндар қалай билейді? «Көңілді би» Ө.Байділдаев шығармасын тыңдауды ұсынады. Үшінші аялдамада ағаштағы тапсырма қасқырлардың марш ырғағымен жүріп бара жатқан суреті. «Мерекелік марш» И.Леви шығармасын тыңдатады. Балалар қасқырлар қалай жүріп бара жатыр? Осымен саяхатымыз аяқталды. Ал енді балалар, суреттегі шығармалардың түрлерін айтып беріңдерші. Бірінші кездескен аялдамада аюлар қорбаңдап жүретінін, баяу вальс ырғағымен созылыңқы, сабырлы сипатта билегенін түсіндіреді. Келесі аялдамада қояндар шапшаң, жеңіл секіріп, көңілді билегенін түсіндіреді. Үшінші аялдамада қасқырлар марш ырғағымен, жігерлі жүріп бара жатқанын түсіндіреді.<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән үйрену: «Бақшаға келемін» Ө. Байділда, К. Сүлейменов.**<br>**Ойындар, хороводтар:** «Бұл не?» Аңдар бейнеленген суреттерде төлдерін енелерінің қасына апарып қою, табу. Мысалы: Қонжықтың суретін алып, ана аюдың қасына қояды. Өз анасын тауып береді. (Ойын екі үш рет ойналады).<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Балалар кіреді, амандасады.<br>Балалар шеңбер бойымен жүріп, өз орындарын табуға, қимылдарды қайталап үйренуге талпынады.<br>Балалар музыканы тыңдап, шеңбермен көлікке мініп жүргендей кейіп танытуға тырысады. Балалар жайғасып отырады, музыканы тыңдайды. Балалар шеңбермен жүріп айналып келеді.<br>Қояндар көңілді билеп жатыр.<br>Шығарманы мұқият тыңдайды. Марш ырғағын тыңдайды. Қасқырлар марш ырғағымен жүріп бара жатыр.<br>«Вальс» ырғағы баяу, созыңқы, сабырлы.<br>Қояндар көңілді жеңіл биледі.<br>Балалар дауыс ырғағын маршпен жоғары төмен көтере түсіре орындайды.<br>Әнді көңілдене айтуға тырысады.<br>Балалар ойынға көңілдене қатысады.<br>Төлдерін аналарына тауып береді.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Музыкалық шығармаларды сезінуді, сипатын ажыратуды, әнді сезіне айтуды.

**Игереді:** Музыкалық шығармаға, мазмұнына бейнеленген суреттердің сипатын ажыратуды, музыкалық дидактикалық ойынды, музыканы тыңдап, төлдердің анасын табуды.

**Меңгереді:** Музыкалық шығармаларды тыңдап, ырғақтарды сезіне би қимылдарын жасауды.

Scanned with CamScanner

(31.03 - 04.04.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік [illegible]алабақшасы

Музыка жетекшісі: <u>Тлеукулова А.Ж</u> Директоры ____________ Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| [illegible] | Балаларды көңілді карсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен бастайды.<br>Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады.<br>Үнтаспада «Жануарлар әлемі» әуені ойналып, құстардың қанат қағуын көрсете жеңіл жүгіруді ұсынады. Көктем мезгілі келіп, құстар да орала бастады.<br>Ендеше, құстар туралы жұмбақ шешейік.<br>Көктемде ұшып келеді, Жаздай концерт береді.<br>Өз атын өзі шақырады, Сөйтіп күнді батырады.<br>Көктемгі тоғайға серуенге шақырады. «Полька» әуені ырғағымн балаларға «тастан секіру», «шалшық судан аттау», «бөрене үстімен жүру» қимылдарын көрсетуді ұсынады. Үнтаспадан құстардың дауысы естіледі. Құстардың даусын ажыратуларын сұрайды. Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл» (Қ.Шілдебаев, А.Асылбек) үйретіп, дұрыс тыныс алуларына, дауыс ырғақтарына көңіл бөледі.<br>Ән үйрену: «Көктем» (А.Жайымов, Қ.Сыдықов) әнін орындап, мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді. Орындау барысында, ырғақтық ерекшеліктеріне тоқталу. Дыбыс ұзақтығын алақандарымен шапалақтау арқылы көрсету.<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ойындар, хороводтар:** «Не қалай шақырады?» (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек)<br>Балаларға қарға, көкек, шымшық атрибуттары кигізіледі.<br>Ән мазмұнына сәйкес құстар әндетіп ұшады, дауысын салады.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»** | Балалар кіреді, амандасады.<br>Балалар шеңбер бойымен жүріп, өз орындарын табуға, қимылдарды қайталап үйренуге талпынады.<br>Құстардың қанатын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, аяқ ұшымен жүгіреді.<br>Бір орында айналады.<br>Балалар тақпақты бірге қайталап, еске сақтауға тырысады.<br>Жұмбақтардың жауабын ойлана, қызыға шешіп табады.<br>Бұлбұл.<br>Көкек.<br>Тоқылдақ.<br>Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау, қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды.<br>Отырып демалуға жайғасады.<br>Құстар үнін естіп елеңдейді, қызығушылықтары артып, сүйсіне тыңдайды. Дауыстарын ажыратып, аттарын атап айтуға тырысады.<br>Әнді тыңдап, көкектің дауысына бірге қосыла әндетеді.<br>Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әннің сипатын қабылдау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әуенге сай түрлі қимылдарды орындауды.

**Игереді:** Музыка сипатына сай, әртүрлі әуендерді ажыратуды, салыстыруды, жаңа әннің мәтіндік және музыкалық мағынасын түсінуді,

**Меңгереді:** Өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды.

Scanned with CamScanner

**(07.04 - 11.04.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік б[illegible] бақшасы**

**Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж** **Директоры ______ Есжанова А. Б.**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі – Бейсенбі «Болашақ» МАД тобы***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балалар көңілді әуенмен музыка залына кіреді.<br>Санамақ айтып, көңілденуге шақырады.<br>Кел санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап,<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз.<br>Бас бармағым- атам,<br>Балаң үйрек –әжем.<br>Ортан терек- әкем,<br>Шылдыр шүмек-анам,<br>Титтей бөбек мен.<br>**Музыка тыңдау: «Жан анам»**<br>Отбасы туралы әңгімелесу. Туыстарына өлең-тақпақтар арнау. Атам маған әманда, Әдепті жан бол деген.<br>Ата сөзі санамда, Жасы үлкенге жол берем. (А.Асылбек).<br>Мейірімді апалар, Балалар одан бата алар. Қалтасына кәмпит сап, Немереге апарар.<br>Жүзімізге қараңыз, Бал күлкілі баламыз. Бізге қымбат күншуақ, Бізге қымбат анамыз. (Ф.Оңғарсынова).<br>Ең сүйікті де, бізге ең жақын адам кім?<br>Неліктен анамызды күнге теңейміз?<br>**Дауыс жаттығуы «До-Ре-Ми».**<br>**Ән үйрену: «Екеуміз әйбат баламыз» (И.Нүсіпбаев, О.Әубәкіров).** әнді орындап, сипаты мен көңіл-күйін, мағынасы мен мазмұны туралы сұрайды. Ән қалай орындалады? Сендер аналарыңа қалай көмектесесіңдер? Әннің мәтінін үйретіп, әуенін есте сақтау үшін ырғақты шапалақпен көрсетулерун сұрайды.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Менің туыстарым» Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, бастаушы ортада тұрып, допты кез-келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала отбасы немесе туыстары туралы өлең-тақпақ айтып, ән орындауына болады. Ойынға белсене қатысқан балаларды мадақтау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: «Сылдырмақ»**<br>Музыкалық аспаптар дауыстарының анық шығуын, ұстау тәсілін бақылау. | Балалар көтеріңкі көңіл-күймен би қимылдарын еркін орындап, ырғақты сезіне билейді. Шеңбер бойына тұрып, санамақты саусақтарымен көрсете, сөздерін анықтап айтады.<br><br>Ана.<br><br>Ойын барысында өздері білетін, үйренген тақпақтарын, әндерін орындайды. Допты ептілікпен қағып алуға тырысады.Өз туыстары туралы білетін өлең-тақпақ айтып, әндерін айтып, ойынды қызықты етіп өткізуге тырысады |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Шығармалардың айырмашылықтарын ажыратуды , әнді динамикасын сақтап орындауды.

**Игереді:** Әнді әсерлене орындауды, ырғақтық динамикалық белгілерді қолдануды , ойын шарттарын сақтауды.

**Меңгереді:** Ән мазмұнын тыңдап әңгімелеуді, әуенге сәйкес мәнерлеп қозғалуды.

Scanned with CamScanner

(28.04 - 02.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ________ Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі «Балапан» Ортаңғы топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Музыка жетекшісі балаларды себет толы әдемі көктем гүлдерімен қарсы алады. Балаларға гүлдерді таратып береді. Гүлді ұстап көрейік, Ақырындап жүрейік.- деп, өз еріктерімен гүлдерді ұстап, қызықтауға мүмкіндік береді. «Вальс» (Қ.Шілдебаев) ойналып, балаларды гүлдермен биге шақырады. Көктем гүлі көрікті, би билейік көңілді» музыка жетекшісі «Көктем гүлдері» бинің қимылдарын көрсетіп, балалардың бірге қайталап, билеулерін сұрайды. Би соңында балаларға гүлдерді жинап, себетке салуын ұсынады. Жетекші балалардың назарын далаға, күн нұрына аударып, көңілді дауыспен: Балалар, қараңдаршы далаға. Күннің көзі ашылды, Алтын нұры шашылды!- деп, балаларды «Айгөлек» әнімен билеуге шақырады. Тербелу, секіру, екеуден қол ұстасып айналу қимылдарын көрсетіп балалардың іс-әрекеттерін бақылап жүреді. Үнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тамшыларының дыбысы естіледі.Жаңбыр жауды себелеп, Дала қандай керемет!- деп, қолшатырды ашады. Қолшатырға қаш-қаш, Аяғыңды бас-бас! – деп,балаларды қолшатырдың астына жасырынуға шақырады. Бұл кезде педагог жаңбыр тамшыларын бейнелеп, «тамшы»-таяқшаларды қозғай зал ішінде жеңіл жүгіреді. Ойынды екі-үш рет қайталауға болады.<br>Ойын соңында: Күннің көзі ашылды, Жаңбыр жауып басылды!<br>–Енді қалада көлікпен қыдырайық,-деп, автобус макетін көрсетіп,<br>«көлікке - автобусқа жайғасып отыруға» шақырады.<br>Ойын «Көлікке мінеміз». «Машина» әнін (К.Қуатбаев, Т.Тұяқбаев) орындап, «бип-бип» сөздерін қосыла айтуға үйретеді. | Балалар гүлдерді қуана алып, қызықтап қарап таңданады. Балалар шеңбер бойымен тұруға машықтанып, билеуге дайындалады. Көрсетілген би қимылдарын қайталайды. Балалар жүгіре басып, гүлдерді себеке салады. Балалар көңіл бөліп, далаға назар аударады. Балалар көңілденіп, әуенге еркін қимылдап, билеуге талпынады. Бір орында тұрып, айналады, секіреді. Қол ұстасып, айналып тербеледі. Жаңбыр дауысы мен күннің күркірегенін естіп, таңданады. Қолшатырдың астына тығылуға тырысады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әуен ырғағын сезіну, әнге қосылып айта білуі керек.

**Игереді:** «Гүлдер әдемі, жаңбыр жауады, күн жарқырайды» түсініктерін ұғынады.

**Меңгереді:** Гүлдерді ұстап, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасайды, қолшатырдың астына тығылуды, көлікке отыруды меңгереді.

Scanned with CamScanner

**(21.04 - 25.04.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы**

**Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж** **Директоры________ Есжанова А. Б.**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі «Балапан» Ортаңғы топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Ортада дөңгелек үстел жанында әже отырады, айналасында «жайылып» жүрген ойыншық малдар. Жайлаудың көрінісін бейнелеу.<br><br>-Балалар, біз бүгін жайлауға барамыз, әжемізді сағындық, әрі үй жануарлары мен танысып қайтамыз. -Балалар, біз әжемізге қонаққа келдік.<br>-Әже, балаларды үй жануарлрыңызбен таныстырыңызшы.<br><br>Әрбір жануардың атын және олардың төлдерін балалардан сұрайды. Музыка жетекшіс әрбір жануарға арналған әнді айтады. Балалар ән мәтінін тыңдай отырып, сол жануарларды табуы тиіс.<br><br>Әже балаларға ойын ойнауды ұсынады.<br><br>Дидактикалық ойын:» Өз төліңді тап».<br><br>Әже жануарларды өз төлдерінен бөліп араластырып жібереді. Әр жануарлардың жанына өз төлдерін тауып қоюды сұрайды. | Балалар әдемі әуенмен әжелеріне жолға шығады.<br><br>Ұзақ жол жүріп әжелеріне жетеді.<br><br>Амандасады.<br><br>Балалар үй жануарларының аттарын атайды.<br><br>Төлдерін атап, қалай дыбыс шығаратынын дыбыстайды.<br><br>Ән мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Үй жануарларының төлдерін білуі керек.

**Игереді:** Үй жануарларын, төлдерін бір-бірінен ажырата білуді игеруі керек.

**Меңгереді:** Үй жануарларының қимылдарын әуенмен жасауды игеруі керек.

Scanned with CamScanner

(14 18.04.2025ж«Ай-Шах» жекеменшік бөб :ай балабақшасы

**Музыка жетекшісі:** <u>Тлеукулова А.Ж</u> **Директоры** ______ **Есжанова А. Б.**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі «Балапан» Ортаңғы топ***

| | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | Балаларды көңілді қарсы алып. ***Серуендейміз демаламыз.*** (М.Красев) Әуеніне қыдыруға шақыру. Қол ұстап, зал ішінде еркін жүргізу. Әуен соңында тоқтап шеңбер бойымен тұруларын сұрайды. *Ал канекей, тұрайық, Шеңберді біз құрайық.* Балаларға сандықшаны ашып, ішінен аспаптарды (барабан,бубен, қоңырау) алады. *Аспаптарды алайық, Біз оркестр құрайық,*- деп ***«Барабаншы»*** (М.Красев) әуеніне аспапта ойнауға үйрету. Жарайсыңдар балалар. Енді аспаптарды жинайық, отырып демалайық Жайғасып отырыңдар. Әуенді сандықшаны ашып көрейік .Сандықша ашылып, әсем әуен естіледі. Педагог сандықшаға құлағын тосып тыңдағандай болады. Балалар, ғажайып сандықша «Әуенді тыңдап ажырат» деген тапсырма ұсынады. Әуенді мұқият тыңдап, сипатын анықтайық.<br>***Әуенді-дидактикалық ойын. «Ырғағын ажырат» «Итальяндық полька»*** (С. Рахманинов) ***«Бесік жыры»*** халық әні. ***«Жалаушамен жаттығу»*** музыкалары ойналып,балаларға ырғағын ажыратуға тапсырма беріледі.<br>**Дауыс жаттығуы. «Баспалдақ»** Сандықшаны қолына алып, келесі тапсырманы ұсынады.<br>**Музыка үйрену. «Біз бақытты баламыз»** Әнді орындап мұқият тыңдауларын сұрайды. Ән мазмұнын әңгімелеп, сипатын анықтауға ықпал етеді. Әнді екінші рет орындап, ән әуеніне қосылуды және шапалақпен ырғақты көрсетуді сұрайды. Тағы да ғажайып сандықшаны ашып, әуенді тыңдайды. Балалар, ғажайып сандықша бізді көңілді ойынға шақырады.<br>Ойын: «Бәсең және көтеріңкі» Ойын шартын түсіндеріп, қуыршақтарды жай ақырын, және ашық жаркын дауыспен әндете тербетулерін сұрайды. | Балалар қол ұстасып, зал ішінде еркін жүріп қыдырады.<br>Шеңберге құрып тұрады.<br>Сандықшаны көріп, қызығушылықтары артады.<br>Қалаған аспаптарын алып, оркестрге ойнауға дайындалады.<br>Әуенді ырғақты сезіне отырып, аспаптарда ойнады.<br>Балалар аспаптарды жинайды. Жайғасып отырады.<br>Сандықшаның әуенін тыңдап, елеңдейді.<br>Әртүрлі сипаттағы жанырладытыңдап, ажыратады.<br>Таныс әуендердің атын атап, суреттерін көрсетеді.<br>Жаттығуды көңілдене айтады, жауыстары ашылып, ән айтуға дайындалады.<br>Көңілді әнді тыңдап, мәтінін түсінуге тырысады. Ән туралы әңгімелеп, өз ойларын білдіреді. Әнге қосылуға әрекеттеніп, ырғақты шапалақпен көрсетеді.<br>Балалар ойын шартын ұғынады.<br>Қуыршақтарды алып жайғасып отырады. Әнді жай және қатты айтып, ойын шарттарын дұрыс орындайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Түрлі сипаттағы әндерді орындауды, фраза арасында тыныс алуды, би жанрларын ажыратуды.

**Игереді:** Сылдырмақ, бубен, қоңырау аспаптарына әуенге ілесе ойнауды, ойыншықтармен қимыл қозғалыс жасауды.

[illegible]

Scanned with CamScanner

(12.05 – 16.05.2025ж «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

**Музыка жетекшісі:** Тлеукулова А.Ж **Директоры** _______ Есжанова А. Б.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

***Сейсенбі «Балапан» Ортаңғы топ***

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларға «Қазақ маршы» (Е.Затаевич) әуеніне шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Шеңберден шықпай, тізбектеле жүріп, тұлғаларын түзу ұстап, бастарын көтеріп жүрулерін қадағалайды.<br><br>«Жаттығу» (А.Райымқұлова, А.Асылбек) әуеніне шеңбер бойымен тұрып, ән мәтініне сай аяқ топылдатуды, қол шапалақтауды көрсетіп, үйретеді.Балаларды екі топқа бөліп, кезекпен жаттығуды орындауды ұсынады. Балаларға оркестрдің суретін көрсетіп, әртүрлі аспаптар туралы түсінік береді. Балалардан таныс аспаптарды атап көрсетулерін сұрайды. Барлық аспаптардың қосылып, үндесіп, әсем әуен шығаратынын жеткізеді. Музыка тыңдау: «Сарыарқа» күйін үнтаспадан тыңдатады. Күйді сезіне тыңдап, әңгімелесуін сұрайды.<br>Дауыс жаттығуы: «Керней» (Д.Ботбаев, А.Асылбек) айтылып, «та-ра» буындарын анық айту үшін бірнеше рет қайталады.<br><br>Ән үйрену: «Біздің оркестр» әнін балаларға орындап береді.<br><br>Әуенді дидактикалық ойын: «Сырнай мен дауылпаз». Ойын шартын түсіндіреді. Балалардың имитация түрінде аспаптарда ойнау қимылын бірге көрсетулерін сұрайды, әнді ырғағымен, әндете айтуларын қадағалап, ескертеді.. | Балалар тізбектеле, шеңбер бойымен, әуен екпінімен жүреді.<br>Бастарын көтеріп, аяқтарын нық басады.<br>Балалар шеңбер құрып тұрады. Жаттығу көрсеткендер - ішкі шеңберге, шапалақтап тұратындар сыртқы шеңберге тұрады.<br>Суретке қарап, дирижер, оркестр туралы түсінік алады. Таныс аспаптарды атап, суреттен көрсетеді.<br>Күйді тыңдап, әсерленіп көңіл күйлері көтеріледі.<br>Дауыс жаттығуын әндете дауыстап айтуға талпынады. "р" әрпін анық айтуға, дұрыс тыныс алуға тырысады.<br>Көңілді әнге еліктеп, аспаптар атын бірге әндетеді.<br>Әннің мазмұнын түсініп, жеткізе білуге әрекеттенеді. Балалар ойынға белсене араласады. Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнаудыимитация арқылы көрсетеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Көктем құбылыстарын айта біледі.

**Игереді:** Бүршік атты, сай-саладан су ақты деген түсініктерді.

**Меңгереді:** «Қақпа» ойынын ойнауды, әнді нақышына келтіре орындауды.

Scanned with CamScanner

(05.05 - 07.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ________ Есжапова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі «Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі-түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.<br>Келіңдер, келіңдер, Шеңбер құрып беріңдер!-деп, балаларды дөңгелене тұруға бейімдейді. «Орамалмен билейміз» әні. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді. Қызыл, сары, көк, Орамалды алайық. Қолды көкке созайық, Қозғап-қозғап қалайық!-деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын орындауды сұрайды. Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды. Би соңында музыка жетекшісі: Орамалды аламыз, Сандықшаға саламыз,-деп сандықшаға орамалдарды жинайды. Музыка жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп<br>–Қандай әдемі үйшік! Мұнда кім тұрады екн?-деп ақырындап, үйшіке жақындап, үйшіктің есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?»-деп сұрайды. Балалар, шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп шығатын болар,-деп ұсынады. -Енді аяғымызды топылдатайық. Үйшіктің терезесінен педагог Жәмила қуыршақты көрсетіп. -Сәлеметсіңдер ме, балалар!-деп амандасады. Музыка жетекшісі әдемі қуыршақты бірге ойнауға шақырады. Қуыршақ «қуана келісіп» балаларға қосылады.<br>«Полька» (Ю.Слонова) орындалады. Музыка жетекшісі қуыршақтың қолдарын қозғап, шапалақтап, айналып, балалармен «билетеді». | Балалар өздері ұнатқан түстегі орамалды таңдап алады. Көңілді әуен ырғағымен шеңбер бойымен тез тұруға әрекет етеді. Орамалдары ұстаған қолдарын төмен түсіреді, көтереді, бір орында тұрып айналады. Орамалды ақырын қозғайды. Тез-тез қозғайды.<br>Орамалды көтере айналады, бір орында тұрып тербеледі. Балалар жүгіріп келіп, орамалдарды сандықшаға салуға тырысады. Үйшікке таңырқап, қызыға қарайды. Үйшікке ақырын басып жақындайды. Үйшіктің жанына келіп, қатты қол шапалақтайды. Қуыршақты көріп, балалар қол шапалақтап, қуанады. Аяқтарын көңілдене топылдатады. Балалар қуыршақпен амандасады. Ортаға шығып, шеңберге тұрады. Екеуден тұрып айналады, тербеледі, аяқтарын топылдатады, шеңбер бойымен жүреді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек.

**Игереді:** Жәмила қуыршақпен бірге, қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді.

**Меңгереді:** Ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айналады, орамалмен би қимылдарын жасайды.

Scanned with CamScanner

(19.05 – 23.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры_________ Есжанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі «Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Кеңес күйі ойналып, педагог балаларды қарсы алып, ауылға тойға баруға шақырады, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Ұлдарға ат беріліп, қыздардың қолына асатаяқ ұстатылады. Көңілді әуенге қыздарға асатаяқта ойнап, ұлдарға атпен шабуды ұсынады. Балалар тойымызға беретін әндер мен күйлерді тыңдауға шақырамын. ***Музыка тыңдау. «Айжан қыз»***(Құрмангазы) ***«Қамажай», «Хайлэйлім»*** әуендері үнтаспада орындалады. Балаларға әуендердің түрлі сипаттарын ажыратуды ұсынады. ***Дауыс жаттығуы. «Домбыра үні»*** айтылып жаттығу барысында фразалар дұрыс тыныс алуларын қадағалайды. Дауыс ырғақтарын тыңдап бақылайды. ***Ән айту. «Домбыра»*** (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) әнін қайталау. Жетекші ән мазмұнын түсіндіріп, көңілді ырғақты сезінулеріне ықпал етеді. Әннің мәтіні туралы сұрап, балаларды әңгімеге тартады. Тойымызды қызықты ойындармен қыздыра түсейік, деп ойынға шақырады. ***Ойын. «Тақия тастамақ», «Киіз үй»***ойындары ұйымдастырылады. Балалары өздері ұнататын билерін таңдап, өз беттерінше билеуге ерік береді.<br><br>Балаларға ұнататын аспаптарын тыңдап алуға мүмкіндік беріп, ұлтық ұрмалы аспаптардан өз окестрін құрайды. Балалар оркестде Еркем ай әнінің әуенін ойнайды. Әуен ырғағымен аспаптардың өз ретімен ойналуын қадағалайды. Балаларға аспаптарды ұстау тәсілін, ідемі әуен шығара білулерін бақылайды. | Балалар күйді тыңдап, шеңбер бойымен қалыспай жүруге үйретеді. Ұлдар қуана аттарға мінеді, қыздар аспаптарды алады. Қыздар залдың екі жақ шетінде тұрып, асатаяқта ырғақты келтіре ойнайды. Балалар күйді, әуендерді тыңдап, әсерленеді. Түрлі сипаттағы әуендерді қызыға тыңдайды, екпінін ажыратып әңгімелайді. Дығы дығы, дың дың, буындарын анық әуенімен айтуға үйренеді Бірнеше рет қайталап, дауыстарын ашады, еркін әндетеді. Көңілді әнді шарықта айтып, шаттанады. Жақса әсер алады, көңіл күйлері көтеріледі. Ән мазмұнын әңгімелайді. Ойынды қызыға ойнап, белсене қатысады. Ойын шарттын сақтап,ептіліктерін көрсетуге тырысады. Үйренген билерін қайталап, көңілденеді. Би ырғақтарын жеңіл жасап, бірге қимылдайды. Балалар өздері аспаптарды тыңдап, ойнауға талпынады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажыратуды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** Ұрмалы ұлттық аспаптардың үндестігін тыңдап, бірігіп окестде ойнауы.

**Меңгереді:** Ауыспалы әуенге сай би қимылдарын көрсетуді, әнді сипатына, көңіл күйіне сәйкес орындауы.

Scanned with CamScanner

(26.05 – 30.05.2025ж) «Ай-Шах» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А.Ж Директоры ________ Кежанова А. Б.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

*Сейсенбі «Балапан» Ортаңғы топ*

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | Балаларға «Қазақ маршы» (Е.Затаевич) әуеніне шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Шеңберден шықпай, тізбектеле жүріп, тұлғаларын түзу ұстап, бастарын көтеріп жүрулерін қадағалайды.<br><br>«Жаттығу» (А.Райымқұлова, А.Асылбек) әуеніне шеңбер бойымен тұрып, ән мәтініне сай аяқ топылдатуды, қол шапалақтауды көрсетіп, үйретеді.Балаларды екі топқа бөліп, кезекпен жаттығуды орындауды ұсынады. Балаларға оркестрдің суретін көрсетіп, әртүрлі аспаптар туралы түсінік береді. Балалардан таныс аспаптарды атап көрсетулерін сұрайды. Барлық аспаптардың қосылып, үндесіп, әсем әуен шығаратынын жеткізеді. Музыка тыңдау: «Сарыарқа» күйін үнтпаспадан тыңдатады. Күйді сезіне тыңдап, әңгімелесуін сұрайды.<br>Дауыс жаттығуы: «Керней» (Д.Ботбаев, А.Асылбек) айтылып, «та-ра» буындарын анық айту үшін бірнеше рет қайталады.<br><br>Ән үйрену: «Біздің оркестр» әнін балаларға орындап береді.<br><br>Әуенді дидактикалық ойын: «Сырнай мен дағыра». Ойын шартын түсіндіреді. Балалардың имитация түрінде аспаптарда ойнау қимылын бірге көрсетулерін сұрайды, әнді ырғағымен, әндете айтуларын қадағалап, ескертеді.. | Балалар тізбектеле, шеңбер бойымен, әуен екпінімен жүреді.<br>Бастарын көтеріп, аяқтарын нық басады. Балалар шеңбер құрып тұрады. Жаттығу көрсеткендер - ішкі шеңберге, шапалақтап тұратындар сыртқы шеңберге тұрады.<br>Суретке карап, дирижер, оркестр туралы түсінік алады. Таныс аспаптарды атап, суреттен көрсетеді.<br>Күйді тыңдап, әсерленіп көңіл күйлері көтеріледі.<br>Дауыс жаттығуын әндете дауыстап айтуға талпынады. "р" әрпін анық айтуға, дұрыс тыныс алуға тырысады.<br>Көңілді әнге еліктеп, аспаптар атын бірге әндетеді.<br>Әннің мазмұнын түсініп, жеткізе білуге әрекеттенеді. Балалар ойынға белсене араласады. Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнауды имитация арқылы көрсетеді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Көктем құбылыстарын айта біледі.

**Игереді:** Бүршік атты, сай-саладан су акты деген түсініктерді.

**Меңгереді:** «Қақпа» ойынын ойнауды, әнді нақышына келтіре орындауды.

Scanned with CamScanner